ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ



ИНСТИТУТ И

www.ombudsmanbiz.kz

2022

МАЗМҰНЫ

Қазақстанда бизнес-омбудсмен институтының құрылу тарихы 2
Жұмыстың мақсаты 3
Бизнес-омбудсменнің кәсіпкерлерге жолдауы 4
Өкілеттілік 5
Бизнес-омбудсмен институты 6
Бизнес-омбудсменнің орталық аппараты 7
Өңірлер 8
Бизнес-омбудсменнің өңірлердегі кеңселері 9
Өтініштермен жұмыс 10
Жұмыстың стратегиялық бағыттары 11
Операциялық қызмет 12
Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер 13
«Атамекен» ҰКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің құрамы 14
Республикалық кеңес 15
Өңірлік кеңестер 16
Төрелік 17
Кедендік әкімшілендіру 18
Салықтық әкімшілендіру 19
Мемлекеттік органдармен қарым-қатынас 20
Бизнес-омбудсменнің өнімдері 28
Халықаралық ынтымақтастық 29
Жұртшылықты (бизнес-қоғамдастықты) хабардар ету 30

ҚАЗАҚСТАНДА БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

4 ШІЛДЕ 2013 жыл
«ҚР ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ТУРАЛЫ» ҚР ЗАҢЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

27 АҚПАН 2014 жыл
ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ №757 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ» ЖАРЛЫҒЫ ҚАБЫЛДАНДЫ

29 ЖЕЛТОҚСАН 2014 жыл
КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ҮШІН ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТУ ЖӨНІНДЕГІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ, БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУЫ ЕНГІЗІЛДІ

20 МАМЫР 2015 жыл
ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ 100 ҚАДАМЫ ҚАБЫЛДАНДЫ. 54-ҚАДАМ - БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ

1 ҚАҢТАР 2016 жыл
КӘСІПКЕРЛІК КОДЕКСІ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

19 АҚПАН 2016 жыл
ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ №59 ӨКІМІМЕН ПАЛЫМБЕТОВ Б.Ә. ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

14 НАУРЫЗ 2016 жыл
ҰЛТТЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ БАЗАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ КЕҢСЕСІ ҚҰРЫЛДЫ.

24 АҚПАН 2020 жыл
ҚР ПРЕИДЕНТІНІҢ № 92 ӨКІМІМЕН ЖҮРСІНОВ Р.М. ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ЛАУАЗЫМЫНА ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ

Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл жұмысының мақсаты - кәсіпкерлердің билік органдарымен қарым-қатынасы барысында олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау.

Пайымдау
Қолайлы бизнес-ахуал құруға, әрбір кәсіпкер өзін қауіпсіз сезінуі үшін жағдай жасауға белсенді қатысу.

Миссия
Заңнамада көзделген шараларды қолдану арқылы кәсіпкерлерге өз құқықтарын қорғауда жан-жақты көмек көрсету.

Үлес
Бизнес-омбудсменнің кәсіпкерлікті дамытуға қосар үлесі Қазақстан Үкіметі мен мемлекеттік институттарға қолайлы бизнес-ахуалды қамтамасыз етуде жан-жақты жәрдем көрсетуден тұрады.
Қоғамдық мониторинг, мемлекеттік органдардың қызметін талдау, рейтингтер жасау және өнімдерді енгізу арқылы бизнес-омбудсмен кеңсесі бұзушылықтар мен әкімшілік кедергілерді анықтайды. Түрлі алаңдарда бірлескен талқылаулар арқылы мемлекеттік органдармен сындарлы диалог құра отырып, кәсіпкерлердің мүдделерін қорғайды, лауазымды адамдар жол берген нақты бұзушылықтарды да, кәсіпкерлердің құқықтарына жүйелі түрде қысым жасауды да ашып көрсетеді, дауларды шешудің заңды нұсқаларын ұсынады.



«Кәсіпкерлерге орасан зор шығын келтірген мемлекеттік аппарат пен басқа да тұлғалардың ісі ауыр қылмыспен теңестірілуі керек деп санаймын. Бұл мәселені шұғыл түрде заңнамалық тұрғыдан рәсімдеу қажет»

Сот жүйесін жаңғырту мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінен
12 ақпан 2021 жыл

«Елімізге ұлттық экономика мен азаматтардың әл-ауқатының негізі бола алатын мықты, бәсекеге қабілетті жеке бизнес қажет»

Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысында сөйлеген сөзінен
21 сәуір 2021 жыл

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ ЖОЛДАУЫ

Қазақстан бизнес-омбудсменінің басты міндеттерінің бірі кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау болып табылады.

Бизнес көтеретін көптеген мәселелер мұқият талдауды қажет етеді, өйткені олар «таза парақтан» реттеу саясатына қайшы келеді.

Бүгінгі таңда Мемлекет басшысының «таза парақтан» реттеуді енгізу қажеттілігі туралы тапсырмаларын орындау үшін заң әзірленіп, қабылданды.

Осылайша, осы Заңмен жүргізіліп жатқан реформаның іргелі негіздері қаланды, жаңа реттеуші саясаттың негізгі тәсілдері, қағидаттары мен талаптары айқындалды. Бизнес-омбудсмен кеңсесі «Атамекен» ҰКП, ҚР Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, «таза парақтан» реттеуді енгізу бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанына ерекше назар аударғым келеді. Біздің жұмысымыз кәсіпкерлік қызметті жандандыру үшін барынша қолайлы және ынталандыратын жағдайларды қалыптастыруға бағытталған.

Мен бизнес-омбудсмен ретінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органға кәсіпкерлік субъектілерінің шағымдары бойынша қолданыстағы реттеуші құралдар мен талаптарды жою немесе қайта қарау жөнінде ұсыныстар енгіземін.



Жүрсінов Рустам Манарбекұлы,
Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл

1976 жылы 16 ақпанда Өскемен қаласында дүниеге келген. Білімі жоғары, 1998 жылы Қазақ мемлекеттік заң университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша, 2000 жылы Қазақ Мемлекеттік басқару академиясын «Қаржы және несие» мамандығы бойынша, 2013 жылы Мәскеудегі «СКОЛКОВО» басқару мектебін, Executive MBA бітірген. Мемлекеттік органдарда, ұлттық және жеке компанияларда басшылық лауазымдарда үлкен жұмыс тәжірибесі бар. Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл болып тағайындалғанға дейін «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма мүшесі - Басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарды және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының басшысы болды.

ӨКІЛЕТТІЛІК

Уәкіл лауазымға Мемлекет басшысының өкімімен тағайындалады және тек Президентке есеп береді.

Сонымен қатар, Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге Кәсіпкерлік кодексте көзделмеген функцияларды жүктеуге ешкімнің құқығы жоқ. Оның қызметіне қандай да бір заңсыз араласуға жол берілмейді.

Өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде (4 жыл) Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл саяси қызметпен айналысуға құқылы емес, сондықтан саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктердегі мүшелігін тоқтата тұрады.

Бизнес-омбудсмен:

- мемлекеттік органдарға кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөнінде ұсыныстар, сондай-ақ заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді тоқтата тұру жөнінде ұсынымдар енгізуге;
- іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған мемлекеттік органдарға (лауазымды адамдарға) бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуға кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту шараларына қатысты ұсынымдар жіберуге;
- мемлекеттік органдардың пікірімен келіспеген жағдайда ол кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын одан әрі қалпына келтіру мақсатында прокуратура органдарына өтінішхаттар жіберуге;
- мемлекеттік, коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, мемлекеттік органдардан (лауазымды адамдардан) кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін қозғайтын ақпаратты, құжаттар мен материалдарды сұратуға;
- бизнес қоғамдастық атынан сотқа шағым беруге;
- кәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған өзге де заңды шараларды
- қабылдауға құқылы.

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ

Уәкіл лауазымға Мемлекет басшысының өкімімен тағайындалады және тек Президентке есеп береді

Бизнес-омбудсмен қызметін Ұлттық палата қамтамасыз етеді (ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 313-бабы)

ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ (БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН)

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ АППАРАТЫ

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ХАТШЫЛЫҒЫ

Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес (24 мүше)

Аппарат басшысы

Хатшылық меңгерушісі
Бизнес-омбудсменнің баспасөз хатшысы
2-санатты сарапшы

20 кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі өңірлік кеңестер (192 мүше)

Кәсіпкерлер құқығын қорғау департаменті (11 сарапшы)

Бизнес-реттеу және бәсекелестікті дамыту департаменті (8 сарапшы)

Заңнама және өзін-өзі реттеуді дамыту департаменті (6 сарапшы)

Өңірлердегі сектор меңгерушілері 20

Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту жөніндегі өңірлердегі 20 бөлім (71 сарапшы)

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ



Е.Л. ӨСТЕМІРОВ
Аппарат басшысы,
«Атамекен» ҚР ҰКП
басқарма мүшесі



Л.Қ. МЕРСӘЛІМОВА
Аппарат басшысының орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП Заңнама және
өзін-өзі реттеуді дамыту
департаментінің директоры



Қ.Ж. МҰҚАШ
Аппарат басшысының
орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП
Кәсіпкерлер құқығын қорғау
департаментінің директоры



Т.Н. ЕРГЕШБАЙ
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкіл хатшылығының меңгерушісі



А.С. ӘУБӘКІРОВА
Аппарат басшысының орынбасары,
«Атамекен» ҚР ҰКП Бизнес-реттеу
және бәсекелестікті дамыту
департаментінің
директоры



С.Б. ХҰСАЙЫНОВА
Қазақстан кәсіпкерлерінің
құқықтарын қорғау жөніндегі
уәкілдің баспасөз хатшысы

ӨҢІРЛЕР

Бизнес-омбудсменнің өкілдері еліміздің барлық 20 өңірінде бар - өңірлерде 20 сектор меңгерушісі бар.

2022 жылдың сәуір-желтоқсан айлары аралығында Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл барлық өңірге жұмыс сапарымен барды. Өңірлердің әкімдерімен, бизнес-қоғамдастық, құқық қорғау органдары, жергілікті атқарушы органдар өкілдерімен кездесті, кәсіпкерлерді жеке қабылдады.



БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ КЕҢСЕЛЕРІ



Ж.М.МАХМҰТ
Алматы қаласы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



Ж.А. ҚАЗИЕВ
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



Давлетпаев Р.Б.
Заведующий сектором аппарата бизнес-омбудсмена по Костанайской области



Р.Б. КҮЙШІНОВ
Ақтөбе облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



Ж.Б. ШАЖАНБАЕВ
Астана қаласы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



К.Т. ҚАБДИЕВ
Жетісу облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



С.А. ҚҰЛМАХАН
Қызылорда облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



З.Т. ӘМІРОВА
Түркістан облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



А.Т. АСҚАРОВ
Қарағанды облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



С.Х. ЖОЛДЫБАЕВ
Атырау облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



С.М. ӘУБӘКІРОВ
Павлодар облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



С.С. ӘМІРОВ
Маңғыстау облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



Ә.О. МҰҚАШЕВА
Шығыс Қазақстан облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



Р.Е. СЫЗДЫҚОВ
Ақмола облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



М.Қ. НИГИШЕВА
Батыс Қазақстан облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі



С.К. АДАМБЕКОВА
Шымкент қаласы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі




Н.Б. ЕРГЕБАЕВ
Жамбыл облысы бойынша бизнес-омбудсмен аппаратының сектор меңгерушісі

ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС

2022 жылдың 11 айында

4068 өтініш (шағым) түсті



2022 жылы түскен өтініштердің басым бөлігі келесі салаларға қатысты:



2022 жылдың 11 айында бизнесті қорғау бойынша **4068** өтініш түсті, оның ішінде:

- **1886** өтініш (46,3%) оң шешімін тапты;
- **1030** өтініш (25,3%) бойынша түсініктемелер берілді;
- **275** өтініш (6,7%) мәні бойынша шешу үшін қайта жіберілді;
- **786** (19,3%) өтініш қаралуда;
- **91** (2,3%) өтініш бойынша қараудан бас тартылды.

ЖҰМЫСТЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

<table>
<tr><td>Кіріспе</td><td colspan="3">Қолайлы бизнес-климат құру, қәуіпсіз жағдай қалыптастыру</td></tr>
<tr><td></td><td colspan="3">Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру, қамтамасыз ету және қорғау</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Мақсаты:</td><td rowspan="2">Құқық бұзылған жағдайда қорғау
(реактивті бөлім)</td><td colspan="2">Мүдделерді ұсыну және қамтамасыз ету (активті бөлім)</td></tr>
<tr><td>Мүдделерді ұсыну
(активті бөлім)</td><td>Мүдделерді қамтамасыз ету (проактивті бөлім)</td></tr>
<tr><td rowspan="6">Мәні:</td><td>Өтініштермен, шағымдармен жұмыс</td><td colspan="2">НҚА сараптамалары</td></tr>
<tr><td>Мемлекеттік органдармен, прокуратурамен жұмыс</td><td colspan="2">Реттеушілік әсерді талдау</td></tr>
<tr><td>Комиссиялардағы жұмыс</td><td colspan="2">Жүйелі проблемаларды шешу</td></tr>
<tr><td>Жүйелі проблемаларды анықтау</td><td colspan="2">«Таза парақтан» реттеу</td></tr>
<tr><td>Соттарда қорғау</td><td colspan="2">Тиісті қырағылық және бизнес-әріптестердің адалдығын тексеру</td></tr>
<tr><td>Медиация және төрелік</td><td colspan="2">Сатып алулардың ашықтығы және цифрландыру</td></tr>
<tr><td rowspan="4">Алаңдары:</td><td>Қорғау бойынша кеңестер</td><td colspan="2">Соттық смарт-талдау</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Апелляциялық және келісу комиссиялары</td><td colspan="2">Президент жанындағы комиссиялар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Үкімет жанындғы комиссиялар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Мемлекеттік органдар жанындағы ведомствоаралық комиссиялар</td></tr>
<tr><td>Соттар</td><td colspan="2">Мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық және сараптамалық кеңестер</td></tr>
<tr><td>Құралдары:</td><td>Жол карталары</td><td colspan="2">Жұмыс топтары
Қоғамдық талқылаулар
Іс-шаралар жоспары</td></tr>
<tr><td rowspan="8">Өнімдері:</td><td rowspan="5">Тәжірибені жалпылау</td><td colspan="2">Сараптамалық қорытындылар</td></tr>
<tr><td colspan="2">НҚА жобалары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Жүйелі проблемалар тізілімі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сыбайлас жемқорлыққа арнайы шолу</td></tr>
<tr><td colspan="2">Корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттары</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Жүйелі проблемалар тізілімі</td><td colspan="2">Сатып алулардың бірыңғай терезесі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Бизнес-тізілім</td></tr>
<tr><td colspan="2">Реттеуші талаптардың тізілімі, Сот жүйесіндегі жасанды интеллект</td></tr>
<tr><td colspan="2">Шарттар мен талаптардың конструкторы</td></tr>
<tr><td colspan="2">НҚА-ға түсініктемелер</td></tr>
<tr><td rowspan="5">Бағалау:</td><td colspan="3">Клиентке бағдарлану рейтингі</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі</td></tr>
<tr><td colspan="3">Өтініштер бойынша статистика</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жүйелік мәселелер тізілімі</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жарияланымдар саны (БАҚ-пен жұмыс)</td></tr>
</table>

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Ағымдағы бағыттар:

- кәсіпкерлерден түскен өтініштер
- қорғау бойынша кеңестер
- жүйелі проблемалар
- НҚА жобаларын сараптау
- төрелік
- мемлекеттік органдармен қарым-қатынас
- жұртшылықты ақпараттандыру

Өнімдер:

- кәсіпкерлер проблемаларының тізілімі
- сатып алулардың бірыңғай терезесі
- бизнес-тізілім
- «таза парақтан» реттеу/ бизнеске қойылатын міндетті талаптар тізілімі
- сыбайлас жемқорлыққа арнайы шолу
- сот жүйесіндегі жасанды интеллект
- шарттар мен талаптар конструкторы
- бизнестің қарама-қарсы міндеттемелері / корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттары
- НҚА-ға түсініктемелер

Перспективалық бағыттар:

- инвестициялық даулар
- мемлекеттік аппараттың клиентке бағдарлануы
- кәсіпкерлердің қамауға алынуы

КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Бизнес-омбудсмен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің отырыстарына үнемі қатысады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі міндеттерді жедел және жүйелі шешу, сондай-ақ оларды жариялау мақсатында «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасында Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестер жүйесі жұмыс істейді.

Республикалық кеңесті белгілі саяси қайраткер Сүлейменов Қайырбек Шошанұлы басқарады. Кеңес құрамына ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Бас Прокурордың орынбасары, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары, Қаржы мониторингі агенттігі төрағасының орынбасары Есеп комитетінің мүшесі, Ішкі істер министрінің орынбасары, Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің төрағасы, белгілі қоғам қайраткерлері, бизнес-қоғамдастық және БАҚ өкілдері кіреді.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың Кәсіпкерлер палаталарындағы өңірлік кеңестерді осы аумақтық бірліктердің беделді өкілдері басқарады. Өңірлік кеңестердің құрамына облыстар әкімдерінің орынбасарлары, мәслихат депутаттары, облыстар прокурорларының орынбасарлары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Мемлекеттік кірістер департаменттері басшыларының орынбасарлары, адвокаттар, бизнес-қоғамдастық және БАҚ өкілдері кіреді.



СУЛЕЙМЕНОВ Қ.Ш.

«Атамекен» ҚР ҰКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрағасы

«АТАМЕКЕН» ҰКП КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ



Б.Ж. НҰРҚОЖАЕВ
Қызылорда облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 12)



С.М. ТӨРЕГЕЛДИН
Қарағанды облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 14)



Б.Д. ФАЙЗУЛИН
Алматы облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 14)



В.С. ГЕРАЩЕНКО
Ақмола облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 12)



К.Х. ҚАПАНОВ
БҚО бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 14)



Ю.Д. ТІЛЕУМҰРАТОВ
Алматы қаласы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 15)



И.З. ҚУАНОВА
СҚО бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 6)



Ә.А. СЕМҒАЛИЕВ
Атырау облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 7)



А.Т. ҚАЛЫМБЕТОВ
Ақтөбе облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 13)



К.Д. ОСПАНОВ
Жамбыл облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 15)



М.Д. СЕЙІТЖАНОВ
Шымкент қаласы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 14)




В.М. ШАКУН
Қостанай облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 15



А.З. ЖАНАЕВ
Маңғыстау облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 15)



И.К. ЕЛЕКЕЕВ
Астана қаласы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 16)



И.В. ШАЦКИЙ
ШҚО бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 7)



О.А. ҚАБЫШТАЕВ
Түркістан облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 14)



Н.А. НАБИЕВ
Павлодар облысы бойынша
Кеңес төрағасы
(Кеңес мүшелері 12)

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕС

2021 жылы республикалық кеңес карантиндік шектеулерді ескере отырып, **19** отырыс өткізді, олар онлайн форматта өтті. Мәселелерді талқылауға кәсіпкерлер бейнеконференцбайланыс арқылы қатысты, ал мүдделі бизнес субъектілерін кеңінен қамту үшін отырыстар «фейсбук» әлеуметтік желісінде тікелей эфирде көрсетілді.

10 жүйелі мәселе қаралды, сондай-ақ өңірлік кеңестердің тиімділігін арттыру мақсатында **17** төрағаның есебі тыңдалды. Олардың жұмысын талқылау нақты өңірлердің жағдайын ескере отырып, өңірлік кеңестер қызметінің тиімділігін түзетуге және арттыруға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік және мүдделі органдарға **93 ұсыныс** енгізілді, оның **51** немесе **55%-ы** қолдау тапты.
Кеңестің шешімдері ҚР Президенті Әкімшілігіне және ҚР Үкіметіне жолданды, бұл Кеңестің ұсынымын қарауға қатысатын лауазымды тұлғалар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік берді, кәсіпкерлердің проблемаларын жедел және тиімді шешуге ықпал етті.
Ұсынымдар тұжырымдамалық сипаттағы ұсыныстарды да қамтыды: заңнаманы, құқық қолдану практикасын өзгерту, жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру, сондай-ақ кәсіпкерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру, кәсіпкерлік қызмет бостандығы туралы заңнаманы бұзатын лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту бойынша ұсыныстар.

Мысалы, Денсаулық сақтау министрлігі Кеңестің ұсынымдары бойынша медициналық қызметті лицензиялауға қатысты бірқатар бұйрықтардың күшін жойды.
Алматы қаласы бойынша Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің департамент басшысы кәсіпкерлік қызметті шектегені үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Бас прокуратура, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және Жоғарғы Сот Кеңестің рейдерлікке қарсы күресті күшейту жөніндегі ұсынымдарын қолдады.

Кеңестің ұсынысы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі «Ұлттық аккредиттеу орталығы» РМК қызметтерінің құнын түзетіп, Сауда және интеграция министрлігінің тиісті бұйрығына өзгерістер енгізді.
Кеңес кәсіпкерлердің жеке өтініштерін де қарады. Кеңес бір тәулік ішінде Алматы облысының Қапшағай қаласындағы жекеменшік балабақшалар алдындағы **42 млн. теңге** мөлшеріндегі борышын толық өтеуге қол жеткізді. Сондай-ақ Кеңес Маңғыстау облысының **72** адал жер пайдаланушысының құқықтарын қорғады, олардың жер учаскелерін сот тәртібімен мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға тырысқан еді.

2022 жылдың 12 айында (14.12.2022 ж.) Республикалық кеңес Өңірлік кеңестер қызметінің тиімділігін арттыру үшін **9 отырыс** және **1 семинар-кеңес** өткізді.
12 мәселе қаралды, мемлекеттік және мүдделі органдарға **105 ұсыныс** енгізілді, оның **50%-ы** қазіргі уақытта қолдау тапты, ал кейбіреулері әлі де қарау сатысында.

Ағымдағы жылғы қаңтардағы тәртіпсіздіктер нәтижесінде зардап шеккен кәсіпкерлерге келтірілген залалды өтеу туралы; кеден саласындағы кәсіпкерлік қызметтің шектеулері туралы және кеден қызметін дербес мемлекеттік орган ретінде бөлу туралы; ҚР Президентінің 26.12.2019 ж. № 229 «Тексерулер мен профилактикалық бақылау және барып қадағалауды жүргізуге мораторий енгізу туралы» Жарлығын іске асыру және басқа да мәселелер қаралды

ӨҢІРЛІК КЕҢЕСТЕР

2021 жылы Өңірлік кәсіпкерлер палаталарының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестері **208 отырыс** өткізді, **403 мәселе** қаралды. Жұмыста бизнесті толғандыратын проблемалық мәселелерді шешуге баса назар аударылды. Атап айтқанда, бұл шарттық міндеттемелерді орындаудың мүмкін еместігіне, жалдау және коммуналдық төлемдерді кейінге қалдыру, санитарлық ұйғарымдарды бұзғаны үшін бизнес субъектілеріне қатысты қолданылатын жазаларды азайту, кедендік әкімшілендіру және салық салу саласындағы, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік және табиғи монополиялар, рұқсаттар мен хабарламалар, көлік, агроөнеркәсіптік кешен және басқа да мәселелер.

Отырыстардың нәтижесі бойынша Өңірлік кеңестер мемлекеттік органдар мен ұйымдарға **662 ұсыным** енгізді, оның ішінде **499 (75%)** қолдау тапты. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзған лауазымды тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөніндегі Өңірлік кеңестердің қағидаттылығы да артты. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін кінәлі лауазымды тұлғаларды жауапқа тарту туралы мемлекеттік органдарға енгізілген **99 ұсынымның 90-ы** қолдау тапты.
2022 жылдың 9 айында өңірлік кеңестер **140 отырыс** өткізіп, **292 мәселе** қаралды. Мемлекеттік органдар мен ұйымдарға **504 ұсыным** енгізілді, оның ішінде қазіргі уақытта **389 (77%)** қолдау тапты.

2017-2021 жылдар кезеңінде ҰКП және ӨКП кеңестері барлығы **863 отырыс** өткізді, **1792 мәселе** қаралды, **3048 ұсыныс** енгізілді және **2028 ұсыныс** қолдау тапты.
Кеңестердің ұсынымдары бойынша **320 адам** тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
Динамикада қолдау көрсетілген ұсынымдардың үлесі: 2017 жылы – **45,5%**, 2018 жылы – **55,7%**, 2019 жылы – **71%**, 2020 жылы – **77,8%**, 2021 жылы – **73%** құрады.



Қолдау көрсетілетін үлес ұсыныстар

2021 жылы	2022 жылдың 9 айы
75%	77%

ТӨРЕЛІК

2014 жылы құрылған «Атамекен» Төрелік орталығының басты мақсаты кәсіпкерлерге Сыртқы сауда төрелігі туралы еуропалық конвенцияға сәйкес олардың арасындағы дауларды шешуге жәрдемдесу болып табылады. Егер дау тараптары олардың дауын шешу үшін нақты төрелік туралы келісімге келмесе, ол Қазақстанда төрелікті айқындау жөніндегі өкілетті органның функцияларын (Қазақстанның БҰҰ-дағы тұрақты өкілдігінің 11.09.2014 жылғы хабарламасы негізінде) жүзеге асырады.

Бүгінгі таңда қазақстандық компаниялардың, сондай-ақ Әзербайжан, Беларусь, Испания, Қытай, Қырғызстан, Латвия, Молдова, Польша, Ресей, АҚШ, Түркия, Өзбекстан, ОАР компанияларының қатысуымен **120-дан астам** іс қаралды

2018	2019	2020	2021	2022
16	24	22	21	24

300-ден астам компания өз шарттарына төрелік орталықтың үлгілік төрелік ескертпесін енгізеді

Төрелік орталықты дамыту жөніндегі жұмыс шеңберінде Қазақстан кәсіпкерлері үшін кездесулер мен презентациялар өткізіледі, төрелік орталықты ілгерілетуге жәрдемдесу бойынша **50-ден астам** бизнес-қауымдастықтармен шарттар жасалды.

Сараптамалық кездесулер, заң және бизнес-форумдарда сөз сөйлеу және төрелік практиканың өзекті мәселелері және заңнаманы жетілдіру бойынша талқылаулар өткізіледі.

Атамекен Төрелік орталығының мамандары дауларды шешудің баламалы тәсілінің жетекші әлемдік стандарттарына сәйкес келетін қолданыстағы «Төрелік туралы» заңды әзірлеуге қатысты

	Төрелік орталықта дауларды қараудың басты артықшылықтарына мыналар жатады:
1	Дау тараптарына кәсіби және тәуелсіз төрешілерді – дауларды жан-жақты, толық және объективті шешуді қамтамасыз ете алатын Қазақстанның және шет елдердің үздік заңгерлері мен салалық мамандарын сайлау мүмкіндігі беріледі. Төрешілер қабылдаған шешімдердің заңды күші мемлекеттік соттардың шешімдерінің күшімен бірдей болады.
2	Талап арыз берілген сәттен бастап орта есеппен 3 ай ішінде түпкілікті шешімді жедел түрде алуға болады. Төрелік істі бір сатыда (апелляциясыз және кассациясыз) шешеді. Төрелікте шығарылған шешімдерді тек процедуралық негіздер бойынша жою мүмкін болады.
3	Бажды төлеу барысында үнемдеу - төрелік орталықтағы алымдар сомасы соттардағы және басқа төреліктердегі мемлекеттік баж сомасынан төмен. Егер соттардағы баж сомасы әрқашан талап қою бағасының 3%-н құраса, онда төрелік орталықтағы алым сомасы талап қою бағасының 0,5%-на дейін ғана жетуі мүмкін.
4	Талқылаудың құпиялылығы - талқылау фактісі және қорытынды шешім үшінші тұлғаларға жария етілмейді. Тиісті норма «Төрелік туралы» заңда бекітілген.
5	Бейнеконференцбайланысты қолдану арқылы Қазақстанның барлық өңірлерінде және шетелдерде төрелік талқылаулар жүргізу мүмкіндігі бар. Төрелік орталықта өңірлік өкілдіктердің кең желісі бар.
6	Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы Нью-Йорк конвенциясына сәйкес шетелде төрелік шешімдер үздік орындалады. Қазақстанның осы Конвенцияға қатысуы әлемнің 160 елінде төрелік шешімді орындауға мүмкіндік береді.

КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ

2021 жылы Қаржы министрлігі жанындағы апелляциялық комиссияда **77** шағым қаралды, оның **31-і (40%)** бойынша тексеру актілері заңсыз деп танылды. Бизнестің пайдасына шешілген ақшалай қаражаттың жалпы сомасы **3 миллиард** теңгеден асты.
2022 жылдың қаңтар-маусымында 9 шағым қаралды, оның **5-і (55%)** кәсіпкерлердің пайдасына шешілді, сомасы **250 млн. теңгені** құрайды

Кедендік тексерулерді талдау кәсіпкерлердің шағымдарын қарау мерзімдерін негізсіз кешіктіру және Қаржы министрлігінде олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысты проблема бар екенін анықтады.

- Себебі - сапасыз жүргізілген тексерулерде актілер үстірт жасалған, бизнестің бұзушылықтар жасауы және осыған байланысты салықтарды қосымша есептеу туралы қорытындылар үшін жеткілікті заңды және дәлелді негіздемелер жоқ.

- Қаржы министрлігі сапасыз тексерулердің материалдарын Мемлекеттік кірістер комитетіне жібереді, осыған байланысты кейде қосымша тексеру бірнеше жылға созылуы мүмкін. Бұл ретте «нәтижеге күш көрсету арқылы» қол жеткізілгеннен кейін қосымша есептеулердің жалпы сомасына шағымды қараудың бүкіл кезеңі үшін **өсімпұлдар** заңсыз енгізіледі.

- Осылайша, шағымдарды қарау мерзімдерін негізсіз ұзарту және кез келген қайта тексерулерді жүргізу бизнесті қаржылық шығындарға әкелсе, **мемлекет** тарапынан біршама күш пен қаражатты талап етеді.

- Мемлекеттік кірістер органдары қажетті дәлелдемелерді жинауды апелляциялық комиссияның мүшелері шағымды қарауы барысында емес, кедендік тексеру аяқталған **сәтке дейін** дайындауы тиіс, өйткені Қаржы министрлігі өзінің түпкілікті шешімін оның шешімін ескере отырып шығарады.

- Заңсыз, негізсіз және сапасыз жүргізілген тексерулердің **күші жойылуы тиіс.**

САЛЫҚТЫҚ ӘКІМШІЛЕНДІРУ

2017 жылғы 1 шілдеден бастап 2022 жылғы 15 желтоқсанға дейінгі кезеңде салықтық тексерулерге Хабарламалар жөніндегі апелляциялық комиссияның қарауына кәсіпкерлерден **1 488 шағым түсті**, оның ішінде:
2017 жылғы 1 шілдеден бастап 2021 жыл аралығында - **1308 шағым** (ай сайын орта есеппен – 24 шағым);
2022 жылы - **180 шағым** (орта есеппен – 16 шағым).
Барлығы **701 569,3 млн. теңгеге** шағым түсірілді, оның ішінде:
2017-2021 жж. 1 шілдеден бастап - **491 006,6 млн. теңге** (орта есеппен 1 шағымға – 375,4 млн. теңге);
2022 жылы - **210 562,7 млн. теңге** (орта есеппен 1 шағымға – 1 169,8 млн. теңге)
2022 жылы Апелляциялық комиссияға салықтық тексерулердің нәтижелеріне қатысты түсетін шағымдар санының **2 есе** қысқаруы және шағым түсірілген сомалардың **6,5 есе** өсуі байқалады.

Саны бойынша мәлімет	Бизнестің пайдасына (61 шағым):
67,7%	әдістеме мәселелері (65 шағымның 44-і)
26,7%	қайтаруға жататын ҚҚС (15 шағымның 4-і)
25,5%	сенімсіз жеткізушілермен өзара есеп айырысу (51 шағымның 13-і)

Қосымша есептелген сома бойынша мәлімет	Бизнестің пайдасына (45 041,4 млн.теңге):
25,6%	әдістеме мәселелері (42 397,2 млн.теңге)
16,8%	қайтаруға жататын ҚҚС (1 121,1 млн.теңге)
19,1%	сенімсіз жеткізушілермен өзара есеп айырысу (1 523,1 млн. теңге)

Әдістемелік мәселелер бойынша әрбір **екінші шағым** бизнестің пайдасына шешілді.

Бизнес пайдасына шешілген мәселелердің жалпы көлемінің ең үлкен үлес салмағын әдіснамалық мәселелер бойынша (саны бойынша **72,1%** және сомасы бойынша), бұдан әрі – сенімсіз мәмілелер бойынша (саны бойынша **21,3%** және сомасы бойынша **3,4%**) және ҚҚС қайтару бойынша (саны бойынша **6,6%** және сомасы бойынша **2,5%**) қосымша есептеулердің күшін жою құрайды.

2022 жылы Апелляциялық комиссияда бизнестің пайдасына шешімдер қабылдау нәтижелері бойынша ҚР ҚМ МКК бөлімшелерінің **37 лауазымды адамына** қатысты тәртіптік сипаттағы тиісті шаралар қабылданды, оның ішінде МКД басшыларының 3 орынбасары, бақылау басқармаларының 3 басшысы, аудит бөлімдерінің 6 басшысы, салықтық тексерулер жүргізген ҚР ҚМ МКД 25 маман жауапкершілікке тартылды.

Апелляциялық комиссия өз жұмысын бастаған уақыттан бері барлығы **166 лауазымды тұлға** жауапкершілікке тартылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Бизнес-омбудсмен кеңсесі мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бірқатар мемлекеттік органдармен: Бас прокуратурамен, Жоғарғы сотпен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен және т. б. тұрақты түрде кешенді іс-шаралар өткізеді.

ҚР Бас прокуратурасымен жұмыс

32 экономикалық құрам ізгілендірілді, ҚК-нің **28 бабы** бойынша қылмыстық жазалар жеңілдетілді (баламалы түрлері енгізілді). 29 құрам бойынша (Экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша) бизнес өкілдеріне қатысты қамауға алу жазасын қолдануға тыйым салынады, 10 құрам бойынша залал толық өтелсе, қылмыстық қудалау тоқтатылады.

Мұның бәрі бизнеске қатысты қозғалатын қылмыстық істерді **5 есе** (2016 жылғы 5 мыңнан 2021 жылғы 1 мыңға дейін) және қамауға алынғандар санын **2,5 есе** (2016 жылғы 393-тен 2021 жылғы 158-ге дейін) төмендетуге мүмкіндік берді.
Бизнесті тексеруге қатысты тәртіп орнатылды. Олардың саны **9 есе** (246 мыңнан 27 мыңға дейін), ал тексеру парақтарындағы бизнеске қойылатын **талаптардың** жартысынан астамы (60%-ға - 31 мыңнан 13 мыңға дейін) қысқарды.

Бас прокуратура мен «Атамекен» ҰКП арасындағы Ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі жол картасында 18 іс-шара көзделген, оның 5-і орындалды: рейдерлік және кәсіпкерлерді орталық және аумақтық деңгейлерде қылмыстық қудалауға заңсыз тарту фактілері бойынша бизнестің шағымдарын қарау бойынша Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды. Мемлекеттік сатып алу саласындағы даулар бойынша материалдарды сотқа дейін қарау бойынша келісу комиссияларын құру туралы мәселе шешілді. Нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын, объектілер салуға арналған жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою мәселесі шешілді. 2021 жылғы 30 желтоқсандағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеуші саясатты енгізу және ҚР Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңында бекітілген жаңа реттеуші саясаттың базалық қағидаттары мен шарттары қалыптастырылды. Ел өңірлерінде бақылау-қадағалау органдарының бизнес-қоғамдастық алдында «Бірыңғай есеп күні» өткізілді.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен қарым-қатынас

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтер жүргізіледі, оның ішінде субсидиялау, жер қатынастары, құрылыс және т.б. мәселелер бойынша. Нәтижесінде үнемдеу **84 млрд. теңгеден асты**.

04.06.2021 жылы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша кәсіпкерлердің V республикалық форумы өткізілді, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен «Атамекен» ҰКП арасында 2021-2022 жылдарға арналған ынтымақтастық туралы Жол картасына қол қойылды.

Жол картасының 34 пункті қарастырылған, оның ішінде:

- іске асырылды - **11**;
- жұмыста - **20**;
- аяқталды - **3**.

Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді субсидиялау саласында	Құрылыс саласында	Сатып аулар саласында	АӨК Хартиясы
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ӨКП өкілдерімен бірлесіп саланы субсидиялау бойынша талдау жүргізді. АШМ **170-тен астам ұсынысты** қабылдады, мемлекеттік органдардың, ҰКП-ның, қауымдастықтардың қатысуымен жұмыс тобы құрылды. «Qoldau.kz» жүйесіне электрондық кезекті іске асыру бойынша өзгерістер енгізілді. Субсидиялаудың 4 бағыты бойынша тиісті бұйрықтар ҚР ӘМ-де тіркелген.	Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында құрылыс саласындағы баға белгілеу жүйесін түбегейлі қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда: - ғимараттардың құрылымдық элементтеріне құрылыс құнының ірілендірілген көрсеткіштерін әзірлеу; - бірыңғай сметалық бағаларды әзірлеу; - болжамды деңгейде сметалық құнды дұрыс есептеуді анықтау мақсатында қабылданатын құрылыс үшін құн индекстерінің жүйесін әзірлеу болжануда.	ҰКП алаңында Қаржы министрлігі мен ИИДМ өкілдерінің қатысуымен құрылыс саласындағы мемлекеттік сатып алулардың проблемалық мәселелерін қарау бойынша жұмыс тобы құрылды. Бизнестің **19 мәселесі** қаралды, 10 мәселе шешілді, **2 мәселе** ішінара шешілді (демпинг, тапсырыс берушілердің бастапқы деректерді уақтылы ұсынбауы, ЖСҚ-ны сараптамаға тапсыру мерзімдері, салынған объектілер бойынша жұмыс тәжірибесін растау, сақтандырудың үлгілік шарты және т.б.).	БҚДА, АШМ, СИМ, МКД, ҰКП, Қазақстанның Астық одағы Ауыл шаруашылығы өнімдерінің айналымы саласындағы заңсыз әрекеттерге қарсы іс-қимыл және адал бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша келісімге қол қойды (АӨК Хартиясы). Пилоттық жобаны енгізу бойынша құжаттар дайындалды. Нақты уақыт режимінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бойынша жеткізу тізбегі әкімшілендірілетін болады. АӨК қатысушы-субъектілері осы бастамаға қосылған жағдайда ҚҚС қайтару неғұрлым жеңілдетілген нұсқада жүргізіледі. АӨК Хартиясына 20 компания қосылды, оның 7-і экспорттаушылар және 13-і жеткізушілер. 2 экспорттаушы компания ҚҚС қайтаруды жүзеге асырды, қайтару көлемі **15 млн.теңгеден** асты.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Қаржы мониторингі агенттігімен жұмыс

2021 жылғы 22 сәуірде кездесу аясында Қаржы мониторингі агенттігінің төрағасы Жанат Элиманов пен Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл Рустам Жүрсінов сындарлы, ашықтық және өзара ақпарат алмасу қағидаттары негізінде елдегі кәсіпкерлікті одан әрі дамыту жөніндегі нақты іс-қимылдарды талқылады.



2022 жылғы 17 маусымда ҚР Қаржы мониторингі агенттігі, «Атамекен» ҚР ҰКП және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.



Үкіметпен бірлесіп, көлеңкелі экономиканы төмендету бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізілуде. Бұл жұмыстың негізгі элементі - толық цифрландыру. Осы Келісімде елдегі кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін бірлескен және келісілген іс-қимылдар көрсетілген. Сондай-ақ, бұл көлеңкелі экономика деңгейін төмендетуге және бақылау-қадағалау функцияларын автоматтандыруға, мемлекеттік органдардың бизнес-процестеріндегі реинжинирингке бағытталған ұсыныстар мен заңнамалық бастамаларды әзірлеуге көмектеседі.

Кәсіпкерлердің өздерін аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің қылмыстық құдалауға заңсыз тартумен байланысты заңсыз әрекеттері туралы өтініштері Агенттіктің Жеке қауіпсіздік департаментімен бірлесіп қаралатын болады.


Сондай-ақ қылмыстық және әкімшілік заңнама баптарының репрессивтілігіне талдау жүргізу бойынша жұмыс тобы құрылатын болады. Бұл қаржы-экономикалық қылмыстарды одан әрі қылмыссыздандыру үшін қажет.
Бірлескен ынтымақтастық болашақта кәсіпкерлерді қылмыстары үшін қамауға алмай, ақшалай жазалауға мүмкіндік беретін заңнамалық бастамаларды қабылдауға көмектеседі.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен жұмыс


ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен бірлесіп монополияға қарсы заңнама саласында жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Шығарылған хабарламалар, тағайындалған тергеулер, салынған айыппұлдар туралы жалпы ақпарат



2017-2021 жылдардағы тергеу және хабарлама динамикасы

2021 жылы аяқталған тергеп-тексерулердің қорытындысы бойынша **43 (35,5%)** тергеп-тексерулерді тоқтату туралы шешімдер қабылданды, қалған тергеп-тексерулер бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қозғалды және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуды жою туралы нұсқамалар шығарылды.



Салынған айыппұл динамикасы

Диаграммаға сәйкес, 2021 жылы салынған айыппұлдардың сомасы 2020 жылы салынған айыппұлдардың көрсеткіштерінен **0,4 млрд теңгеге**, ал 2019 жылмен салыстырғанда **0,2 млрд теңгеге** төмен.

2021 жылы 17 отырыс өткізілді, оның нәтижелері бойынша келісім комиссиясының мүшелері **17** жағдайда Комиссия мүшелерінің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, қорытынды жобасын пысықтап, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзудың анықталған фактілерін қолдауды ұсынды.

Айта кету керек, «Атамекен» ҰКП қызметкерлері енгізілген қорытынды жобасын қарау шеңберінде дәлелдемелік базаның жеткіліксіздігін атап өтсе де, комиссия мүшелері тергеу нәтижелері бойынша қорытынды жобаларын көпшілік дауыспен қолдайды.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Әділет министрлігімен жұмыс

ҚР Әділет министрлігімен бірлесіп 2016 жылдан 2021 жылға дейін НҚА жобаларына **41 100-ден астам** сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде заң жобалары бойынша - **822**. Есепке алынған сараптамалық қорытындылардың орташа пайызы 2015 жылғы 30%-бен салыстырғанда шамамен **74%** құрайды.





Бизнес-омбудсмен кеңсесі, «Атамекен» ҚР ҰКП бизнес-қоғамдастық және ғылыми орта өкілдерімен бірлесіп, 2021 жылғы 15 қазанда Президент Жарлығымен бекітілген жаңа тұжырымдама жобасына бизнес үшін жаңа, тұжырымдамалық ұсыныстар әзірлеу және құқықтық жүйені дамыту бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. **135** ұсыныс енгізілді, оның **50-і** тұжырымдамаға енгізілді, оның ішінде:

1) әкімшілік-деликттік заңнаманы жетілдіру;
Бүгінде ӘҚБтК азаматтар мен бизнес субъектілеріне әкімшілік-құқықтық ықпал етудің жалғыз «жазалаушы» құралы ретінде пайдаланылады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің ресми статистикалық деректеріне сәйкес 2 жыл ішінде заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерге қатысты тіркелген құқық бұзушылықтар саны:

- 2020 жыл – барлығы **628 841 іс** бойынша әкімшілік жаза қолданылды;
- 2021 жыл – барлығы **532 524 іс** бойынша әкімшілік жаза қолданылды.

Бұл ретте, кәсіпкерлік субъектілері бойынша деректерде сәйкессіздіктер бар екенін атап өткен жөн.

Мысалы: тек 2020 жылы көліктегі, жол шаруашылығындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша заңды тұлғаларға қатысты **326 мыңнан астам** іс қозғалды, бұл ретте олар қандай кәсіпкерлік субъектісіне қатысты екені анық емес.
Мемлекет басшысының 2022 жылғы 19 мамырдағы отырыста айтқан тапсырмаларын орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен бірлесіп, әкімшілік және қылмыстық процестерге тартылған кәсіпкерлік субъектілерінің статистикалық есебін, оның ішінде оларға қатысты барлық тергеу әрекеттері мен процестік мәжбүрлеу шараларын жетілдіру жөніндегі құқықтық актілерді қабылдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Парламентімен жұмыс

2021 жыл бойы Бизнес-омбудсмен және «Атамекен» ҚР ҰКП кеңсесі Парламент қабырғасында «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы жаңа Заңының жобасын және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарау шеңберінде **келісу комиссиясы институтын енгізуді** ұсынды, бұл ұсынысты депутаттық корпус қолдады. Бұл мемлекеттік сатып алуға, квазимемлекеттік сектордың, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сатып алуларына қатысатын, шартқа қол қоюдан абайсызда жалтарған әлеуетті өнім берушілерді жосықсыз жеткізушілер тізіліміне қосу проблемасын шешу үшін қажет.



2022 жылғы қаңтардан бастап жоғарыда аталған заңдарға қабылданған және қолданысқа енгізілген түзетулер келісім комиссияларының шарт жасасудан жалтаруына байланысты тізілімге енгізілген әлеуетті өнім берушілердің өтініштерін қарау қорытындылары бойынша тиісті тізілімдерден мерзімінен бұрын шығу мүмкіндігін көздейді.

Бүгінгі таңда барлық дерлік облыстарда келісім комиссиялары құрылды және қабылданған түзетулер тізілімге «қате» енгізілген және сот органдарына жүгінбей-ақ тізілімнен шығару мәселесін шешуге мүмкіндік беретін түзетулер бизнес субъектілеріне жағымды әсер еткені, сол арқылы сотқа жүгінуге кететін уақыт пен шығын үнемделетіні белгілі болды.

Мысалы, келісім комиссиялары институты жұмыс істеген 6 ай ішінде келісім комиссиялары **55 өтінішті** қарады (оның ішінде 53-і мемлекеттік сатып алу және 2-і квазимемлекеттік сектордың сатып алу), олардың ішінде **3 өтініш** қарау сатысында, қараудан/қанағаттандырудан бас тартылды – **12 өтініш**, келісім комиссиясының 40 әлеуетті өнім берушінің өтініштерін оң қарауы негізінде бұрын осы әлеуетті өнім берушілерді қосқан уәкілетті органдар тізілімнен барлық 40 әлеуетті өнім берушіні алып тастау туралы шешім шығарды.

Осылайша, талдау нәтижелеріне сүйене отырып, келісім комиссиясы жұмысының тиімділігі **72,73%** құрайды, кәсіпкерлік субъектілері оң нәтижені көріп отыр.

Сондай-ақ, біз шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізер алдында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына қол қою қажеттілігі туралы хабарлама кезеңін енгізуді көздейтін түзетулер ұсындық. Түзетулерді депутаттар қолдап, Мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі заң жобасын қарау шеңберінде бастамашылық етті. Депутаттар мақұлдаған түзетулер шартқа қол қоюдан байқаусызда жалтарған әлеуетті өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу тәуекелдерін жоюға ықпал ететін болады және шартқа қол қоюға мүмкіндік береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Ұлттық экономика министрлігімен жұмыс

Бизнес-омбудсмен кеңсесінің және «Атамекен» ҚР ҰКП қатысуымен әзірленді

Кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты енгізу жөніндегі **базалық тәсілдер**

2021 жылғы 21 сәуірде ҚР Президенті жанындағы Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында мақұлданды

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында жаңа реттеушілік саясатты енгізу және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы» **Заң жобасының тұжырымдамасы**

2021 жылғы 12 ақпанда заң жобалау қызметі бойынша ВАК мақұлданды

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік қызмет саласында **жаңа реттеушілік саясатты енгізу** және Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының жекелеген функцияларын қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» **Қазақстан Республикасының Заңы**

2021 жылғы 30 желтоқсанда Мемлекет басшысы ҚР № 95-VII ҚРЗ Заңына қол қойды

«Реттеуші құралдардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 748 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 36 бұйрығы

Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы және «Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін және тексеру парақтарының нысанын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м. а. 22 жылғы маусым 2022 № 48 бұйрығы

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

ҚР Ұлттық экономика министрлігімен жұмыс

Жаңа реттеушілік саясатты енгізу бойынша бірлескен жұмыс жүргізіліп жатыр

Салалар бойынша реттеуші актілерге талдау жүргізу бойынша Өзекті жоспар-кестесі

2022 жылғы 3 тамызда ҚР Премьер-Министрі А. А. Смайылов бекіткен

ҚАРАЛДЫ	**2 463 НҚА (39 сала)**
ТАЛДАНДЫ	**106 303 талап**
БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙЕС КЕЛМЕЙДІ	**9,3%**

Кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеудің жаңа тәсілдерін іске асыру бойынша ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүргізу бойынша медиа-жоспар

2022 жылғы 1 тамызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі Е.К. Жамаубаев бекіткен

- Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің https://ombudsmanbiz.kz/rus/zashita_biznesa/s_chistogo_lista/ және «Атамекен» ҰКП ресми интернет-ресурстарында https://atameken.kz/ru/services/124-o-proekte-rchl
- Спикерлердің БАҚ-та сөйлеген сөздері мен түсініктемелерін жариялау мақсатында спикерлер тізімі қалыптастырылды
- 2022 жылғы 30 қарашада журналистерге арналған семинар-тренинг өткізілді
- «Таза парақтан реттеуді» іске асыру барысы туралы ақпарат тұрақты негізде БАҚ-та, әлеуметтік желілерде жарияланады

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ЖОБАЛАРЫ

Сот тәжірибесін цифрлық талдау - халықты жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, сот істерінің нәтижелерін іздеу және бағалау жөніндегі сапалы құралмен қамтамасыз ететін, сондай-ақ бірыңғай сот тәжірибесін қамтамасыз етуге, соттарға түсетін жүктемені төмендетуге бағытталған э**лектрондық қызмет көрсету.**

Жобаны сәтті жүзеге асыру талапкерге сотқа жүгінудің сәтті болу ықтималдығын болжауға және соның негізінде мәселені сотқа жеткізбестен шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүйенің негізгі міндеттері - бірыңғай сот тәжірибесі және соттарға түсетін жүктемені төмендету. Қазіргі уақытта жүйеге барлық сатылардың **3,4 млн.астам сот актілері** және 2016-2018 жылғы **120 мыңнан астам талап арыз** жүктелген.

Сатып алудың бірыңғай терезесі (eoz.kz) - интеграция арқылы бір терезеде Қазақстанның 5 сатып алу алаңын (ҚазАгро, ОЭК, Бәйтерек, Nadloc және ЕҚК) біріктіретін ақпараттық жүйе. Портал нормативтік анықтамалық ақпараттың бірыңғай базасын және ТЖҚ бірыңғай жіктеуішін (ТЖҚ БНА) енгізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін сатып алуларды жинауға, сақтауға және талдауға арналған.

Бизнес **100 мыңнан астам тауарларға**, **жұмыстарға және қызметтерге** қол жеткізе алады. Бұл барлық сайттар бойынша белгілі бір кезеңдегі сатып алу көлемін зерттеуге, өңірлер мен тапсырыс берушілер бойынша олардың динамикасын бақылауға, сондай-ақ ең көп сатып алынған тауарлар мен олардың баға диапазонын анықтауға мүмкіндік береді.

«Сатып алудың бірыңғай терезесі» порталы бағаны көтеру және төмендету тәуекелдерін анықтауға, салалар мен өңірлер бойынша сатып алу динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді.

«Сатып алудың бірыңғай терезесінің» Талдамалық құралдарын пайдалана отырып, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жоспарланған жоғары баға көрсетілген мемлекеттік сатып алулардың санын төмендетті, сомасы **84 млрд. теңгеден** астам.

Сарапшылардың бағалауы бойынша сатып алулардағы бюджеттің жыл сайынғы шығыны кемінде **100 млрд. теңгені** құрайды.

Бизнес-әріптестер тізілімі (kyc.kz) - 2019 жылғы 24 мамырда Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау үшін құрылған, заңмен қорғалатын құпияны құрмайтын кәсіпкерлік субъектілері туралы мәліметтерді қамтитын мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттандыру объектілерімен интеграцияланған ақпараттық жүйе.

Кәсіпкерлер ағымдағы жылдың **01 шілдесінен бастап** өздерінің әлеуетті контрагенттерін web-сілтеме арқылы **тексере алады:** https://kyc.kz/ Мұнда тіркелген пайдаланушылар Қазақстан Республикасында тіркелген кез келген кәсіпкер туралы өзекті және шынайы мәліметтері бар есепті алып, шешім қабылдау үшін пайдалана алады.

Порталдағы әрбір кәсіпкердің жеке кабинеті болады, онда ол өз бизнесі туралы мәліметтермен таныса алады, сондай-ақ оның кәсіпорнына қызығушылық танытқан заңды және жеке тұлғалардың тізімін көре алады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Шет мемлекеттер аумағында отандық кәсіпкерлерді қорғауды қамтамасыз ету және тәжірибе алмасу үшін Бизнес-омбудсмен Ресей, Өзбекстан, Грузиядағы әріптестерімен қарым-қатынас орнатты.

Олармен жасалған ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімдер қазақстандық кәсіпкерлерге Бизнес-омбудсмен кеңсесі арқылы басқа елдерде құқықтық көмек алуға мүмкіндік берді.

Европа және Азия кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдердің (Бизнес-омбудсмендерінің) халықаралық форумы

2021 жылғы 14-15 желтоқсанда Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының басшысы Е.Л. Өстеміров Европа мен Азиядағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдердің (Бизнес-омбудсмендердің) «Бизнестегі өңіраралық ынтымақтастық пен парасаттылықты нығайту» тақырыбындағы халықаралық форумына қатысты (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы).

Іс-шараға 6 мемлекеттен 70-тен астам өкіл, оның ішінде Грузия, Корея, Қырғызстан, Польша, Ресей бизнес-омбудсмендері, Өзбекстандағы шет елдердің елшіліктерінің, халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, министрліктер мен ведомстволардың 30-дан астам өкілдері, шетелдік және отандық БАҚ өкілдері, сондай-ақ жеке сектордың 70-тен астам өкілдері қатысты.

Форум қорытындысы бойынша бизнес құқықтарын қорғау саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және кәсіпкерліктің өсуі үшін қолайлы орта құруға бағытталған Ташкент декларациясына қол қойылды.







ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ (БИЗНЕС-ҚОҒАМДАСТЫҚТЫ) ХАБАРДАР ЕТУ


Бизнес-омбудсменнің міндеттерінің бірі бизнес-қоғамдастықты өзінің қызметі, Үкімет жұмысына қатысуы туралы хабардар ету болып табылады. Егер кәсіпкерлер қабылданған шешімдермен келіспесе, олар өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қажетті ақпаратты білу керек.

Бизнес-омбудсмен институты танымал болуы керек, ал негізсіз кедергілер мен қысымға тап болған кәсіпкерлер кеңсемен жедел байланысып, кері байланыс арқылы, уақтылы қорғалуы тиіс.

Осы мақсатта ауқымды ақпараттық қамту ұйымдастырылды. 2021 жылы **5322 жарияланым** орналастырылды, оның ішінде БАҚ-та **23,06%**, әлеуметтік желілерде **76,94%.**
Телеарналарда бизнес-омбудсменнің қатысуымен - **5,79%**, радиода – **0,33%** жаңалықтар сюжеттерінің шығуы ұйымдастырылды.


2021 жылы 5322 материал жарияланды

БАҚ-та, әлеуметтік желілерде бөлу




БАҚ - 23,06%
Әлеуметтік желілер - 76,94%

БАҚ-тағы дереккөздердің санаттары бойынша бөлу



Электрондық БАҚ - 28,6%
Ақпарат агенттіктері - 21,35%
Мемлекеттік дереккөздер - 19,97%
Баспасөз - 10,59%
Мамандандырылған - 10,11%
Теледидар - 5,79%
Өңірлік дереккөздер - 3,26%
Радио - 0,33%


Әлеуметтік желілерде бөлу



Facebook - 87,53%
Вконтакте - 5,71%
Telegram - 2,91%
Instagram - 2,17%
YouTube - 0,63%
Twitter - 0,59%
Одноклассники 0,44%
Мой Мир - 0,02%


2022 жылдың 11 айында 7038 материал жарияланды

БАҚ-тағы дереккөздердің санаттары бойынша бөлу




Электрондық БАҚ - 23,27%
Мемлекеттік дереккөздер - 22,33%
Ақпарат агенттіктері - 19,37%
Баспасөз - 16,34%
Мамандандырылған - 6,99%
Теледидар - 6,72%
Агрегаторы СМИ - 3,63%
Өңірлік дереккөздер - 1,08%
Радио - 0,27%

Әлеуметтік желілерде бөлу



Facebook - 88,84%
Instagram - 4,7%
Telegram - 2,74%
Вконтакте - 1,75%
YouTube - 0,88%
Twitter - 0,59%
Одноклассники 0,5%


ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ӨҢІРЛЕР

www.ombudsmanbiz.kz

2022

МАЗМҰНЫ

1. Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің өңірлердегі өкілдері 2
1.1. Астана қаласы 3
1.2. Алматы қаласы 5
1.3 Абай облысы 7
1.4. Ақмола облысы 8
1.5. Ақтөбе облысы 10
1.6. Алматы облысы 12
1.7. Атырау облысы 14
1.8. Батыс Қазақстан облысы 16
1.9. Жамбыл облысы 18
1.10. Жетісу облысы 20
1.11. Қарағанды облысы 22
1.12. Қостанай облысы 24
1.13. Қызылорда облысы 26
1.14. Маңғыстау облысы 28
1.15. Павлодар облысы 30
1.16. Солтүстік Қазақстан облысы 32
1.17. Түркістан облысы 34
1.18. Ұлытау облысы 36
1.19. Шығыс Қазақстан облысы 38
1.20. Шымкент қаласы 40

1. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨКІЛДЕРІ



МАХМҰТ Ж. М.
Алматы қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ҚАЗИЕВ Ж.А.
Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ДӘУЛЕТПАЕВ Р.Б.
Қостанай облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



КҮЙШІНОВ Р.Б.
Ақтөбе облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ШАЖАНБАЕВ Ж.Б.
Астана қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



КЕРІМБАЕВ Д.Ж.
Жетісу облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ҚҰЛМАХАН С.А.
Қызылорда облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ӘМІРОВА З.Т.
Түркістан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



АСҚАРОВ Ә.Т.
Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ЖОЛДЫБАЕВ С.Қ.
Атырау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ӘУБӘКІРОВ С.М.
Павлодар облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ӘМІРОВ С.С.
Маңғыстау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



МҰҚАШЕВА Ә.О.
Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



СЫЗДЫҚОВ Р.Е.
Ақмола облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



НИГИШЕВА М. Қ.
Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



АДАМБЕКОВА С.К.
Шымкент қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ЕРГЕБАЕВ Н.Б.
Жамбыл облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі



ШАЖАНБАЕВ
Жеңіс Болатұлы

Астана қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.1. АСТАНА ҚАЛАСЫ

- Елордалық 20 компанияның 16-сы келісім комиссияларының жұмысы нәтижесінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен шығарылды. Оларды «қара тізімге» енгізу 9 млрд теңгеге дейін шығын келтіруі мүмкін еді.
- Астана қаласы МАӘС-ның шешімімен «Батсу-Водоканал» ЖШС-нің «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Түркістан облысы бойынша департаменті» РММ-не, «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті» РММ және «Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің департаменті» мемлекеттік мекемесінің бұйрығын жою және заңсыз деп тану туралы талап-арызы Түркістан облысы бойынша «Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнамасын бұзушылықтарды тергеу нәтижелері бойынша қорытындыны бекіту туралы» 05.11.2021 жылғы №45-НҚ-мен **заңсыз деп танылды және күші жойылды**.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот практикасы.
- Мүлік иелерінің бірлестігі бойынша тұрғын үйлердің құрамындағы коммерциялық жылжымайтын мүлік иелерінің құқықтарына қысым жасау.
- АртСпорт бойынша кезекте тұрған балаларға арналған жаңа ваучерлердің болмауы.
- Ақылы автотұрақтар, бизнес орталықтарына іргелес автотұрақтарға назар аударыла бастады.
- Мемлекеттік органдардың заңнаманы жүйелі түрде бұзуы, бұл өз кезегінде кәсіпкерлердің қызметіне кері әсерін тигізеді (сот практикасын талдау).

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АСТАНА ҚАЛАСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (08.12.2022 Ж.)

Кәсіпкерлерді жеке қабылдау барысында айтылған мәселелердің бірі мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот актілеріне және жарамсыздық белгілері бар мәмілелер бойынша материалдарды сотқа дейінгі қарау шеңберінде келісу комиссияларының жұмысына қатысты мәселе болды. Елордалық Палатаның Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің мүшесі, «АудБух» ЖШС басшысы Гүлжан Әбілова ағымдағы жылдың басынан бері 923 кәсіпкер бойынша 88 келісім комиссиясы өткізілгенін айтты. 773 бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сотқа талап-арыздарды жіберу туралы, 24 бойынша – материалдарды қосымша қарау қажеттілігі туралы, 126 бойынша – сотқа жібермеу туралы шешім қабылданды.

Барлық өңірлердегі кәсіпкерлер осы мәселені көтереді. Сонымен қатар, Мемлекеттік кірістер комитеті де, Жоғарғы Сот та нақты статистика бере алмайды – барлық жерде сандар әртүрлі. Мен Қазынашылық департаментінің Қоғамдық кеңесінің төрағасы ретінде егжей-тегжейлі статистика беруді өтіндім, осы аптада береді деген үміттемін. Сонда бізде ортақ түсінік қалыптасар еді, өйткені бір деректе республика бойынша мұндай жағдайлардың жалпы саны 1500 деп көрсетілген, бірақ егер Астана қаласын алсақ, бұл жағдайлардың 1200-і осы қалаға тиесілі. Бұл қиын жағдай. Бізде республика бойынша жұмыс істеп тұрған 1,5 миллионнан астам кәсіпкер бар, оның ішінде ірі бизнес субъектілері – 1229, орта - 2750. 2200 кәсіпорын бюджетті 90% толықтырып отыр. Егер 1500 талап-арыздың 1200-і Астана қаласына тиесілі болса, онда бізде жақын арада орта кәсіпорындар қалмайды.

Осындай тәжірибеге сүйене отырып, мәмілелерді жарамсыз деп тану салықтық әкімшілендіру механизміне айналды, олай болмауы керек.

Біз бұл мәселені ел Президентіне жеткізгіміз келеді, өйткені қазіргі уақытта бұл Қазақстан бизнесі үшін бірінші мәселе.

«Қазақстандық үздіксіз білім беру қауымдастығы» ЗТБ өкілі Майра Байдубекова жекеменшік балабақшалар мәселесін айтты. Ол жекеменшік мектепке дейінгі мекемелер осы жылдың желтоқсан айында мемлекеттік тапсырыс алу конкурсына қатыса алмайтынын атап өтті, өйткені өзгерген талаптарға сәйкес, конкурстық құжаттаманың құрамында басқа құжаттармен қатар «медициналық көмек (медициналық қызмет көрсету) көрсету шарты болмаған кезде медициналық қызметке лицензия» ұсынуға тиіс.Бұл жағдайда орта есеппен 15-16 мың бала жеке балабақшаларда орынсыз қалуы мүмкін немесе субсидиялар болмаған жағдайда кәсіпкерлер ай сайынғы төлемді 100-120 мың теңгеге дейін көтеруге мәжбүр болады.

Жеке қабылдау барысында елордалық кәсіпкерлер инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері бар кәмелетке толған студенттер үшін инватакси қызметтері, ақылы автотұрақтар құру мәселелерін көтерді.

Жалпы, Астана қаласының Кәсіпкерлер палатасының бизнесті қорғаудың экожүйесін құру жөніндегі жұмысына оң баға беруге болады.

2022 жылдың 11 айында елорданың Кәсіпкерлер палатасына кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау желісі бойынша 185 өтініш келіп түсті, оның 50%-дан астамы оң шешілді, қалғандары қарауда. 835,7 млн теңге сомасына бизнестің мүліктік құқықтары қорғалды.

www.ombudsmanbiz.kz







МАХМҰТ
Жомарт Мақсұтұлы

Алматы қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.2. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

- Алматы қаласының 500-ден астам кәсіпкеріне көмек көрсетілді.
- 3 кәсіпкерге қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды, компаниялардың шоттарына салынған тыйымның күші жойылды.
- Тұрақты емес тасымалдау саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлерге көмек көрсетілді, атап айтқанда қоғамдық көліктің қозғалыс жолағы бойынша жүріп-тұруына рұқсат алуға жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкердің («Текс» ЖШС) әлеуметтік маңызы бар объектіні салу үшін жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту және халыққа қызмет көрсету бойынша мәселесі реттелді.
- 2022 жылы 17 келісу комиссиясы өткізілді, онда 596 талап-арыз мақұлданып, сотқа жолданды.
- Алматы қаласында жазғы алаңдар мен стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру қағидаларын әзірлеу және қабылдау мәселесі шешілді.
- Өз қызметін қоғамдық тамақтану (жазғы алаңдар) және сауда (В, ВС, В+санатындағы дүкендер) саласында жүзеге асыратын кәсіпкерлерге салынатын әкімшілік айыппұлдар жойылды.
- Кәсіпкерлерге қатысты әкімдік пен 7 мектепке дейінгі және мектептегі білім беру орталықтары арасында сенімгерлік басқару бойынша жалдау шарттарын қайта жасасу мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Жер учаскелерінің қолжетімсіздігі.
- ЕЖЖ-ға өзгерістер енгізу кезінде жер учаскелеріне қолданыстағы құқықтар есепке алынбайды.
- Желілердің (газ, су, электр) тозуына байланысты СЖТ алу мүмкін еместігі.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске артық қысым түсуі.
- Шағын және орта бизнестегі білім деңгейінің төмендігіне байланысты көлеңкелі нарықтың жоғары үлесі.
- Логистикалық шығындардың жоғары болуы.
- Газбен жанармай құю станцияларын жеткіліксіз қамтамасыз ету.
- Жүк тасымалдау саласында сыбайлас жемқорлықтың жоғары болуы.
- Ішкі туризм саласында Алматы қаласы мен көршілес облыстар арасында мемлекеттік қолдауда үйлестіру жоқ.
- Ақпараттық технологиялар саласындағы білікті кадрлардың тапшылығы және кетуі. Дамымаған IT инфрақұрылымы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (20.06.2022 Ж.)

Кәсіпкерлерді жеке қабылдау кезінде және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен өткен дөңгелек үстелде бизнестің мынадай мәселелері көтерілді.

1. Қазақстанда әскери және қос мақсаттағы өнімдер шығаратын 40-тан астам ірі кәсіпорын жұмыс істейді. Олармен қатар 100-ден астам жеңіл және тамақ өнеркәсібі компаниялары – мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындаушылар (бұдан әрі – «МҚТ») жұмыс істейді.
Қауымдастық пен депутаттардың арқасында ҚР Парламенті «Қорғаныс өнеркәсібі және МҚТ туралы» ҚР Заңын отандық қорғаныс-өнеркәсіп кешенін қолдау мен дамытуды қамтамасыз ету үшін түзетулер талқыланатын өзгерістер бойынша іске қосты.
Алайда, жұмыс топтарында орталық мемлекеттік органдардың (Қорғаныс, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің) өкілдері көптеген позициялар бойынша бизнес-қауымдастықтар ұсынған өзгерістерге қарсы.

2. СЭБД миллиондаған сомаға айыппұл салады және құрамында 2%-дан астам трансизомерлері бар майлар мен майларды өндірістен шығаруды талап етеді.
Бұған ҚР Стандарттау комитетінің төрағасы қол қойған Ресей Федерациясының (бұдан әрі - РФ) және Беларусь Республикасының (бұдан әрі - БР) стандарттарын ҚР аумағында енгізу туралы бұйрықтар себеп болды.
Бұл стандарттар «Масло-Дел» ЖШС-нің осы өнімдеріндегі табиғи компоненттерді ескермейді, сонымен қатар РФ мен БР стандарттары Ресей және Беларусь өндірушілерінің талаптарына, олардың өндірістік мүмкіндіктері мен жабдықтарына арналған.
Баяндалған мән-жайлар бойынша «Атамекен» ҮКП тиісті бөлімшелері тиісті жұмыс жүргізуде.

3. 2020 жылы Алматы қаласының бұрынғы әкімінің хаттамалық тапсырмасымен жеке білім беру ұйымдарымен 11 мүліктік жалдау (жалға алу) шартын бұзу туралы шешім қабылданды.
Жеке білім беру ұйымдары 01.07.2022 жылы қолданылу мерзімі аяқталатын жалдау шарттары негізінде мемлекеттен ғимараттарды 15 жылдан астам мерзімге жалға алады.
Қазіргі уақытта Алматы қаласының әкімдігі 7 ұйыммен шартты 1 жылға ұзартты.
Мемлекеттік органдардың қатысуымен өткен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылармен кездесуде өңірдің басқа да проблемалық мәселелері көтерілді.
Атап айтқанда, ИИДМ Көлік комитеті шетелдік рұқсат бланкілерін бөлуде тасымалдаушылардың құқықтарын бұзу мәселесі бойынша ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі төрағасының атына хат жолдау тапсырылды.
Тауарлар экспорты басымдығының болмауы туралы мәселені қоғамдық кеңеске шығару ұсынылды.
Электр қозғалтқыштары бар моторлы көлік құралдарына тарифтік жеңілдікті қолдануға қатысты Комиссия құрылды, мәселе талқыланып жатыр.





1.3. АБАЙ ОБЛЫСЫ

- 20 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- Мемлекеттік мекемелердің орындалған жұмыстарға ақы төлеу бойынша міндеттемелерді орындамағанына қатысты түскен шағымдарды шешуге мүмкіндік туды, сомасы 2 млн. теңге.
- «АртСпорт» бағдарламасы бойынша спорттық және шығармашылық қызметтерді ұсынушыларды 90 млн. теңгеге қаржыландыру мәселесі шешілді.
- Төтенше жағдайлар органдары тарапынан азаматтық қорғаныс бойынша заңсыз тексеру практикасы тоқтатылды.
- Семей қаласында жерлерді аймақтарға бөлу схемасын әзірлеу мен бекітуге бастамашылық жасалды.
- Балабақша қызметтерін көрсететін кәсіпкерлер үшін ата-аналық төлем мөлшері ұлғайтылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ЕЖЖ нақты жағдайға сәйкес келмеуі немесе болмауы.
- Әкімдіктің жер учаскелерін жалдау мерзімін ұзартудан бас тартуы.
- Құрылыс материалдары, оның ішінде битум құнының қымбаттауы.
- Тапсырыс берушілердің мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша жұмыстарға ақы төлемеуі.
- Жүк жөнелтушілерге айыппұл салу бойынша ҚТЖ-ның заңсыз тәжірибесі.
- Кәсіби кадрларды даярлау және қайта даярлауға мемлекеттік тапсырыс алу мәселесі.
- Мемлекеттік кіріс органдарының ресми негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберуі.



СЫЗДЫҚОВ
Расул Ермекұлы

Ақмола облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.4. АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

- 2021 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Ақмола облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы ЭШФ-на түзетулер енгізілуіне байланысты бұрын төленген субсидияларды қайтару бойынша 29 кәсіпкерге қатысты негізсіз талап-арыз берген болатын, осы кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды. Мәселе нормативтік құқықтық актілер арасындағы қайшылыққа байланысты шағымдарды қайтарып алуды ұсынған мүдделі тараптардың қатысуымен жұмыс тобын құру арқылы шешілді.
- ӨКП-ның тікелей жәрдемдесуімен жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану туралы Жарлықтың талаптары бойынша мәселе реттелді. Атап айтқанда, прокуратураның ұсынысында көрсетілген 160 жер учаскесінің 116-сы бойынша жер игерілуіне байланысты талап қою жұмысын тоқтата тұру туралы шешім қабылданды.
- «ENKI» ЖШС-не қатысты іс оның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды. Кәсіпкердің қорғалған құқық сомасы 19 млн. теңгеден асты.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Жер қатынастары саласы. Жер учаскелерін сауда-саттықтан тыс беруге байланысты жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану туралы Жер ресурстары департаментінің талап-арыздары.
- Кәсіпкерлердің өз қаражаты есебінен ЕЖЖ дайындауы. ЕЖЖ әзірлеу жергілікті атқарушы органның міндеті.
- Кадр тапшылығы.
- «Көкшетау жылу» ШЖҚ МКК-нің Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша кәсіпкерлік субъектілері алдындағы берешекті төлемеуі.
- Ақмола облысы МКД қызметінің репрессиялық сипаты. Кәсіпкерлер мемлекеттік кірістер органдарының салықты қосымша есептеу, негізсіз тексерулер бойынша хабарламалар беру мәселелері бойынша жиі жүгінеді және мәмілелерді жарамсыз деп тану және мемлекеттік тіркелуі немесе қайта тіркелуі жарамсыз деп танылған салық төлеушінің контрагенттеріне салықты қосымша есептеу жүйелік мәселелердің бірі болып табылады.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (20 – 21.04.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өңірдің жүйелі сипатындағы проблемалық мәселелер көтерілді:
1. Тапсырыс берушілердің (мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың) көрсетілген және/немесе жеткізілген тауарлар, жұмыстар, қызметтер үшін ақы төлеу бөлігінде кәсіпкерлік субъектілері алдындағы өздерінің шарттық міндеттемелерін орындамауы туралы.
Мысалы, «Көкшетау Жылу» ШЖҚ МКК кәсіпкерлік субъектілері алдындағы Мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша ақы төлеу бөлігіндегі шарттық міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған.

2. Әкімдіктің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы бойынша функцияларды жүзеге асыруының тиімсіздігі атап өтілді.
Облыс прокуратурасы МСҚБ қызметіне тексеру жүргізді және бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда, пайдалануға беру кезінде қосарланған стандарттарға жол берілді. Нәтижесінде прокурорлық ден қою актісі шығарылды, лауазымды тұлғалар жауапқа тартылды.
Ақмола облысы бойынша ҚСжАЕК басқармасы 2021 жылғы тексерулердің заңдылығы тұрғысынан салыстыру жүргізді. Тексеріс жүргізбестен МСҚБ «Тұрғын үй Академиясы» ЖШС-н әкімшілік жауапкершілікке тартқаны анықталды. Мораторийдің қолданылуы кезінде ЖК «Рашидоваға» қатысты 2022 жылы заңсыз тексерудің ашылуына жол берілмеді.

3. Облыста конкурстар мен аукциондар арқылы елді мекендер мен ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, аудандардағы әкімдіктер аукцион/конкурссыз жер беруді жалғастыруда. Жоғарыда аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды.
Бизнес-омбудсмен сапар соңында өңірдің үш өнеркәсіптік кәсіпорнына барды: «ENKI» ЖШС (құрылыс кірпішін өндіру), ЧК KAZROST Engineering Ltd («КЗ «Ростсельмаш» брендінің ауыл шаруашылығы техникасын өндіру) және «Асыл Арман» ЖШС («НОВОПЭК» компаниялар тобында, полимерлі қаптама өндірісі).
Бизнес-омбудсмен араласқаннан кейін «ENKI» ЖШС-не қатысты іс оның әрекеттерінде әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты тоқтатылды. Бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы сақтау тұрғысынан бұзушылық фактілері расталмады. Кәсіпкердің қорғалған құқық сомасы 19 млн. теңгеден асты.









КҮЙШІНОВ
Руслан Болатұлы

Ақтөбе облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.5. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

- Камералдық бақылау хабарламаларын беру және банктік шоттарға шектеулер қою бойынша мемлекеттік кірістер органдарының заңсыз әрекеттерінен 15 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Ақтөбе филиалының Ақтөбе қаласында тұрмыстық газ беруді шектеу бойынша 62 кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Сотта кәсіпорындарды жосықсыз жеткізушілер тізілімінен шығару туралы іс бойынша 8 кәсіпкердің құқықтары қорғалды.
- Шағын және микро бизнес субъектілеріне 5 жылға дейінгі мерзімге стационарлық емес сауда үшін сауда орындары ұсынылды.
- ҚР Қылмыстық кодексінің 197-бабы бойынша қозғалған «Дәулет» ЖК-не қатысты қылмыстық құдалау тоқтатылды, яғни мұнай өнімдерін олардың шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарсыз тасымалдауға қатысты. Нәтижесінде тәркіленген мүлік кәсіпкерге қайтарылды.
- Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілдің араласуынан кейін Ақтөбе облысының мемлекеттік кіріс органдары өздерінің әрекетін негізсіз деп танып, белгісіз тұлғалардың «FORA Trade» ЖШС-нің тіркеу деректерін пайдалана отырып, ЕЭО тауарларын заңсыз әкелу фактісі бойынша ҚҚС төлемеу түріндегі пайда болған 5 млн.теңгеден астам соманы құрайтын берешекті қайтару туралы «FORA Trade» ЖШС-не жіберілген хабарламаны кері қайтарып алды. Сонымен қатар, құқыққа қайшы әрекеттер жасаған белгісіз тұлғаларға қатысты Экономикалық тергеу департаменті сотқа дейінгі тергеу жүргізуде.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- 5 санат бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы шетелдік жұмыс күшінің тапшылығы (маусымдық жұмысшылар).
- Қолданыстағы газ құбырлары бойынша газ жеткізуді шектеуге байланысты «ҚазТрансГазАймақ» АҚ АФ техникалық шарттарын беру кезінде газ көлемі бойынша шектеу. «Бұхара-Орал» газ құбырының үшінші желісін салу қажет.
- Мектептердегі күн көрісі төмен отбасылардан шыққан балалар үшін тамақтану құны ҚҚС-пен 507 теңге.
- Құрылыс материалдары құнының үнемі қымбаттауы.
- Индустриялық аймаққа инвесторларды тарту үшін жеңілдіктер мен преференциялар (АЭА-ға ұқсас) беру мәселесін қарастыру қажет.
- Qoldau жүйесінде өтінім беру кезінде «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау» бағдарламасы шеңберінде ШҚ БСН бойынша іс жүзінде бар, бірақ ШҚ басшысының ЖСН тіркелген жер учаскелерінің болуы көрсетілмейді.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (11.05.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өте түйткілді мәселелер көтерілді:
1. Құрылыс материалдары құнының қымбаттауына қатысты.
Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының ақпаратына сәйкес 2021 жылы 34 құрылыс нысаны бойынша мердігер компаниялардан шығыстар сметасын қарастыру және түзету жүргізу туралы 14 өтініш келіп түсті, түзетудің жалпы сомасы 3 млрд.теңгені құрады.
Бұл өтініштер бюджетте қаражаттың болмауына байланысты қанағаттандырылмаған.
Бүгінгі таңда Алға ауданы, Маржанбұлақ ауылында мектеп салу бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға түзету жүргізілді, мердігер «Интерстиль» ЖШС. Сондай-ақ, Ембі қаласында мектеп салу бойынша жобалық-сметалық құжаттамаға түзету енгізу мәселесі шешілуде, мердігер «РусТал» ЖШС.



2. Жерге арналған базалық салықтық мөлшерлеменің түзету коэффициентіне қатысты. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 350 шешімі бойынша индустриялық аймақтың жерлеріне қатысты қолданылатын жер учаскелері үшін төлемақының базалық мөлшерлемесіне түзету коэффициенті 1,5 коэффициентті құрайды.

Прокуратурада келесі проблемалық мәселелер талқыланды:
Облыстың Мемлекеттік кірістер департаменті камералдық бақылау нәтижелерінен кейін оңайлатылған жүйе бойынша жұмыс істейтін 417 кәсіпкерлік субъектісінен ҚР Салық кодексінің 683-бабы 4-тармағының 4 және 5-тармақтарының бұзылуына байланысты жалпыға бірдей белгіленген тәртіпке көшуді талап етеді.



Прокуратура салық органына қатысты банктік шоттар бойынша шығыс операцияларына тыйым салу туралы қаулының және хабарламаны орындалмады деп тану туралы шешімнің күшін жою туралы, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындалды деп тану туралы мәселені қойып, шаралар қабылдады. Кәсіпкерлердің құқықтарын бұзғаны үшін Ақтөбе облысы бойынша МКД басшысының бұйрығымен Ақтөбе қаласы бойынша МКД бас маманы А.Ж. Бейсенбіге ескерту жарияланды.

Қостанай облысы бойынша шекаралық өткел арқылы «Fora Trade» ЖШС-нің тіркеу деректерін пайдалана отырып, ЕЭО аумағынан тауарларды заңсыз әкелу бойынша проблема туындаған. Нәтижесінде бұл ЖШС-де бюджет алдында жалпы сомасы 5 380 639 теңге төленбеген ҚҚС түрінде берешек пайда болды.
Бизнес-омбудсменнің араласуынан кейін Ақтөбе облысының мемлекеттік кіріс органдары жіберілген хабарламаны кері қайтарып алды. Сонымен қатар, заңды бұзған белгісіз тұлғаларға қатысты Экономикалық тергеу департаменті сотқа дейінгі тергеу жүргізуде.

1.6. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

- Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасы өңірдің 300-ден астам кәсіпкерлеріне көмек көрсетті, 2021-2022 жылдары 2 млрд. теңгеден астам сомаға кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды.
- Өңірдегі кәсіпкерлік субъектілері үшін жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуден бас тарту туралы шағымдарды шешу мүмкін болды.
- 4 кәсіпкерге қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Өндірістерде техникалық білімі бар кадрлардың/мамандардың жетіспеушілігі.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске қысым жасау.
- Құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстық қудалауға заңсыз тарту.
- Өңірде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұсыну үшін конкурстар өткізбеу.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (15.09.2022 Ж.)

Қонаев қаласында кәсіпкерлерді жеке қабылдау өткізілді.

Жеке кәсіпкер «Әбдіровке» 81 млн. теңгеге жуық шығын келтірілді.
Жасалған өтеусіз пайдалану шартына сәйкес 2021 жылғы наурыздан бастап 11 мамырға дейін ЖК «Әбдіровтің» ғимаратында COVID-19 науқастарына арналған инфекциялық стационар орналастырылды.
Мамыр айынан бастап Іле ауданының әкімдігі мен Іле ОАА басшылығы кәсіпкердің мүлкін заңсыз пайдаланғаны белгілі болды. Олар кәсіпкердің жазған хаттары мен талаптарына жауап бермеген.

«Фирма Бент» ЖШС еліміздің теміржол саласындағы қолданыстағы сатып алу саясатын өзгертуге ықпал етуді сұрады.
«Фирма Бент» ҚР теміржол инфрақұрылымы үшін еуропалық стандартты рельсті бекітпесі бар темірбетон шпалдарының ірі отандық өндірушісі болып табылады.
Өнімді сату негізінен «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ өткізетін тендерлер аясында немесе жеке мердігерлік ұйымдары арқылы жүзеге асырылады, олар «Теміржолжөндеу» ЖШС және «Integra Construction» ЖШС. Өндірушілер шығаратын өнімнің тек 30%-н тікелей сатуды жүзеге асырады, ал қалған көлемін жоғарыда аталған мердігер ұйымдар сатып алады. Бұл ретте мердігер ұйымдар бұл үшін өндірістік желінің болмауына байланысты өнімнің осы түрін өндіре алмайды, олар тек осындай зауыттардан сатып алынған өнімдерді «Қазақстан Темір Жолына» қайта сатумен айналысады және ешқандай да күш жұмсамайды.

Қонаев қаласының кәсіпкерлер палатасы бірқатар мәселелерді назарға алды, жергілікті деңгейде пысықтайтын болады.

Сондай-ақ бизнес-омбудсмен облыс әкімі Маратпен Сұлтанғазиевпен кездесті







ЖОЛДЫБАЕВ Сәрсенбай Қамидоллаұлы

Атырау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

- 2021 және 2022 жылдардағы 12 айда 600-ге жуық кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері қаралды, оның 300-і бұзылған құқықтарды қорғау мәселелері бойынша. 45,7% жағдайда кәсіпкерлердің құқықтары қорғалған, экономикалық тиімділік - 532 732 443 теңгені құрады.
- МКД-мен салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлерден қосымша мәліметтер жинау тәртібі туралы мәселе реттелді.
- «МельхиОйл» ЖШС-не қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Ет мал шаруашылығы мәселелері (критерийлерді төмендету және ІҚМ-ны біржолғы ұстауды 500 бастан бастап бекіту мәселесі).
- «Қазақстандық жұмыстар мен қызметтерді өндіруші» мәртебесін қайта қарау - компанияның жарғылық капиталына ҚР азаматының кемінде 50% қатысуы туралы талаптар.
- Кәсіпкерлік субъектілеріне электр энергиясына тарифтерді (33,45 т/кВт.сағ., ҚР бойынша орташа-25,39) жеке тұлғалар үшін тарифтермен (5,71 т/кВт.сағ ., ҚР бойынша орташа – 14,57) теңестіру.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске қысым жасау (шағын бизнесті тексерудің жоғары үлесі, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының заңсыз тексерулер фактілерінің болуы).

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (06.12.2022 Ж.)

Жеке қабылдау барысында бизнес субъектілері бірқатар проблемаларды айтты. Олардың қатарында «Атырау қаласының Жолаушылар тасымалы қауымдастығынан» өтініш келіп түсті, олар азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдікпен жол жүргені үшін өтемақы төлеу мәселесін шешуге көмек сұрады.

Белгілі болғандай, **бірде-бір құжат тиісті нормативтік-құқықтық актімен бекітілмеген, жолаушыларды тасымалдайтын компаниялармен ауызша келісім бар. Осы себепті, бүгінгі күнге дейін олар ешқандай өтемақы ала алмайды және осы қызметтерді ұсыну арқылы біршама шығынды көтеріп отыр. Нәтижесінде 2019-2022 жылдары көрсетілген қызметтердің жалпы құны 1,3 млрд. теңгеден асты, оның ішінде өтемақы сомасы 785 млн.теңгеден асты.**

Тасымалдаушылар осы мәселеге қатысты бірнеше рет Атырау қаласының әкімдігіне жүгінген. Сондай-ақ, осы мәселе бойынша қала прокуратурасы Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атына заң бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс енгізді. Палата өз кезегінде прокуратураға жоғарыда аталған мәселе бойынша өз ұстанымын сараптамалық қорытынды түрінде жолдады.

Биыл ғана қалалық мәслихат қаулысының жобасы қабылданды. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар тасымалдаушыларға субсидия беру туралы шешім шығарды. Әзірге тасымалдаушылар ешқандай төлем алған жоқ, сондықтан мәселе ашық күйінде қалып отыр.

Кездесу барысында айтылған тағы бір проблемалық мәселе - облыстың бірқатар Кредиттік серіктестіктерінің «Атырау» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ алдындағы берешегі.

Кәсіпкерлер адал жауапкерлерді ортақ жауапкершіліктен босатуға жәрдем көрсетуді және Шарт талаптарын бұзған жауапкерлерден қалған берешекті өндіріп алуды сұрайды.

Қабылдау барысында кәсіпкерлерден мемлекеттік органдар тарапынан заңсыз тексерулер және негізсіз қылмыстық құдалауға тарту жөнінде көптеген өтініштер келіп түсті.

Мысалы, «Сенимди Құрылыс» ЖШС өкілдері қылмыстық құдалау органдарының әрекеттері нәтижесінде қылмыстық сот ісін жүргізуге негізсіз тартылдық деп шағымданды.

Атап айтқанда, ағымдағы жылдың жазында «Теңізшевройл» ЖШС 3-ші буын зауытында су сынағынан кейін құбырды кептіру рәсімін жүргізу кезінде фланецті қосылыстың үзілуі орын алды. Нәтижесінде «Сенимди Құрылыс» ЖШС-нің 2 жұмысшысы қаза тауып, тағы 2 жұмысшысы жарақат алды.

Жергілікті бизнестің проблемалық мәселелері облыс басшылығымен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментімен, облыстық прокуратурамен және облыстық сотпен кездесулерде талқыланды.





www.ombudsmanbiz.kz



НИГИШЕВА
Мағрипа Қайырқызы

Батыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.8. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- «Global information systems» ЖШС Бас директорының «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не орындалған жұмыстар актілерін қабылдау және 79 650 355 теңге мөлшерінде берешекті өндіріп алу туралы талап-арызына қатысты өтініші бойынша іс жүргізу құжаттарын дайындаумен сотта бизнес субъектісіне толық құқықтық сүйемелдеу көрсетілді.
- Талапкердің (Мемлекеттік органның) талап қою талаптарын негіздеу кезінде материалдық құқық нормаларын дұрыс қолданбағаны анықталды және 11.02.2020 ж. «Юнекс» сауда үйі» ЖШС-не 979 635 485 теңге сомасына Орал қаласы бойынша МКҚ-ның талабын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім шығарылды.
- Мектепте тамақтандыруды ұйымдастырумен айналысатын кәсіпкерлердің өтініштері бойынша әкімшілік кедергілерді жоюға екі рет көмек көрсетілді.
- Облыстың орта білім беру мектептерінде тамақтандыру қызметтерін көрсететін кәсіпкерлермен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын орындауды бұзу мәселесі жедел шешілді (ЖК Зотова Е.И., «Отау-Алан» ЖШС және т. б.).
- «Global information systems» ЖШС Өңірлік IT-компаниясы «Орал қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-нің «Орал қаласының ТКШ, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ-не бұрын төленген 53 млн.101 мың теңге мөлшеріндегі соманы қайтару туралы талабын қарау кезінде толық құқықтық сүйемелдеу көрсетілді.
- Тасқала ауданы әкімдігінің жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдау бойынша шығындарды уақтылы субсидияламауына қатысты «Бакыттранс» ЖШС аудандық жолаушылар тасымалдаушысының мәселесі шешілді.
- Кедендік тексеру нәтижелері бойынша қосымша есептеулермен келіспеуге байланысты «Isker-fruit» ЖШС жәрдем көрсетілді, жалпы сомасы 68.748.445 теңгеге бизнес субъектісінің талап-арызы толық қанағаттандырылды.
- БҚО Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты «АгроТраст» сервистік-дайындау орталығы» ЖШС 23 млн.теңгені қосымша есептеу бөлігінде МКД хабарламасын заңсыз деп таныды және күшін жойды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау үшін қаражаттың болмауы.
- Құрылыс материалдары бағасының өсуіне байланысты ЖСҚ түзету мәселесі.
- Электр энергиясын өндірушіден тікелей сатып алу.
- Дизель отынына баға белгілеуді реттеу мәселесі.
- «Маштаково» РФ өту пунктінің ішкі шекаралық инфрақұрылымының жетілмегендігі.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ БҚО-ДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (07.06.2022 Ж.)

Сапар аясында облыс әкімімен, құқық қорғау жүйесі органдарының басшыларымен, облыстық сот төрағасымен кездесу өтті.



Өңірлік бизнес-қоғамдастықтың өзекті мәселелері атап өтілді.

Құрылыс ресурстарының қымбаттауы себебінен жоба құнының 10%-дан астам артуы орын алған құрылыс жобаларын түзетуді бақылауға алу ұсынылды. Облыс бойынша осы уақытқа дейін түзетуге жататын 11 жоба бойынша төлемдер жүргізілмеген. Бұл ретте, 7 жоба бойынша сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Жәнібек, Казталов, Жаңақала және Бөкей ордасы аудандарының ауыл кәсіпкерлері облыс аумағында ақбөкендердің санын көбейту мәселесін көтерді. Олар жайылымдар мен шабындық алқаптарды жойып, жерді мал шаруашылығына жарамсыз етеді, шаруа қожалықтары үшін шығын әкеледі.



Қолданыстағы резерватты бақылауды күшейту, фермерлік қожалықтардың аумақтарын қоршауды субсидиялау, ақбөкендердің санын бақылауды күшейту, ет дайындау бойынша арнайы шаруашылықтарды анықтау және т. б. ұсынылды.

Сондай-ақ бизнес-омбудсмен облыс әкімінің қатысуымен БҚО прокуратурасы мен өңірлік кәсіпкерлер палатасының «Бизнесті бірге қолдаймыз» атты бірлескен форумына қатысты.

Форум соңында бизнесті қорғаудың 2022-2023 жылдарға арналған бірлескен Жол картасына қол қойылды.
Жол картасына бизнестің жүйелі мәселелерін шешу, атап айтқанда кредит беру, жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу, кәсіпкерлерді негізсіз құдалау фактілерінің жолын кесу және оларды қылмыстық құдалауға тарту, сондай-ақ басқа да бағыттар бойынша өзекті мәселелер енгізілді.



ЕРГЕБАЕВ
Нұралы Баянбайұлы

Жамбыл облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.9. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

- Ауылдық елді мекендердегі 126 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар үшін ата-аналық төлем мөлшері 2 000 (екі мың) теңгеге 6-дан 8 мың теңгеге дейін, облыстық маңызы бар Тараз қаласында 63 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар үшін 10 000 (он мың) теңгеден 14 000 (он төрт мың) теңгеге дейін, яғни 4 000 теңгеге ұлғайтылды.
- Республикалық проблемалар тізіліміне «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығына балдық жүйені айқындау бөлігінде өзгеріс енгізу мәселесі енгізілді.
- Су кодексінің тұжырымдамасына сумен емдеу үшін арнайы рұқсат беру бойынша өзгерістер енгізіледі.
- «ЖЭС» ЖШС СЕМ тіректеріне кабельдерді жалға беру (ілу) бойынша 520 кәсіпкердің құқықтары қорғалды, жалдау шартына қол қою туралы 75 хабарлама қайтарып алынды.
- «Альмира-Құаныш» ЖШС өтінішін қарау нәтижелері бойынша прокуратура мен Палата 20 кәсіпкердің құқығын қорғап, жарнама белгісі үшін жалпы сомасы 653 000 теңгені құрайтын алымдарды қайтарып берді, 1 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Орман қоры жерлерін жайылымдық жерлер мен шөп шабу үшін коммуналдық қорға қайтару.
- Жамбыл облысының газ желісі ұйымдары үшін сұйытылған мұнай газының жеткіліксіз көлемі.
- Мектепке дейінгі ұйымдар үшін 1 жастан 3 жасқа дейінгі және 6 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларды қаржыландыруды шешу мәселесі.
- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің субсидия түрінде мемлекеттен қолдау алу мүмкін еместігі, өйткені олар орман қорындағы жерлерді жалға алып отыр.
- Ауылдық округтің әрбір елді мекеніне кепіл мүлкі құнының шаршы метр саясатына байланысты АКК арқылы кредиттер алу проблемалары.
- «Сауда қызметін реттеу туралы» ҚРЗ 10-бабының 2-3-тармағы «сауда нарықтарын жаңғырту бойынша норманың қолданылуын тоқтата тұруды 01.01.2026 ж. дейін ұзарту қажеттілігі.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (14.11.2022 Ж.)

Жеке қабылдауда «Белдерсай» шаруа қожалығының басшысы Н.М. Есенқұлов «Балық шаруашылығы құрылыстарын жүргізу және оларға қызмет көрсету үшін» 10 жыл мерзімге жалға берілген жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту мәселесіне қатысты жүгінді. Бұл мәселе 2021 жылы Кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі кеңесте қаралған болатын.
Нысаналы мақсатын өзгерту мәселесі Жамбыл облысы әкімінің 19.10.2022 жылғы кәсіпкерлермен кездесу Форумында да айтылды. Жер қатынастары басқармасының басшысына тапсырма берілді. Алайда, мәселе әлі шешілмеген.



ЖК Индира Маханова жергілікті халықтың кәсіпкерлік қызметке араласуына қатысты өтініш білдірді. Аукционда ол «Антенна-діңгек жабдығын орнату үшін» нысаналы мақсаты бар жер учаскесін сатып алды. ЖК-де барлық рұқсат құжаттары бар. Алайда, ЖК АДЖ жабдықты орнатуға және бөгде адамдардың АДЖ аумағына кірмеуі үшін қоршауға мүмкіндігі жоқ. Аса (10) шағынауданының іргелес үйлерінің тұрғындары АДЖ функциясын жүзеге асыруға үзілді-кесілді қарсы, өйткені олар ұялы жабдық денсаулыққа зиян деген қате ақпаратты естіген және апат кезінде жоғарыда аталған діңгек көппәтерлі тұрғын үйлерге зиян келтіруі мүмкін дейді.



«ӘулиеатаТрансПасс» ЖШС мысалында тасымалдаушылардың қалаішілік маршруттарын субсидиялау мәселесі туралы компания директоры Рашид Пірманов айтып берді. Компания 2004 жылдан бастап жолаушыларды тасымалдау қызметімен айналысады, кәсіпорында барлығы 240 қызметкер жұмыс істейді, оның ішінде 170 жүргізуші. Баланста 150 автобус бар, оның ішінде күн сайын жолаушыларды тасымалдау бойынша рейстерге 130 автобус шығарылады. Автобустар мен жүргізушілердің жетіспеушілігіне байланысты 16 бағыт рейстерді орындамайды.

Кәсіпкерлер жеке қабылдауда айтылған барлық мәселелерді бизнес-омбудсмен жеке бақылауға алды. Сондай-ақ, облыс әкімімен және прокурормен кездесуде барлық проблемалар айтылды.



КЕРІМБАЕВ
Думан
Жармұхаметұлы

Жетісу облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.10. ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

- 12 кәсіпкердің құқығы қорғалды.
- Кәсіпкердің өтініші бойынша «Қайнар-АКБ» компаниясы қылмыс құрамының болмауына байланысты қылмыстық істі тоқтатуға қол жеткізді.
- Құс фермасын салу жөніндегі инвестициялық жобаны іске асыру үшін «А.П. Аксенов» ШҚ тиісті жер учаскесін алу мәселесі шешілді.
- Меншік құқығын тану бойынша «Фирма «Сәттілік» ЖШС проблемалық мәселесі шешілді.
- «Ақ-бұлақ продукт» ЖШС сүт өнімдерін өндірушісінің мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы мәселесі шешілді.
- «Мақсат» ШҚ, «Еркенов» ШҚ және «Алмас» ШҚ бірнеше аудандардың аумағында жер учаскелері бар шаруашылық субъектілерінің ауыл шаруашылығы жануарларын қайта тіркеу туралы проблемалық мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Бақылау-қадағалау органдары тарапынан бизнеске түсетін қысым.
- Құрылыс материалдары құнының артуы.
- Өндірістерде техникалық білімі бар кадрлардың/мамандардың жетіспеушілігі.
- Құқық қорғау органдары тарапынан қылмыстық құдалауға заңсыз тарту.
- Өңірде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге конкурстар өткізбеу.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (13.09.2022 Ж.)

Өңір кәсіпкерлері бизнес-омбудсменге өздерінің құқықтарының бұзылуы мен жүйелік проблемалары бойынша тікелей жүгіне алды. Олардың шағымдары көбінесе жергілікті атқарушы және құқық қорғау органдардың заңсыз әрекеттеріне қатысты болды.
Атап айтқанда, «Қайнар-АКБ» ЖШС ЖК-мен өзара есеп айырысу бойынша Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментімен қозғалған қылмыстық іс және жоспардан тыс тексеру жөнінде жүгінді. 01.01.2017 ж. бастап 31.12.2021 ж. аралығында аккумуляторлық батареялардың қалдықтары мен сынықтарын, пайдаланылған аккумуляторларды жеткізетін жеке кәсіпкерлермен өзара есеп айырысу тексеру үшін негіз болды.
Айта кету керек, жарамсыз батареяларды қайта өңдеуге және олардан жаңа батареялар жасап шығаруға болады. Осыған байланысты, жеткізушілерден батареяларды қабылдау тоқтатылмайды. Кездесу қорытындысы бойынша заңдылықтың бұзылуына нұсқау беріліп, мәселе облыс прокурорына жеткізілді. Қылмыстық құрамның болмауына байланысты қылмыстық іс тоқтатылды.



«Ақ-Булак Продукт» ЖШС сүт жеткізу бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы проблемалық мәселемен жүгінді. Жасалған шарттардың талаптары бойынша ЖК шикізат-сүт қабылдау шарттары негізінде Сарқан және Ақсу аудандарының тұрғындарынан сүт сатып алу жолымен «Ақ-Булак Продукт» ЖШС-не тұтас сүтті жеткізетіні белгілі болды. Бұл жағдайды Сарқан және Ақсу аудандарының тұрғындары растайды, олар соңғы 10 жылда ЖК арқылы Сарқан май зауытына, яғни «Ақ-Булак Продукт» ЖШС-не тұтас сүтті тапсыратынын растайды.



Алматы облысында ТЖ режимі қолданылған кезде құқықтық тәртіп күштерін тамақтандырғаны үшін төлем алмаған қоғамдық тамақтандыру саласындағы кәсіпкерлердің проблемаларын бизнес-омбудсмен жеке бақылауға алды.

Аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды.

Сондай-ақ, Рустам Жүрсінов құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесіп, «Қайнар-АҚБ» ЖШС-де болды.



АСҚАРОВ
Әлхайдар Трайкенұлы

Қарағанды облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.11. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

- Облыстың халық саны 5000 адамнан кем елді мекендерінде қала құрылысы құжаттамасының болмауы туралы мәселе реттелді.
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі жер учаскелерін мемлекет пен мемлекеттік ұйымдардың өз бетінше иеленуіне қатысты түскен шағымдарды шешуге мүмкіндік туды.
- «Автотехдизель» ЖШС, «ҚазИнтерСервис» ЖШС және «Қазмегастрой» ЖШС кәсіпкерлерін қылмыстық қудалау тоқтатылды.
- «Саранькоммунсервис» ЖШС мемлекеттік кәсіпорны 90 кәсіпкерге берешегін төледі.
- «АртСпорт» жобасы бойынша 318 млн. теңге сомасында мәселе шешілді, мемлекет тарапынан 94 кәсіпкерге берешек төленді.
- Кәсіпкерлерден түскен өтініштердің 68%-ы оң шешілді, сомасы 1 млрд. 700 млн. теңге.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Мемлекеттік кірістер органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз беруі.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Сатушыларды емес, ӘҚБтК-нің 200-бабы бойынша ЖКС әкімшілік жауапкершілікке тарту.
- ҚҚС шегін азайту және SNT енгізу.
- Тауардың кері экспортын жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін жүк транзиті үшін ҚТЖ тарапынан қосымша есептеу.
- Жұмыстың басталуы кезіндегі елеулі уақытша және қаржылық шығындармен байланысты жер қойнауын пайдалану саласындағы әкімшілік кедергілер.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (04 – 05.07.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде және дөңгелек үстелде өңірдің неғұрлым проблемалық мәселелері көтерілді:

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Ұлт жоспарының 49-қадамына сәйкес Қазақстан Еурокодтарға көшті. Қазіргі уақытта жобалау ұйымдарында мынадай жағдай қалыптасты: бұрын ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындылары алынған жұмыс жобаларын түзету қажеттілігі туындады. Құрылыс конструкцияларын есептеу әдістемесіне әсер ететін ҚНжЕ жойылды. Құрылыс конструкцияларын есептеу кезінде жойылған ҚНжЕ орнына жобалау ұйымдары ҚР ҚН EN пайдалануы тиіс. Бүгінгі таңда елімізде қолданыстағы ҚР ҚН EN қолдана отырып есептеуге бейімделген бағдарламалық өнім мен есептеу әдістемесі жоқ.
Құрылыс индустриясының жергілікті зауыттары EN сәйкес материалдарды шығаруға дайын емес. Еуропа елдерінен материалдарды жеткізу құрылыстың сметалық құнының едәуір өсуіне алып келеді, бұрын әзірленген жобаларда көзделген қазақстандық мазмұн азаяды.



Облыс прокурорымен кездесуде «Петроресурс» ЖШС бойынша жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға қатысты мәселе көтерілді.

Облыс әкімдігі мен «Петроресурс» ЖШС арасында Қарағанды облысының «Петровское» кен орнында құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге келісімшарт жасалды.



Облыс әкімдігі жалпы ауданы 234,1 га тау-кен бөлуді ұсынды, бұл ретте тау-кен бөлудің жалпы алаңынан жер учаскесі тек 3,7 га аумаққа берілді. Облыс прокуратурасы жүргізген тексеру барысында бұрын берілген өтініш бойынша облыстың Жер қатынастары басқармасы Жер комиссиясының отырыстарына қате мәліметтер беретіні анықталды. Жер кадастрын жүргізетін орган 1987 жылғы және 2005 жылғы осы түгендеу негізінде жердің сапасын суармалы жерлерге (жер заңнамасында көзделмеген) өзгертеді.

Бұл мәселе облыс прокурорының бақылауына алынды.



ДӘУЛЕТПАЕВ
Ренат Болатұлы

Қостанай облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.12. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

- «Beef Export Group» ЖШС инвесторының құқығы қорғалды. Өндірілген сиыр еті үшін субсидиялар беру қамтамасыз етілді (500 млн.теңге), ЖАО жер учаскесін қайтару туралы талап-арызды қайтарып алды.
- Банк операциялары бұғатталған 4 компаниядан шектеу шаралары алынып тасталды.
- Сот тәртібімен 9538 гектар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіден ауыртпалықтар алынып тасталды, айыппұлдар мен ЖАО ұйғарымдары жойылды.
- Жол битумының тапшылығы проблемасы шешілді, «Қаражанбасмұнай» АҚ-мен 130 мың теңгеден (делдалдардың бағасы 230-дан 250 мың теңгеге дейін) тікелей шарттар жасалды, бизнестің қажеттілігі 43 мың тонна болған жағдайда 4 млрд теңгеден астам үнемделді.
- 5 бизнес субъектісінің мүдделері сот тәртібімен қорғалды, енді олар асыл тұқымды мал шаруашылығы бағыты бойынша берілген субсидияларды қайтармайтын болды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Агроөнеркәсіптік кешенде ғылыми көзқарастың болмауы, ауыл шаруашылығының әлеуетін арттыру үшін агрономиялық ғылымды дамытудан және оны бизнес қажеттіліктеріне бағыттаудан бастау керек.
- Агроөнеркәсіптік кешендегі кадрлар тапшылығы.
- Салық және кеден заңнамасының тұрақсыздығы.
- Қолданыстағы субсидиялау тетіктері кезінде аграршылар іс жүзінде мемлекеттік қолдау шараларын сезінбейді. Шаруаларға субсидия төленгеннен кейін тауар жеткізушілері сатып алынған тауардың бағасын көтереді.
- Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлік субъектілерімен даулар бойынша сотқа дейінгі реттеуге құлықсыздығы, осыған байланысты негізсіз сот дауларының артуы байқалады.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (28 – 29.04.2022 Ж.)



Облыс әкімімен кездесуде жүйелі мәселелер көтерілді, сондай-ақ жеке мәселелер де қаралды.
1. Облыс орталығында әлеуметтік маңызы бар қалалық және қала маңындағы маршруттар бойынша жолаушылар тасымалдаушыларын субсидиялау бойынша жауапты мемлекеттік органдардың жұмысының жеткіліксіздігі атап өтілді.
Тарифтер тасымалдау шығындарын өтемейді, Қостанай қаласының әкімдігі белгіленген тариф пен нақты шығындар арасындағы айырманы шамамен 46%-ға өтейді. Бұл мақсаттарға бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінді, ал нақты қажеттілік кемінде 3 млрд.теңгені құрайды. Сонымен қатар, төлемдер үлкен кідіріспен беріледі.
2. Жекеменшік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшылары жергілікті атқарушы органдардың жекеменшік балабақшалармен өзара қарым-қатынас жасасудағы жұмысының тиімділігі жеткіліксіз дейді. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша проблемалар бар.
Ағымдағы жылы жан басына шаққандағы қаржыландыру 41 718 теңгені құрайды. Ең төменгі жалақының, салық аударымдарының, жалақыны 25%-ға ұлғайту жөніндегі міндеттемелердің ұлғаюына байланысты бөлінетін қаражат тәрбиеленушілерді ұстауға арналған барлық шығыстарды өтемейді. Есептеулер бойынша 1 балаға қаржыландыру сомасы 57 000 теңгені құрауы тиіс.
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда тамақтану үшін ақы төлеуге қатысты осыған ұқсас жағдай қалыптасты. Облыс әкімдігінің қаулысына сәйкес 2022 жылға 1 балаға ата-ана төлейтін төлем: 1 жастан 3 жасқа дейін – 13 745 теңге, 3 жастан 6 жасқа дейін - 16 012 теңге. Бұл сомалар нақты шығындарды өтемейді, өйткені азық-түлік құны 60-70%-ға өсті.
4. Жергілікті атқарушы органдардың жер қатынастары саласындағы қызметіне қатысты өңірлік бизнестің айтар шағымы бар.
Атап айтқанда, «LW LARGO WINCH» ЖШС құрылтайшысы Г.А.Бадалянның мәселесі талқыланды, 2015 жылы Қостанай қаласының әкімдігі Г. А.Бадалянға үй салу үшін жер учаскесін берді, бұл ретте жалдау құқығы 2019 жылдың қыркүйегіне дейін ұзартылды. Қазіргі уақытта үй салынды, әрлеу жұмыстары жүргізілуде.
Ағымдағы жылдың ақпан айында Г. А.Бадалян Қостанай қаласының әкімдігіне үйді пайдалануға беру үшін учаскені жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішпен жүгінді. Қостанай қаласы әкімдігінің жанындағы жер комиссиясы оң қорытынды шығарды. Сонымен қатар, Қостанай қаласының жер қатынастары бөлімі жерге орналастыру жобасын бекітті.
Алайда, қала әкімдігі учаскені жалға алу мерзімін ұзартудан бас тартты. Қазіргі уақытта қала әкімдігі жер комиссиясына өзі берген оң қорытындының күшін жою бойынша негізсіз талап-арыз беруде.



ҚҰЛМАХАН
Салауат Аязбайұлы

Қызылорда облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.13. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

- 140-тан астам бизнес субъектілерінің құқықтары қалпына келтірілді, лицензия беруден негізсіз бас тартқаны үшін Қызылорда облысының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасының басшысы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.
- Құрылыс бизнесі субъектілерінің 20 млн. теңгеден астам сомаға мүліктік құқықтары қорғалды.
- Сотта 60 Мемлекеттік сатып алу шарты бойынша 10-нан астам кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары қорғалған. 27 азаматтық іске қатысты, 15 млн. теңгеден астам сомаға мүліктік құқықтар қорғалды.
- 72 жер пайдаланушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді, қорытындысы бойынша Қызылорда қалалық Жер қатынастары бөлімінің басшысы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
- Кәсіпкерге заңсыз нұсқама бергені үшін Қызылорда қаласының Сәулет және қала құрылысы бөлімінің лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.
- Елде төтенше жағдай мен шектеу шараларын енгізу кезеңінде 405 жекеменшік мектепке дейінгі мекемелерге 2 млрд. 300 млн. теңгеден астам сомаға мемлекеттік білім беру тапсырысын төлеуге жәрдем көрсетілді.
- Жалпы сомасы 272 млн.теңге мөлшерінде мемлекеттік сатып алу (жұмыстар, тауарлар, көрсетілетін қызметтер) шарттары бойынша берешекті төлеу бойынша 10-нан астам кәсіпкерлік субъектілеріне жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкерге жалпы ауданы 0,4863 га, құны 28 млн. теңгені құрайтын жер учаскесін сақтауға жәрдем көрсетілді (учаскеде Қызылорда қаласының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық бөлімінің теңгерімінде орналасқан футбол және спорт алаңы орналасқан, бұл құрылысты бастауға ғана емес, рұқсат құжаттарын алуға да кедергі болды).
- Жер учаскесін алып қою жөніндегі азаматтық істі қарау кезінде кәсіпкердің 72 млн. теңге сомасына мүдделері қорғалды (берілген жер учаскесінде жеке тұлғаның жер учаскесі бар деген жапсырма бар).

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі (subsidy.plem.kz; subsidies.qoldau.kz) (ҚР АШМ операторы) мен электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі (ЭШФ АЖ) (esf.gov.kz) (ҚР ҚМ МКК операторы) арасында өзара ақпараттық қарым-қатынастың болмауы.
- Мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша бизнес субъектілерін сот дауына тарту.
- Газ құю станцияларының сұйытылған мұнай газын тікелей сатып алуға қатысуындағы кедергілер туралы.
- Жергілікті атқарушы органдардың өндірістік кәсіпорындардың санитарлық қорғау аймақтары шегінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беруі бизнес субъектілерінің қызметін тоқтата тұруға алып келеді.
- Білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қызметтерді, тауарларды сатып алудың төмендетілген құны.
- Газ құю станцияларының сұйытылған мұнай газын тікелей сатып алуға қатысуындағы кедергілер туралы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (17 – 19.11.2022 Ж.)

Жеке қабылдауда «Компания Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС бас басқарушысы У. Ченьхуа өндірістік объектілердің санитарлық-қорғау аймағын құру мәселесі туралы айтты.

Қызылорда облысы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметтеріне сәйкес өңірде СҚА мөлшерін азайтуға 15 кәсіпкерлік субъектісі 67 рет өтініш берген, барлық жағдайларда қорытынды беруден бас тартылған.
Жергілікті атқарушы органдардың өндірістік кәсіпорындардың санитарлық аймақтары шегінде жеке тұрғын үй құрылысына жер учаскелерін беруі бизнес субъектілерінің қызметін тоқтата тұрудың жаппай жағдайларына әкелуі мүмкін.

Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі мәмілелерді жарамсыз деп тануға қатысты болды. Қызылорда облысы бойынша 2022 жылдың 9 айында мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы 150 азаматтық іс қаралды, оның 149-н кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты мемлекеттік кірістер органдары берді, олардың нәтижелері бойынша талап арыздардың 124 немесе 83% қанағаттандырылды, 25 немесе 17 % қанағаттандырудан бас тартылды.

Сондай-ақ, №117/118 «Қызылорда-Павлодар» пойызының жүрдек режимін ұлғайту қажеттілігі, қоршаған ортаға эмиссияларды айқындау жөніндегі экологиялық заңнаманы сақтау, ауыл шаруашылығы жануарларына жем-шөп шығындарының құнын субсидиялау үшін жергілікті бюджетте қаражаттың болмауы, «Қызылорда су жүйесі» ШЖҚ МКК қатысты оңалту рәсімін қолданудың салдары туралы мәселелер айтылды.
Кәсіпкерлерді тыңдап, бизнес-омбудсмен олардың арқайсысын егжей-тегжейлі қарауға уәде берді.

Облыс прокуроры Нұрлан Бижановпен кездесу аясында Қызылорда облысының прокуратурасы мен Кәсіпкерлер палатасы арасындағы 2023 жылға арналған ынтымақтастықты іске асыру жөніндегі өңірлік жоспарға қол қойылды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыстық соттың төрағасы Әділхади Шығамбаевпен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Серікжан Мырзалымен және облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен кездесті.







ӘМІРОВ
Серік Саматұлы

Маңғыстау облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.14. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

- Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының 72 кәсіпкеріне 2021 жылы жер учаскелерін мемлекет меншігіне мәжбүрлеп алып қоюға қатысты көмек көрсетілді.
- Кәсіпкерге сот органдарында салықтық тексеруді заңсыз деп тану туралы көмек көрсетілді.
- Шектеу шараларының қолданылуы кезеңінде «кафе» қызметін мәжбүрлеп тоқтата тұру бойынша Маңғыстау облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау талабына шағымдану бойынша сот органдарында кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Маңғыстау облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Маңғыстау ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы ұсынған мүлікке салық төлеуді есептеу туралы негізсіз ұсынылған хабарлама фактісі бойынша шағым шешімін тапты.
- Кеден органдарының кедендік декларацияны түзетуден бас тартуына қатысты шағым мәселесі шешілді.
- 2022-2024 жылдарға арналған Жаңаөзен қаласында бизнесті дамытуды ынталандыру және жұмыс орындарын құру мәселесі шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны ұстап тұру бойынша өңір әкімдігі тарапынан бизнеске жанама қысым жасау.
- Құрылыс саласында инженерлік желілердің, газ желілерінің, судың тапшылығы.
- ҚР ҚМ МКК электрондық декларациялау орталығы тауарлардың кедендік құнын бақылау процесінде бизнеске артық қысым көрсетті.
- Өңірде туристік инфрақұрылымның болмауы (дәретханалар, жол бойындағы кафелер, ақпарат орталығы және т.б.).
- Табиғи монополиялар субъектілері тарапынан кәсіпкерлер үшін шарттар талаптарының елеулі теңсіздігі.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (06.12.2022 Ж.)

Құқық қорғау органдарының басшыларымен кездесуде мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері, заңсыз тексерулер және әкімшілік кедергілер басты талқылау тақырыбы болды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар да айтылды.

Жеке қабылдау барысында **«Айдана-ИК» ЖШС** өкілдері мемлекеттік сатып алу туралы шартқа қосымша келісім жасасу, оған қол қою және қосымша салынған ғимараттарды салу үшін қаржыландыруды бөлу туралы мәселені шешуге көмек сұрады. Олар тапсырыс беруші-мемлекеттік мекеме бұл нысандарға ЖСҚ әзірлемегенін және оларды салу үшін қаражат аудармағанын атап өтті.

«Каскор-Машзавод»ЖШС форс-мажорлық жағдайларға байланысты мәселелерде көмек сұрады. Форс-мажорлық жағдайларға байланысты кәсіпкерлер арнайы сертификацияға қол жеткізе алмай отыр.
Нәтижесінде мұнай компанияларындағы тапсырыс берушілер өз тауарларын уақтылы ала алмайды. Осыған байланысты компаниялар өте үлкен мөлшерде айыппұл салуда. Мәселе мынада, Ресейдегі әскери операцияларға байланысты тиісті құжаттарды алу мүмкін емес. Саяси жағдай шешілмейінше, тәртіп те қалпына келмейді.
Қазақстанның сыртқы сауда палатасына және Ресей Федерациясының Сауда-өнеркәсіп палатасына жүгіну ұсынылды.

Кәсіпкер Дмитрий Клинчев жергілікті құзыретті органдардан жағалау инфрақұрылымын салу мақсатында жер учаскесін ұзақ мерзімге уақытша өтеулі пайдалану құқығын беру туралы бірнеше рет сұрағанын айтты, бірақ бұл мәселе әлі шешілген жоқ. Сонымен қатар, ол шағын көлемді туристік кемелерге қатысты ірі тоннажды флотқа қойылатын талаптарды қолдану заңсыз деп санайды. Бұл себептер оның бизнесінің дамуына кедергі келтіреді, өйткені кеменің теңізге әр шығуы үшін рұқсат алу қиындап барады.
Осы мәселе бойынша кездесуге қатысушылар ҰҚК-нің жыл сайынғы бұйрығын таза парақтан реттеу шеңберінде қарауға келісті, ал Теңіз туризмі қауымдастығының өкілдеріне Маңғыстау облысының Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп теңіз туризмін дамыту бағдарламасын әзірлеу ұсынылды.

Кәсіпкерлермен кездесуден кейін бизнес-омбудсмен Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаевпен кездесті.
Маңғыстау кәсіпкерлерінің проблемаларын облыс басшысына жеткізді. Әкімдік жергілікті деңгейде мәселелер оң шешілетініне сендірді.







ӘУБӘКІРОВ
Серік Мақсұтұлы

Павлодар облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.15. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

- Павлодар облысы МАЭС-тің 2020 жылғы 04 маусымдағы шешімімен «Павлодар облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ-нің бюджет қаражатын өндіріп алу туралы талап арызы бойынша жалпы сомасы 17 565 600 теңгеге «Сергей» ШҚ құқықтары қорғалды.
- «Майқайың ақ зауыты» ЖШС-нің талап арызы бойынша Павлодар облысы МАЭС-нің 2020 жылғы 27 шілдедегі шешімімен салықтық тексеру жүргізу туралы «Павлодар облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті» РММ-нің 2020 жылғы 02 наурыздағы №22 нұсқамасы заңсыз деп танылды.
- «ДАЛА» ЖШС өтініші бойынша «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ-мен Мемлекеттік сатып алу туралы шартты 600 миллион теңгеден астам сомаға ұзартуға жәрдем көрсетілді.
- «Павлодар қаласының инновациялық үлгідегі №34 жалпы орта білім беретін мектебі» ММ Мемлекеттік қызметтерді сатып алу туралы жасалған шарт шеңберінде «Тұрғын үй құрылысы бөлімі» ЖШС күрделі жөндеу бойынша көрсетілген қызметтер үшін жалпы сомасы 51 834 535 теңгеге ақы төлемеді.
- Павлодар облысының Прокуратурасымен іс-шаралар жоспарына сәйкес «Энергоуправление» ЖШС және «ОУСА Юг» ЖШС қатысты қылмыстық істер тоқтатылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Салық салу саласындағы мәмілелерді жарамсыз деп тану.
- Жер қатынастары саласы.
- Мемлекеттік сатып алу.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (23 – 24.05.2022 Ж.)

Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі кәсіпкерлердің салық органдарымен өзара қарым-қатынасына қатысты болды.
Мысалы, «Ақжар Өндіріс» ЖШС басшысы Гүлзира Қазылова оның компаниясы 12 қаңтарда Ресейден қопсытқыш-сепкіш сатып алып, тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішті уақытында ұсынғанын айтты.
Бұл жабдық есептілікті тапсыру кезінде импортталатын тауарлардың тізіміне енгізілді, олар бойынша қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленеді.
Өтінішті салық органдары тексерді, ол қабылданды және расталды.
«Ақжар Өндіріс» ЖШС-де салық есептілігін қабылдау туралы және 2 наурыздағы жанама салықтарды төлеу фактісін растау туралы хабарламалар бар.
Яғни, агрофирма адал салық төлеуші ретінде бюджет пен ҚР заңнамасы алдындағы міндеттемелерін толық орындады. Бірақ №31 бұйрықпен қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі кейінірек жаңа редакцияда жазылды.



Қабылдау барысында он жеке кәсіпкер Облыстың мемлекеттік кіріс органдары екі объектіге бір лицензияның болуы үшін айыппұл мен өсімпұл есептеу туралы хабарлама беретіндігі туралы айтты. Жаңа Салық кодексі бойынша әр объектіге жеке лицензия беріледі, алайда лицензия алған кезде осы объектілерге бір лицензия берілді - бірнеше объектілердің мекен-жайлары көрсетілген қосымшамен.



Барлық көтерілген мәселелер облыс әкімімен кездесуде талқыланды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен Павлодар облысының прокуроры Қайрат Әбдіхановпен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Ернар Баянғазинмен және облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Мәди Рысбековпен кездесті.



ҚАЗИЕВ
Жеңіс Абайұлы

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.16. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- 600-ден астам кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер мен СҚО ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы арасында жер пайдалану шарттарын жарамсыз деп тану бойынша проблемалық мәселе реттелді;
- Пандемия кезінде ғимараттарды жалға берушілер тарапынан қолдау шараларын ұсынудан бас тарту туралы шағымдарды шешу мүмкін болды;
- Ветеринариялық бақылау комитетінің Словакия Республикасы мен Чехиядан асыл тұқымды малды әкелу туралы заңсыз тыйымы алынып тасталды, нәтижесінде Қазақстанның мал өсірушілері асыл тұқымды малды әкеле алды.
- СҚО әкімдігінің мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялау басқармасы құрылыс салушының Петропавл қаласындағы «Трио» тұрғын үй кешенінің 18 қабатты көппәтерлі үйінің құрылысын тоқтата тұруы туралы заңсыз нұсқамасының күші жойылды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Өңірдің тігін саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Құрылыс материалдарының бағасын индекстеу.
- «Оператор РОП» ЖШС берген жеңілдік сертификаттарының қолданылуын қамтамасыз ету.
- Битумның өткір тапшылығы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (23 – 24.05.2022 Ж.)

Облыс әкімі Құмар Ақсақаловпен кездесуде Солтүстік Қазақстан бизнесінің өзекті мәселелері көтерілді - Петропавл қаласындағы шығынды әлеуметтік мәні бар автомобиль қатынастары үшін тасымалдаушыларға субсидиялар төлеу, «Коммуналдық шаруашылық» МКК-нің кәсіпкерлік қызмет субъектілері алдындағы шарттық міндеттемелерін орындамауы, СҚО әкімдігінің Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы және лицензиялау басқармасы (МСҚБ) қызметкерлері тарапынан орын алатын бұзушылықтар жүйелі сипатқа ие, ауыл шаруашылығы жерлерін беру бойынша конкурстардың жеткілікті түрде өткізілмеуі, сондай-ақ Өңірлік геоақпараттық жүйе (Геопортал) жұмысы тиімділігінің жеткіліксіздігі.



Әкім жақын арада бюджетке түзетулер енгізіліп, бұл мәселе шешіледі деп уәде берді.
Жергілікті МСҚБ қызметіне қатысты өңірлік бизнестен шағым көптеп түседі. Мәселен, 2021 жылы МСҚБ-ның, СҚО әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының қызметкерлері объектілерді пайдалануға қабылдау актілерін келісу мерзімдерін жүйелі түрде бұзды, заңсыз тексерулер жүргізу және ұйғарымдар мен ұсынымдар беру фактілері орын алды, сондай-ақ басқарманың бизнес субъектілеріне қатысты тексерулерді өз бетінше бастау фактілері де бар.
Бизнес-омбудсмен мұндай бұзушылықтардың алдын алу үшін облыс прокурорынан «Кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау» 365-бабы бойынша қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарауды сұрады.



Өңірдің бизнес-қоғамдастық өкілдері пайдаланылған импорттық ауыл шаруашылығы техникасын кедендік тазарту мүмкін еместігін, құрылыс материалдары бағасының күрт өсуін, қант проблемасын, жұмысшы кадрлардың жетіспеушілігін және басқа да өзекті мәселелерді көтерді.

Сауда саласында жұмыс істейтін ауыл кәсіпкерлері тұрақтандыру қорымен өзара қарым-қатынас мәселесін көтерді, өйткені тұрақтандыру қоры әр ауданға әлеуметтік маңызы бар тауарларды апталық лимит бойынша «береді» және көтерме саудагерлерге бір айлық тауар көлемін бірден алып кетуге мүмкіндік бермейді. Мұндай жағдайда кәсіпкерлер шығынға батады, өйткені мұндай тауарларға үстеме баға 10%-дан аспауы керек. Жолға және сатып алуға жұмсалған шығындар жиынтық пайдадан едәуір асып түседі, сондықтан олар тұрақтандыру қорының айлық мөлшерлемесін бірден алуға рұқсат сұрайды.
Бизнес-омбудсменмен кездесуде көтерілген бірқатар мәселелер шешімін тапты.

Сапар соңында бизнес-омбудсмен өңірдің екі өнеркәсіптік кәсіпорнына «Солтүстік фанер комбинаты» ЖШС және «Радуга» ЖШС-не барды.



ӘМІРОВА
Зухра Төлебайқызы

Түркістан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.17. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

- «AIBI-AI (АЙБИ-АЙ)» арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-не гуманитарлық жүкке рұқсат беру және растау құжаттарын алу кезінде көмек көрсетілді, соның нәтижесінде кәсіпкер салық міндеттемелерін есептеуден құтылды. Қорғалған мүліктік құқықтардың жалпы сомасы 117 768 900 теңге.
- ЖК Бактиярова Г.-ге қатысты Кентау қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының 230 АЕК мөлшеріндегі айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулысының күші жойылды.
- «Шардара құм» компаниясына қатысты заңсыз басталған қылмыстық істің алдын алды.
- «Нұр-Хадия» ЖШС адал кәсіпкерлік субъектісінің кәсіпкерлік қызметіне кедергі жасау фактісінің алдын алды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Түркістан қаласында қолөнершілер орталығының болмауы.
- «Түркістан» ИА-да теміржол желісінің жарамсыздығы.
- Жетісу ауданында 210 тік дренаждық ұңғымалардың жарамсыздығы.
- Балық шаруашылығын субсидиялау мәселесі.
- Жер учаскелерінің сауда-саттығын (конкурстарын, аукциондарын) өткізбеу.
- Түркістан облысында жолдарды салу және жөндеу жұмыстары үшін битумның болмауы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (16 – 17.11.202 Ж.)

Өңірлік кеңес төрағаларының, облыстық прокуратура, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, МКД, кәсіпкерлік басқармасы өкілдерінің қатысуымен өткен бизнес-омбудсменмен кездесуде облыс кәсіпкерлері өздерінің өзекті мәселелері туралы айтты.

Атап айтқанда, «Сарыағаш-құс» ЖШС директорының орынбасары Ә.Талман санитарлық-қорғау аймағын құру мәселесімен жүгінді.
ЖАО тұрғын үй салу үшін құс фабрикасының жанынан жер телімдерін беріп жатыр. Тиісінше, серіктестік жағымсыз салдарлардың алдын алу үшін және эпидемиологиялық жағдайды болдырмау үшін алаңдаушылық танытып отыр, өйткені жергілікті билік эпидемиологиялық қауіпті ескермей, ЖТҚ үшін 500 м радиуста жер учаскелерін беруде.
Қазіргі уақытта санитарлық-қорғау аймағы бекітілуде.



«Нұрлы» ШҚ төрағасы А.Нұрлыбаев Қазығұрт ауданы әкімдігінің қаулысымен оның жер учаскелері халықты жайылымдық жерлермен кеңейту және қамтамасыз ету үшін мемлекет мұқтажы үшін алынғанын айтты.

«Болашақ» ШҚ төрағасы балық шаруашылығын субсидиялау туралы мәселені көтерді. Мәселенің мәнін айтып, ол облыстық бюджеттен осы мақсат үшін қаражат бөлуге жәрдем көрсетуді сұрады.



Сондай-ақ, кәсіпкерлер Жетісай ауданында 210 тік дренаждық ұңғымаларды реконструкциялау туралы мәселені көтерді, олар бойынша «Жер-Ана» ЖШС жобалық жұмыстарды аяқтауына қарамастан, мемлекеттік сараптама жүргізілмеген. Бұл жобаны қаржыландыру бастапқыда Ислам даму банкінің несиесі есебінен жоспарланған болатын. Бұл банк шамамен 23 миллиард теңге бөледі, оның 10 миллионы - жобалық жұмыстарды жүргізуге жұмсалуы тиіс еді. Мәселе мемлекеттік сараптамада оң шешілген жағдайда, құрылыс жұмыстарын бастау 2022 жылдың IV тоқсанында жоспарланған болатын.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыс прокурорымен, облыстық соттың төрағасымен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысымен және облыс әкімі Дархан Сатыбалдымен кездесті. Жергілікті бизнестің барлық мәселелері өңірдің мемлекеттік органдарының басшыларымен кездесуде айтылды.

1.18. ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ

- 50-ден астам кәсіпкерге көмек көрсетілді.
- Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне тиесілі жер учаскелерін мемлекет пен мемлекеттік ұйымдардың өз бетінше иеленуі туралы шағымдарды шешуге мүмкіндік туды.
- Бизнес-омбудсменнің жеке қабылдауының арқасында кәсіпкер Т. Қасытаевқа қатысты жазаны жеңілдетуге мүмкіндік туды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Өңірдің тігін саласын білікті кадрлармен қамтамасыз ету.
- Тауарларды міндетті таңбалауды енгізу.
- Құрылыс материалдарының бағасын индекстеу.
- «Оператор РОП» ЖШС берген жеңілдік сертификаттарының қолданылуын қамтамасыз ету.
- Битумның өткір тапшылығы.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (11 – 12.10.2022 Ж.)

Кәсіпкерлер нормативтік құқықтық актілердің сақталмауына немесе олардағы олқылықтарға байланысты шағымданды. Мысалы, «Сәтбаев жылумен жабдықтау кәсіпорны» ЖШС директорының орынбасары Әдеп Әбжаппаров Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 17.11.2021 ж. жер асты суын өндіруге салынатын салық ставкасына қатысты қаулысымен келіспейтінін білдірді.
Ал «ПИК Ютарии» ЖШС қаржы директоры Иван Иващенков жер қойнауын пайдаланушылар, табиғи монополиялар субъектілері және қала құраушы кәсіпорындардың алдында жасалған шарттарды, оның ішінде ұзақ мерзімді шарттарды сақтау және бұзуға тыйым салу құқықтарының алдында кәсіпорынның дамуына өз қаражатын инвестициялайтын, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жергілікті өндірушілердің құқықтарын қорғайтын құқықтық норманың жоқтығы туралы айтты. Көтерілген мәселелердің едәуір бөлігі салық салуға қатысты болды.

Бизнес субъектілері айтқан мәселелерді Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл және «Атамекен» ҰКП Кәсіпкерлерді құқықтық қорғау департаментінің басшысы бақылауға алды.

Сондай-ақ, бизнес-омбудсмен облыс прокуроры Жарқынбек Бақашбаевпен, облыстық сот төрағасының міндетін атқарушы Қанат Шайкамаловпен, Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет департаментінің басшысы Ернар Баянғазинмен және облыс әкімі Берік Әбдіғалиұлымен кездесті. Жергілікті бизнестің барлық мәселелері өңірдің мемлекеттік органдарының басшыларымен кездесуде айтылды.

Облыс әкімімен кездесуде ауыл шаруашылығы жерлерін беру үшін конкурстар өткізу бойынша жауапты мемлекеттік органдардың жеткіліксіз жұмысы; өңірлік Геоақпараттық жүйенің (Геопортал) тиімсіз жұмысы; шығынды әлеуметтік маңызы бар қалаішілік маршруттарды субсидиялаудағы елеулі проблема сияқты өңірдің жүйелік сипатындағы неғұрлым проблемалық мәселелер көтерілді.

Аталған мәселелер облыс әкімінің бақылауына алынды.







МҰҚАШЕВА
Әлия Орынбекқызы

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.19. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

- ШҚО Экология департаменті шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша 25 434 117 016 теңге сомасына қаулының күшін жою бойынша «АЛЕЛ» қаржы-инвестициялық корпорациясы» АҚ-на жәрдем көрсетілді.
- «ДауДиД Трейд» ЖШС-не Ана мен бала орталығының орындаған жұмыстары үшін ШҚО денсаулық сақтау басқармасы тарапынан 102 421 329 теңге сомасына ақы төлеуді жүзеге асыруға жәрдем көрсетілді.
- «Daewoo Bus Kazakhstan» ЖШС 49 026 117 теңге сомасына камералдық кедендік тексеру нәтижелері бойынша хабарламаның күшін жою бойынша жәрдем көрсетілді.
- 5 кәсіпкерге (ЖК Ю.В. Пермитин, Т. А. Смирнягина, В. А. Боровиков, Т. В. Артамошина, О. В. Шатаев) жаңа мерзімге жер пайдалану шарттарын жасасу бойынша көмек көрсетілді (бұрын ЖАО, дүңгіршектердің қаланың сыртқы келбетіне сәйкес келмеуін алға тартып, жалдау мерзімін ұзартудан бас тартқан болатын).
- «Шығыс Қазақстан тасымалдаушылар қауымдастығы» ЗТБ өтініші бойынша Өскемен қаласы бойынша азаматтардың жеңілдетілген санаттарына жол жүруге автотасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау туралы мәселе шешілді.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Су объектілерінің жанында су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуға жергілікті бюджеттен қаржыландырудың жеткіліксіздігі.
- ШҚО елді мекендерінің бас жоспарларының жобаларын және құрылыс салудың оңайлатылған схемаларын әзірлеуге қаржыландырудың болмауы.
- Облыс кәсіпкерлерін ұжымдық шарттарда қызметкерлерге экологиялық үстемеақы төлеу міндетін көздеуге мәжбүрлеу.
- Кредиттік серіктестіктердің «Ертіс» ӘКК» АҚ алдындағы алынған бюджеттік кредиттер бойынша берешегін өтеудің проблемалық мәселелері.
- ҚР аумағынан ауыл шаруашылығы өнімдерін (астық, ұн, күнбағыс тұқымы, күнбағыс майы, тірі мал және т.б.) әкетуге шектеулер мен тыйымдар.
- Мемлекеттік кіріс органдарының ресми негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды сотқа жіберуі.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (25 - 27.05.2022 Ж.)

Облыс әкімімен кездесуде өңірдің проблемалық мәселелері көтерілді.
Су қорғау аймақтары мен белдеулерін орнатуға қатысты. Жыл сайын су қорғау аймақтары мен белдеулерін әзірлеуге жергілікті бюджеттен орта есеппен 11 млн.теңге бөлінеді. Алайда, облыстың су қорының аумағын ескере отырып, қаржыландыруды ұлғайту қажет.


Неғұрлым экономикалық белсенді елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеуге қосымша қаражат бөлуге қатысты. Бизнесті дамыту үшін жер учаскелерін беру мақсатында қала құрылысы құжаттамасымен (БЖ және құрылыстың оңайлатылған схемасы) қамтамасыз етілген облыстың елді мекендеріне талдау жүргізілді. Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының мәліметтері бойынша облыста 363 елді мекен (бұдан әрі - ЕМ) бар, оның ішінде 6 қала және 357 ауылдық елді мекен (халық саны 5 мың адамнан асатын 9 ЕМ және 5 мың адамнан кем 348 ЕМ).
171 (47,1%) елді мекен даму мен құрылыстың бас жоспарларымен/схемаларымен қамтамасыз етілді (6 қала - Өскемен, Риддер, Алтай, Серебрянск, Зайсан, Шемонаиха; халық саны 5 мың адамнан асатын 7 ауылдық елді мекен және 5 мың адамнан кем 158 ауылдық елді мекен); 192 елді мекен қамтамасыз етілмеген. БЖ және жеңілдетілген құрылыс схемаларын әзірлеу үшін қосымша қаражат бөлу қажет.



Облыс прокурорымен кездесуде кредиттік серіктестіктерге қатысушылардың проблемалық мәселелері, сондай-ақ өңірде кәсіпкерліктің дамуына кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері көтерілді.
«Ертіс» ӘКК арқылы кредиттер ресімдеген кредиттік серіктестіктер проблемасы ауылда жұмыс істейтін кәсіпкерлер арасынан 1700-ге жуық қатысушының мүдделерін қозғайды. Олардың қарыздары және соған байланысты салдары сот орындаушылары жүктеген ауыртпалықтар түрінде болады.
Қазіргі уақытта іс орнынан қозғалды. Облыс прокуратурасының Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі сараптамалық кеңесінің отырысында «Ертіс» ӘКК» АҚ ШҚО Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, кредиттік серіктестіктермен және олардың қатысушыларымен кредиттік қаражатты қайтару бойынша жұмысты жалғастыратыны туралы шешім қабылданды. Бүгінде 5 қарыз алушыға (Көкпекті ауданы) қатысты соттың шешімі бар, сот бұрын әзірленген сот актілерін қайта қарады, нәтижесінде олар ортақ жауапкершіліктен босатылды (апелляция бірінші сатыдағы шешімді қолдады).







АДАМБЕКОВА
Сәбира Құршидқызы

Шымкент қаласы бойынша Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының сектор меңгерушісі

1.20. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

- «ҚазТрансГазАймақ» АҚ ШФ-ның тауарлық газды бөлшек саудада өткізу шартына газ жеткізуді мәжбүрлеп ажыратуды жүргізу құқығын белгілеу және өнеркәсіптік тұтынушылар мәлімдеген газ көлеміне ай сайынғы түзетуді жою туралы қосымша келісімге қол қою жөніндегі әділетсіз шарттарының әрекеттері тоқтатылды.
- Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге қатысты базалық салық ставкаларын түзету (50%-ға төмендету).
- Автотұрақтар (паркингтер) орналасқан жерлерге қатысты базалық салық ставкаларының мөлшерін қайта қарау.
- 504 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарға жыл сайынғы тексеру жүргізу туралы заңсыз шарттардың күші жойылды (білім басқармасымен жасалған шарттарда осындай бұзушылықтардың бар екені анықталды).
- 330 шаруа қожалығының сумен жабдықтау мәселесі жедел түрде шешілді.
- Қаланың өнеркәсіптік аумақтарында жүк көлігінің өтуіне тыйым салу туралы негізсіз орнатылған белгілер алынып тасталды.

ӨҢІРДЕГІ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАР

- Меншік нысанына қарамастан, білім беру ұйымдарында оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді бөлу бойынша заңнамалық талаптардың болмауы.
- АЭА және ИА қатысушыларына және бастапқы уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) құқығынан жер учаскелерін АЭА және ИА басқарушы компаниясына уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға алуға) беру жөніндегі норманы жою.
- ТКШ, электр және газ қызметтеріне, үй-жайларды жалға алуға жоғары тарифтер.
- Маневрлік локомотивтердің, вагондардың тапшылығы және жүк тасымалдауға жоғары тарифтер, ҚТЖ жүктерін жеткізудің төмен жылдамдығы.
- Жанар-жағармай бағасын негізсіз саралау.

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА БИЗНЕСПЕН КЕЗДЕСУІ (14 - 16.11.2022 Ж.)

«Қазақстан темір жолы» компаниясының жүктерді жеткізу жылдамдығының төмендігі, вагондардың жетіспеушілігі, маневрлік локомотивтердің өткір тапшылығы және жүк тасымалдауға арналған жоғары тарифтер – осы және өзге де проблемалар бизнес-омбудсменнің Шымкент кәсіпкерлерімен кездесуінде талқылау тақырыбына айналды.

Бүгінде Шымкент пен Түркістан облысында тәулігіне 4,5-5 мың тонна астық өңдейтін 25-ке жуық диірмен тұрақты жұмыс істейді. Олар елдің жеті өңірін ұнмен толық қамтамасыз етеді, бұл 6-7 миллион адам. Бидай тек солтүстікте өңделеді. Оны өндіріске тек темір жол көлігімен жеткізуге болады. Өндірістің тұрақтылығы - елдің азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі.

Ал «Шымкентмай» АҚ және «Шымкентмай-Доня» ЖШС кәсіпкерлерінің пікірінше, қосылған құн салығының асып кетуін қайтару ережелері Қазақстанның экспорттық кәсіпорындарын ынталандырудың маңызды бастамасына қайшы келеді. Өзгерістер 2022 жылдың 11 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді. Жаңа ережелерге сәйкес, енді тексеру барысында өзара байланысты тараптар арқылы жеткізушілермен өзара есеп айырысуларға талдау жүргізілетін болады. Кәсіпкерлердің пікірінше, мемлекет тауарлардың отандық өндірісін дамытуды ынталандыру үшін қолайлы жағдай жасаудың орнына кезекті әкімшілік кедергі тудырып отыр. Сонымен қатар, Ережелердегі жаңалықтар ҚҚС асып кеткен соманы қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілерге ғана қатысты болуы керек еді.


Еліміздегі жалғыз, әрі бірегей «Шымкент кашемир» жүн өңдеу кәсіпорнының директоры Санат Шағанбекұлы 2023 жылдың 1 мамырынан бастап жүн экспортына кедендік баж салығы қайтадан енгізілетінін айтты.

«Алина» шаруа қожалығы балық өнімдеріне еуроном алу мәселесіне қатысты жүгінді. Балық өнімдерін Еуропалық Одақ елдеріне экспорттау үшін кәсіпорын Еуропалық Одақтың тізілімінде тұруы керек.

Барлық мәселелер облыс әкімі Мұрат Әйтеновпен және құқық қорғау органдарының басшылығымен өткен кездесуде көтерілді.






ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ЗЕРТТЕУЛЕР

www.ombudsmanbiz.kz

2022

МАЗМҰНЫ

1. «Іскерлік ахуал-2021» тәуелсіз рейтингінің басты нәтижелері

1.1. Өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингі 2
1.2. Сауалнама факторлары бөлінісінде өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингінің нәтижелері....3
1.3. Пандемия және бизнес....5

2. Сыбайлас жемқорлыққа арнайы шолу

2.1. Зерттеу параметрлері....10
2.2. Басты қорытынды....11
2.3. Сыбайлас жемқорлыққа тартылу....12
2.4. Пандемия факторы....18
2.5. Сыбайлас жемқорлық практикасы....23
2.6. Салалар бойынша сыбайлас жемқорлықты талдау....29

3. Әкімшілік қысым индексі

3.1. Бағалау параметрлері 37
3.2. Әкімшілік қысым индексін пысықтау нәтижелері....38
3.3. Әкімшілік қысым индексін пилоттық есептеу негізіндегі басты тұжырымдар.... 39
3.4. Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік.... 40
3.5. Өрт қауіпсіздігі.... 42
3.6. Салықтар.... 44

1. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» ТӘУЕЛСІЗ РЕЙТИНГІНІҢ БАСТЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

1.1. Өңірлер бойынша «Іскерлік ахуал-2021» рейтингі

14 облыста және республикалық маңызы бар **3** қалада сауалнама жүргізілді

Сауалнамаға **3055** респондент қатысты

Қатысушылардың **84%-ы** **6 жылдан астам** уақыт нарықта



- Рейтингтің басында 0,57 рейтингімен Шымкент қаласы тұр
- Елдің 10 субъектісінде рейтинг орташа республикалық мәннен төмен
- Алматы, Ақтөбе облыстарында және Астана қаласында ең төмен рейтинг

«Іскерлік ахуал-2021» рейтингі 0,35

Адами капитал	0,50
Қаржыға қолжетімділік	0,46
Технология және өндіріс	0,44
Реттеуші орта	0,43
Мемлекеттік қолдау	0,32
Инфрақұрылым	0,22
Өткізу нарығы	0,07

Рейтинг -1-ден 1-ге дейінгі мәндерді қабылдай алады. «-1» кәсіпкерлердің 100%-ы факторларға риза емес, «1» - кәсіпкерлік субъектілерінің 100%-ы бизнесті жүргізу шарттарының факторларына қанағаттанғанын білдіреді

0,6-1	жақсы жағдай
0,4-0,6	шекті жағдай
0-0,4	шекті жағдайға жақын
0-(0,4)	шекті жағдай деуге келмейді
(-0,4)-(-0,6)	жол беруге болмайтын жағдай
(-0,6)-(-1)	Қолжетімісіз нашар жағдай

1.2. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өңірлер бойынша сауалнама факторлары бөлінісінде

Адами капитал

1	Атырау обл.	0,75
2	Шымкент қ.	0,66
3	Павлодар обл.	0,62
4	ШҚО	0,59
5	Қостанай обл.	0,56
6	Қызылорда обл.	0,54
7	Маңғыстау обл.	0,52
8	Түркістан обл.	0,51
9	БҚО	0,46
10	Қарағанды обл.	0,45
11	Ақмола обл.	0,44
12	СҚО	0,43
13	Алматы қ.	0,43
14	Ақтөбе обл.	0,42
15	Жамбыл обл.	0,42
16	Алматы обл.	0,40
17	Астана қ.	0,29

Қаржыға қолжетімділік

1	Шымкент қ.	0,69
2	Қостанай обл.	0,65
3	ШҚО	0,60
4	Түркістан обл.	0,56
5	Ақмола обл.	0,55
6	Атырау обл.	0,53
7	Павлодар обл.	0,53
8	БҚО	0,51
9	Қызылорда обл.	0,51
10	Маңғыстау обл.	0,46
11	Жамбыл обл.	0,45
12	СҚО	0,41
13	Алматы қ.	0,35
14	Қарағанды обл.	0,33
15	Ақтөбе обл.	0,28
16	Алматы обл.	0,27
17	Астана қ.	0,09

Технология және өндіріс

1	Шымкент қ.	0,69
2	Атырау обл.	0,65
3	Қостанай обл.	0,57
4	Павлодар обл.	0,56
5	Астана қ.	0,55
6	ШҚО	0,48
7	Түркістан обл.	0,48
8	Алматы қ.	0,48
9	Қызылорда обл.	0,47
10	Маңғыстау обл.	0,44
11	Жамбыл обл.	0,39
12	Алматы обл.	0,37
13	Ақмола обл.	0,33
14	Қарағанды обл.	0,32
15	БҚО	0,30
16	Ақтөбе обл.	0,28
17	СҚО	0,14

Реттеуші орта

1	ШҚО	0,67
2	Қостанай обл.	0,62
3	БҚО	0,52
4	Шымкент қ.	0,51
5	Павлодар обл.	0,51
6	Қарағанды обл.	0,49
7	Түркістан обл.	0,48
8	Жамбыл обл.	0,46
9	СҚО	0,44
10	Атырау обл.	0,44
11	Қызылорда обл.	0,44
12	Ақмола обл.	0,41
13	Маңғыстау обл.	0,40
14	Алматы қ.	0,30
15	Астана қ.	0,29
16	Алматы обл.	0,28
17	Ақтөбе обл.	0,14

нашар жағдай, түсіну қиын (-1)-(-0,6)	жол беруге болмайтын жағдай (-0,6)-(-0,4)	шекті жағдай деуге келмейді (-0,4)-0	шекті жағдайға жақын 0-0,4	шекті жағдай 0,4-0,6	жақсы жағдай 0,6-1

1.2. «ІСКЕРЛІК АХУАЛ – 2021» РЕЙТИНГІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Өңірлер бойынша сауалнама факторлары бөлінісінде

Мемлекеттік қолдау

1	Қостанай обл.	0,56
2	Шымкент қ.	0,52
3	Түркістан обл.	0,41
4	Павлодар обл.	0,38
5	Атырау обл.	0,37
6	СҚО	0,36
7	БҚО	0,35
8	Жамбыл обл.	0,33
9	Қызылорда обл.	0,33
10	ШҚО	0,33
11	Маңғыстау обл.	0,32
12	Ақтөбе обл.	0,32
13	Ақмола обл.	0,31
14	Алматы обл.	0,27
15	Алматы қ.	0,19
16	Астана қ.	0,06
17	Қарағанды обл.	0,05

Бизнестің инфрақұрылымы

1	Шымкент қ.	0,47
2	Қостанай обл.	0,34
3	Маңғыстау обл.	0,33
4	Атырау обл.	0,31
5	ШҚО	0,31
6	Қызылорда обл.	0,31
7	Алматы қ.	0,27
8	Астана қ.	0,27
9	Павлодар обл.	0,23
10	Түркістан обл.	0,21
11	Ақмола обл.	0,20
12	Жамбыл обл.	0,17
13	БҚО	0,09
14	Ақтөбе обл.	0,09
15	Қарағанды обл.	0,07
16	СҚО	0,05
17	Алматы обл.	0,00

Өткізу нарықтары


1	Шымкент қ.	0,41
2	Қызылорда обл.	0,24
3	Түркістан обл.	0,24
4	Павлодар обл.	0,23
5	Алматы қ.	0,13
6	Ақмола обл.	0,12
7	Астана қ.	0,10
8	Атырау обл.	0,08
9	Алматы обл.	0,05
10	Қостанай обл.	0,04
11	БҚО	0,04
12	Қарағанды обл.	-0,01
13	Маңғыстау обл.	-0,02
14	Жамбыл обл.	-0,03
15	СҚО	-0,06
16	Ақтөбе обл.	-0,12
17	ШҚО	-0,15

нашар жағдай, түсіну қиын (-1)-(-0,6)	жол беруге болмайтын жағдай (-0,6)-(-0,4)	шекті жағдай деуге келмейді (-0,4)-0	шекті жағдайға жақын 0-0,4	шекті жағдай 0,4-0,6	жақсы жағдай 0,6-1

1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Кәсіпкерлер үшін карантиндік жыл қандай болды?
Бірнеше рет жұмыс істеуге толық шектеу қойылған кезде бизнесті сақтап қалу қиын болды ма?

Ақмола облысының, Астана және Шымкент қалаларының кәсіпкерлері 6 айдан астам уақыт карантиндік қызыл аймақта болды



1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері қарантиннен кейін қалай қалпына келді

Пандемия кезінде енгізілген карантиндік шаралардан кейін әрбір бесінші бизнес жабылып қалды



4%

Жоқ, карантин кезінде қызметіміз тоқтады, қайта жандандыра алмадық



14%

Жоқ деуге болады, өйткені біршама қиындық бар, әрең жұмыс істеп жатырмыз



10%

Карантиндік шаралар біздің бизнесімізге кері әсерін тигізе қойған жоқ



48%


Иә деуге болады, біршама қиындық бар, дегенмен жұмысымыз жанданып келеді




24%

Иә, бизнес толық жанданды

Карантиндік шаралардан ең көп жапа шеккен шағын бизнес








1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері қарантиннен кейін қалай қалпына келді

2020-2021 жж. кәсіпкерлердің 16% ғана пандемия шеңберінде мемлекеттік қолдауға қол жеткізді

- 14% — Иә, алдым
- 2% — Иә, алдым, бірақ қолдаумен қатар қиындыққа тап болдым
- 21% — Жоқ, алған жоқпын, бірақ жоспарда бар
- 12% — Жоқ, алған жоқпын, тіпті қолдау туралы білмейді де екенмін
- 28% — Жоқ, алған жоқпын, жоспарымда да жоқ

Шағын бизнеске мемлекеттік қолдау өте аз көрсетілді



1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

ШОБ субъектілері қарантиннен кейін қалай қалпына келді

4 өңірде бизнесмендердің 60-70% жағдай нашарлады дейді



4 облыста көптеген объектілер қалпына келе алмады



Шымкент кәсіпкерлері шаралардың ықпалының жоқтығы туралы көбірек айтады



17 өңірдің 14-де ШОБ-тың 60%-дан астамы карантиннен кейін қалпына келтірілді




1.3. ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ БИЗНЕС

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Атырау **(18,4%)**, Павлодар **(19,1%)**, Ақтөбе **(15,9%)** облыстарының және Астана қаласының **(18,2%)** кәсіпкерлері соңғы 12 айда **төлем мөлшері ұлғайды** деген пікірде.

Ақмола **(19,9%)**, Қарағанды **(17,5%)**, Павлодар **(17,9%)** облыстарының және Алматы қаласының **(15,6%)** кәсіпкерлері **төлем жиілігі артты** деген пікірде.



2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА АРНАЙЫ ШОЛУ

2.1. ЗЕРТТЕУ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Зерттеу міндеттері

- **8** сала және **16** орталық, жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар бөлінісінде бизнестің сыбайлас жемқорлыққа тартылу деңгейін анықтау
- Бизнестің әртүрлі салалардағы мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасы кезінде сыбайлас жемқорлықтың таралуын талдау
- Сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық ететін субъектілерді анықтау
- Мемлекетте қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау

Сауалнама негізінде **5 884** ШОК субъектісінен пікір алынды (өңірге байланысты 339-дан 356 ШОК дейін)

ШОК өкілдерінің қатысуымен **70** сұхбат жүргізілді

Қазақстанның **17** өңірінде зерттеу жүргізілді

Сыбайлас жемқорлық факторының бизнесті дамытуға әсер ету индексін есептеу үшін **4 балдық** шкала пайдаланылды

Жоқ	Жоқ-қа жақын	Иә-ға жақын	Иә
1	2	3	4

Зерттеу объектілері

Орталық мемлекеттік органдар
Жергілікті атқарушы органдар

Дәреже	Сала	Мемлекеттік орган
1	Тасымалдау және логистика	Көліктік бақылау инспекциясы
2	Кедендік әкімшілендіру	Сыртқы шекаралардағы кедендік бақылау қызметі ЕЭО шекараларындағы экспорттық бақылау қызметі
3	Құрылыс	Мемлекеттік сәулет-құрылыс (қала құрылысы) бақылау басқармасы
		Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы
4	Жер қатынастары	Жер қатынастары басқармасы (бөлімі)
		Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменті
5	Салықтық әкімшілендіру	Салық қызметі (МКД)
6	Экология	Экология департаменті Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
7	Мемлекеттік сатып алулар	Мемлекеттік сатып алу басқармасы
8	АӨК	Ауыл шаруашылығы басқармасы
		Аумақтық инспекция Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті
		Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы Ветеринария басқармасы, ветеринария бөлімдері АӨК мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық инспекциясы

2.2. БАСТЫ ҚОРЫТЫНДЫ

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпкерлердің **сыбайлас жемқорлыққа тартылуы 2019 жылдағыдай 60%** деңгейінде сақталған. Сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауға сыбайлас жемқорлық төлемдерінің мөлшері оларды төлеу жиілігіне қарағанда көбірек әсер етеді.

- 2019 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлық жағдайында **заңсыз әрекет етуді және өз мүдделерін қорғау үшін мәселені сыбайлас жемқорлық тәсілімен шешуді қалайтын кәсіпкерлердің үлесі 3%-ға өсті.**

- **«Сыбайлас жемқорлық баста»**. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі себебі **ШОК өкілдерінің құқықтық сауаттылығының төмен деңгейі** болып қала береді: **43%**-ы өз құқықтары мен заңды білмегендігін алға тартты; **сыбайлас жемқорлықты әдет** деп санайтындардың үлесі артқан, олар қосымша ақыға әуре-сарсаңға салынбай, мәселені тез шешуге болады деп ойлайды **(32%)**.

- **Пандемия кезеңіндегі сыбайлас жемқорлықтың 2 негізгі шартын** бөліп көрсетуге болады:
  - бизнес карантиндік шектеулерді айналып өтіп, бір қалыпты жағдайды сақтау үшін сыбайлас жемқорлық механизмін қолданады;
  - бизнес мемлекеттік қолдау бағдарламаларына ену үшін сыбайлас жемқорлыққа барады.

- Мемлекет өкілі орта есеппен **55% жағдайда (49% – 2019 жылы, 43% – 2018 жылы)** сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық етсе, кәсіпкер – **20% жағдайда (36% – 2019 жылы, 49% – 2018 жылы)** жол береді.

- Сауалнама көрсеткіштері негізінде 2021 жылға арналған **сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тиімділігінің индексі 68,8%-ды құрайды (-1-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша 0,36).** Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін қолданылатын жазаны қатаңдатуға бағытталған шараларды таңдауы арта түсті.

- **Сыбайлас жемқорлық факторының ықпалы жоғары** топқа 5 өңір кірді: Маңғыстау, Атырау, Қызылорда облыстары, Алматы және Шымкент қалалары.

- **Сыбайлас жемқорлық факторы төмен** топқа **4** өңір кірді: СҚО, Павлодар, Қостанай облыстары және Астана қаласы.

- **Мемлекеттік органдардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) қатысты түскен өтініштердің басым бөлігі салық саласында тіркелді (92%),** ең төменгісі – АӨК саласында **(3%).**

- **Сыбайлас жемқорлық жағдайлары жиі кездесетін салалар – жер** қатынастары және құрылыс.

- Көлік-логистикалық **(-13%)**, кедендік әкімшілендіру кезінде **(-11%)**, экологияда (2 есе) **сыбайлас жемқорлық жағдайлары төмендеген.**

- **Мемлекеттік сатып алу саласында** өтініштер саны және сыбайлас жемқорлық жағдайлары саны іс жүзінде өзгерген жоқ.


- **Параның орташа ең төменгі мөлшері** 2019 жылмен салыстырғанда, барлық салалар бойынша ұлғайды (көбінесе 10 000 теңге).

- Параның ең жоғары мөлшері – **экология саласында (1,5 млн. тг).**

2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ (2017, 2019, 2021 ЖЫЛДАР БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ ДЕРЕКТЕР)

2021 жылы Қазақстанда бизнесті табысты жүргізу үшін мемлекеттік орган өкілдеріне пара берудің қажеті жоқ деп есептейтіндердің үлесі **60%** деңгейінде қалды.
Сұхбат көрсеткендей, кәсіпкерлер арасында соңғы екі жылдағы елдегі сыбайлас жемқорлық динамикасына қатысты даулы пікір бар.
Бір бөлігі осы кезеңде елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендеді, жағдай жақсарды деп санайды.
Сонымен қатар, елімізде өткен кезеңде сыбайлас жемқорлық мөлшері төмендеген жоқ деп есептейтіндердің саны да аз емес **(40%)**

Жалпы еліміздегі бизнесті жүргізу шарттары кәсіпкерге мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасау кезінде пара бермей, табысқа жетуге мүмкіндік бере ме?, %




2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлық факторының бизнесті дамытуға әсер ету индексі

2019 жылмен салыстырғанда сыбайлас жемқорлықтың өңірдегі бизнесті дамытуға әсер ету индексі:

- **Алматы, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында айтарлықтай жақсарды;**
- **Алматы және Шымкент қалаларында, Шығыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарында айтарлықтай нашарлады.**




Индекс орташа арифметикалық негізде есептеледі және 1-ден 4-ке дейін өзгереді, мұнда: мән неғұрлым төмен болса, сыбайлас жемқорлық факторының аймақтағы бизнесті дамытуға әсері соғұрлым жоғары болады

2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлық факторының республикалық ықпал ету картасы

Әсер ету **көрсеткіші төмен** өңірлер тобы	СҚО, Павлодар, Қостанай облыстары, Астана қаласы
Әсер ету **көрсеткіші орташа** өңірлер тобы	Ақтөбе, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Ақмола, Қарағанды облыстары, ШҚО, БҚО
Әсер ету **көрсеткіші жоғары** өңірлер тобы	Атырау, Маңғыстау, Қызылорда облыстары Алматы және Шымкент қалалары



Сыбайлас жемқорлық факторының орташа әсер ету деңгейі бар өңірлер тобы көп (8 өңір)

2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Өңірлердегі сыбайлас жемқорлық жағдайы (салалар бойынша)

Сала / Мемлекеттік орган / Облыс	Салықтық әкімшілендіру (91%; 5349 жағдай)		Тасымалдау және логистика (13,1%; 772 жағдай)		Мемлекеттік сатып алу (8,2%; 484 жағдай)		Кедендік әкімшілендіру (9,1%; 537 жағдай)			
	Салық қызметі (МКД)		Көліктік бақылау инспекциясы		Мемлекеттік сатып алу басқармасы		Сыртқы шекаралардағы кедендік бақылау қызметі (КБҚ)		ЕЭО шекараларындағы экспорттық бақылау қызметі (ЭБҚ)	
Ақмола	100%	4%	96%	16%	100%	35%	63%	17%	53%	20%
Ақтөбе	99%	1%	50%	8%	65%	12%	20%	---	53%	13%
Алматы	88%	15%	66%	3%	72%	9%	73%	13%	73%	13%
Атырау	86%	7%	89%	40%	84%	25%	---	13%	85%	64%
БҚО	90%	8%	81%	16%	38%	18%	42%	18%	81%	24%
Жамбыл	100%	10%	91%	20%	88%	36%	54%	70%	81%	60%
Қарағанда	95%	9%	67%	10%	92%	17%	66%	5%	94%	10%
Қостанай	82%	8%	71%	47%	59%	10%	69%	22%	85%	27%
Қызылорда	80%	1%	80%	4%	41%	---	33%	---	83%	---
Маңғыстау	86%	46%	77%	20%	67%	100%	13%	---	25%	---
Түркістан	98%	27%	90%	---	80%	50%	44%	25%	56%	---
Павлодар	92%	1%	92%	51%	100%	45%	40%	25%	60%	17%
СҚО	83%	1%	75%	11%	19%	---	65%	9%	94%	6%
ШҚО	95%	3%	69%	19%	82%	25%	44%	14%	44%	14%
Астана қаласы	76%	5%	83%	27%	89%	12%	55%	6%	66%	5%
Алматы қаласы	100%	23%	84%	44%	50%	38%	63%	55%	86%	47%
Шымкент қаласы	99%	31%	95%	21%	91%	40%	70%	28%	77%	26%
ел бойынша	92%	12%	80%	25%	71%	21%	55%	26%	75%	26%

Маңғыстау облысында салық саласында сыбайлас жемқорлық көрсеткіші өте жоғары.
Павлодар және Қостанай облыстарында көліктік бақылау инспекциясында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.
Маңғыстау және Түркістан облыстарында Мемлекеттік сатып алу басқармасында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.
Атырау және Жамбыл облыстарында ЭБҚ-не жүгінген кезде сыбайлас жемқорлықтың жоғары үлесі байқалады.
Жамбыл облысы мен Алматы қаласында КБҚ-не жүгінген кезде сыбайлас жемқорлықтың жоғары үлесі байқалады.

өтініштер саны

сыбайлас жемқорлық жағдайларының max үлесі

2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Өңірлердегі сыбайлас жемқорлық жағдайы (салалар бойынша)

Сала / Мемлекеттік орган / Облыс	Құрылыс (7,4%; 433 жағдай)				Жер қатынастары (10,2%; 601 жағдай)				Экология (7,7%; 456 жағдай)			
	МСҚБ		ҚСҚҚБ		Жер қатынастары басқармасы (бөлімі)		Жер кадастры департаменті		Экология департаменті		Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	
Ақмола	41%	---	77%	---	51%	22%	51%	17%	56%	30%	78%	21%
Ақтөбе	63%	---	81%	8%	60%	11%	67%	---	71%	7%	52%	18%
Алматы	33%	17%	72%	8%	75%	23%	65%	23%	37%	20%	41%	9%
Атырау	57%	38%	64%	33%	87%	65%	70%	69%	62%	25%	46%	33%
БҚО	72%	6%	84%	10%	73%	18%	60%	22%	57%	50%	71%	60%
Жамбыл	55%	78%	76%	49%	63%	36%	36%	60%	88%	29%	50%	50%
Қарағанды	50%	---	75%	---	74%	---	63%	---	85%	---	75%	---
Қостанай	85%	18%	85%	9%	91%	5%	68%	7%	88%	43%	88%	29%
Қызылорда	4%	---	96%	---	26%	---	74%	---	38%	---	58%	---
Маңғыстау	25%	---	75%	33%	100%	100%	100%	100%	67%	---	33%	---
Түркістан	100%	55%	100%	46%	86%	47%	82%	50%	89%	---	67%	---
Павлодар	100%	40%	100%	60%	67%	100%	---	---	80%	---	20%	---
СҚО	33%	---	67%	---	84%	12%	81%	8%	83%	4%	10%	8%
ШҚО	46%	17%	85%	27%	61%	9%	50%	11%	53%	---	47%	---
Астана қаласы	54%	8%	75%	6%	66%	10%	66%	24%	87%	12%	41%	6%
Алматы қаласы	67%	---	80%	---	64%	44%	64%	33%	71%	5%	32%	22%
Шымкент қаласы	93%	15%	93%	8%	60%	33%	45%	33%	46%	17%	31%	25%
ел бойынша	54%	26%	81%	17%	66%	26%	59%	25%	70%	10%	40%	14%

* Мемлекеттік органға қатысты түскен шағым үлесі 3% төмен болған жағдайда, көрсеткіш талдауға енгізілмейді.

Құрылыс саласында Жамбыл және Түркістан облысының кәсіпкерлері МСҚБ-мен өзара қарым-қатынас жасау кезінде сыбайлас жемқорлық жағдайларына жиі ұшырайды. ҚСҚҚБ-мен өзара қарым-қатынас кезінде Павлодар және Жамбыл облыстарында сыбайлас жемқорлық жағдайларының жоғары үлесі байқалады.

Жер қатынастары саласында көптеген өңірлерде Жер қатынастары басқармасында сыбайлас жемқорлықпен жиі кездеседі; көбінесе - Маңғыстау, Павлодар және Атырау облыстарында. Айта кету керек, Маңғыстау облысы жер қатынастары саласында сыбайлас жемқорлық жағдайлары бойынша «рекордсмен» болып табылады.

Экология саласында сыбайлас жемқорлықпен Экология департаментінде жиі кездеседі; көбінесе – БҚО және Жамбыл облыстарында.

өтініштер саны

сыбайлас жемқорлық жағдайларының max үлесі

2.3. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАРТЫЛУ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін бағалау

Сауалнама нәтижелері бойынша 2021 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тиімділігінің индексі сауалнама көрсеткіштері негізінде 68,8%-ды құрайды (-1-ден 1-ге дейінгі шкала бойынша 0,38 Б.)



77,1%	Сыбайлас жемқорлыққа жол берген құқық қорғау органдары қызметкерлері мен судьялардың жауапкершілігін қатаңдату
75,7%	Қол астында қызмет атқаратын қызметші сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда басшысын қызметінен босату және тәртіптік жауапкершілікке тарту
74,0%	Мемлекеттік қызмет көрсетудің мобильді (электрондық) форматын ауқымды дамыту
72,8%	Жемқорларды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салу



66,5%	Мемлекеттік органдарда жақын туыстардың бірлескен жұмысын шектеу
66,0%	Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлаған азаматтарды көтермелеудің сараланған жүйесі
60,7%	Мемлекеттік қызметшілерге сыйлықтар беруге және алуға толық тыйым салу
55,8%	Мемлекеттік қызметшілердің жалақысын ұлғайту


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шара ретінде мемлекеттік қызметшілердің жалақысын ұлғайту кәсіпкерлер арасында ең төмен қолдауға ие болды (55,8%; 12-ші, соңғы орын).

2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Сауалнама нәтижелері бойынша кәсіпкерлердің көпшілігі соңғы 12 айда мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне төленетін бейресми төлемнің жиілігі де, мөлшері де өзгеріссіз қалды немесе төмендеді деген пікірде. Бұл ретте әрбір төртінші (25-29%) респондентке жауап беру қиынға соқты.

Сіздің бағалауыңыз бойынша, соңғы 12 айда (карантиндік шаралар жағдайында) бизнес тарапынан мемлекеттік органдарға төленген бейресми төлемдердің жиілігі мен мөлшері ұлғайды ма, төмендеді ме, әлде өзгеріссіз қалды ма? , %



Бірақ сұхбатқа қатысушылар пандемияның елдегі экономикалық жағдайға тигізген кері әсері мен мемлекет әртүрлі деңгейлерде жүргізген және жүргізіп жатқан антиковидтік саясаттың шығындарымен байланысты сыбайлас жемқорлық көріністерінің өсуі туралы гипотезаны растады.


2 негізгі шартқа назар аудару керек:

- бизнес карантиндік шектеулерді айналып өту үшін және өз қызметін бірқалыпта ұстап қалу үшін сыбайлас жемқорлық механизмін пайдаланады;
- бизнес мемлекеттік қолдау бағдарламаларына ену үшін сыбайлас жемқорлық мәмілелеріне қатысады.

2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия факторының сыбайлас жемқорлық деңгейіне әсері

Корреляциялық талдау бейресми төлемдердегі өзгерістер мен сыбайлас жемқорлықтың өңірдегі бизнестің дамуына әсерін бағалау арасында тікелей байланыс бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың ықпал ету көрсеткіші мен сыбайлас жемқорлық төлемінің мөлшері арасындағы байланыс (r=0.214) сыбайлас жемқорлықтың ықпал ету көрсеткіші мен осы төлемдердің жиілігімен (r=0.173) байланысқа қарағанда анағұрлым тұрақты (r = 0.214). Бұл 2021 жылдағы сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалауға сыбайлас жемқорлық төлемдерінің мөлшері төлем жиілігіне қарағанда көбірек әсер етеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.



2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Пандемия кезеңіндегі жемқор мемлекеттік органдардың Топ-10

Соңғы 12 айда қызметкерлері кәсіпкерлерден мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бейресми төлем/қызмет/көмек/сыйлық талап еткен мемлекеттік органдардың топ-10

Мемлекеттік орган	Жиілігі	%
Салық	506	8,6%
СЭС	355	6,0%
Учаскелік полиция қызметкерлері	246	4,2%
Өртке қарсы қызмет	201	3,4%
Кеден	81	1,4%
Әкімдік	72	1,2%
Жер комитеті	49	0,8%
Мемлекеттік кірістер басқармасы	29	0,5%
Патрульдік полиция	28	0,5%
Экология департаменті	25	0,4%


«Полиция тыныш жұмыс істеуге мүмкіндік бермеді»; «Менде Өзбекстаннан келген адамдар жұмыс істейді. бригадамның жартысы шетел азаматтары. Күн сайын полицияға жұмысшыларымды алып кетпесін деп пара беруге мәжбүр болым. Барлығының рұқсаты болса да, олар кез келген жерден сылтау табады».

«Салық қызметінде менің жақсы танысым бар. Мен оған үнемі пара беріп тұрамын. Мен оған 5 мың беремін, ол менің кассалық аппаратымның жоқтығына көз жұма қарайды. Маған осылай жұмыс істеген оңай»; «Мен төлеген сыйақы сомасы 20-40 мың теңгеден басталады»; **«Сұхбат алушы: алғысты ақшалай төлейсіз бе, әлде сыйлық түрінде ме?** Сұхбаттасушы: әрине, ақшалай, салық қызметкерлерімен әзілдесуге болмайды»

«Карантиндік шаралар, иә, әрине. СЭС бізді жиі тексереді. Олардың шарттары біздікімен сәйкес келмейді. Сондықтан бұл мәселелерді қандай да бір жолмен шешу керек. Біз оңай жолды таңдаймыз. Ақша беру оңайырақ және мәселе тез шешіледі»

2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының себептері (1)




2.4. ПАНДЕМИЯ ФАКТОРЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының себептері (2)

- **2021** жылы сыбайлас жемқорлықтың себептерін таңдауда **«кәсіпкерлердің өз құқықтары мен заңдарды білмеуіне» және «мәселелерді заңды жолмен шешу жолдары туралы толық хабардар болмауына»** назар аударар болсақ, **2019** жылғы үрдіс сақталып отыр. Бұл ретте **«мемлекеттік органдар қызметкерінің мәселені шешуді әдейі кешіктіруі»** және **«мемлекеттік органдар қызметкерінің неғұрлым сапалы қызметіне қол жеткізуге деген ұмтылыс»** себебі қайтадан өсе бастады.
- Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық жағдайына түсуінің **негізгі себебі олардың бизнес субъектілері ретіндегі өз құқығы мен заңдарды білмеуі болып қала береді (43%).**
- **Екінші ең көп тараған себеп** - кәсіпкерлердің **мемлекеттік қызметті алу үдерістерін жеделдетуге деген ұмтылысы (31%).**
- **2017 және 2019** жылдардағы сауалнамалармен салыстырсақ, **«әдет, қалыптасқан пікір», «мәселе бойынша заңнамалық реттеудің жетілмегендігі» және «нормативтік-техникалық құжаттар мен НҚА-ның өзекті редакцияларының түсініксіз болуы»** сияқты себептерді таңдау жиілігі артқаны байқалады. Соңғы екі себеп бойынша **2017** жылмен салыстырғанда, көрсеткіштер **төрттен бір бөлікке өсті** (тиісінше **20-дан 28,7%-ға және 14,2-ден 18,4%-ға дейін), бұл елдегі бизнес процестерін заңнамалық қамтамасыз етуге наразылықтың артып келе жатқанын** көрсетеді.
- Сондай-ақ, **2019** жылмен салыстырғанда, **кәсіпкерлердің мәселелерді заңды жолмен шешу жолдары туралы нашар хабардар болуы (30,7%) сияқты себептерді таңдау жиілігі өзгерген жоқ.**
- **2019** жылмен салыстырғанда, **2021** жылы **«мемлекеттік орган қызметкері тарапынан неғұрлым сапалы қызметке қол жеткізу» (25,6-дан 29% - ға дейін) және «Мемлекеттік орган қызметкері тарапынан мәселені шешуді әдейі кешіктіру» (22,6-дан 25,8% - ға дейін)** сияқты себептерді таңдау жиілігі қайтадан өсті, бұл бейресми төлемдер өз жұмысын сапалы және уақтылы орындамайтын **мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұмысын ынталандыру құралы болып табылатынын көрсетеді.**

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының үлгілері



2021 жылы кәсіпкерлердің мінез-құлқы сәл өзгерді, олар мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас кезінде икемді бола бастады. Мемлекеттік органның талаптары негізді болған жағдайда, олар төлейді; егер бұзушылық негізсіз болса, олар оған қарсы шығуға тырысады. Сыбайлас жемқорлық жағдайындағы орта бизнестің мінез-құлық стратегиясы «шығын-пайда» арақатынасына байланысты болады

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының үлгілері

Рационалды емес (жетектегі) 29%	**Заңға бағынатындар:** «айыппұлдарды қоса алғанда, орындауға жүктелген санкцияларды қабылдаймын, дауласпаймын»; **2017: 6,5%** **2019: 9,3%** **2021: 9,4%** «құқық қорғау органдарына жүгінемін» **2017: 12,6%** **2019: 10,2%** **2021: 11,3%**		**Үстірт:** «мен бірден қажетті соманы төлеймін (пара беремін)» **2017: 6,5%** **2019: 6,6%** **2021: 8%**
Рационалды (ымыраға келмейтін) 70%	**Ымыраға келмейтін:** «бұзушылықтар болған жағдайда қадағалау органының шешіміне дау айтуға тырысамын, апелляцияға беремін» **2017: 13,9%** **2019: 17,9%** **2021: 17,2%**	**Сындарлы:** «мен талаптардың шынымен бұзылғанын тексеремін, бұзушылықтарды заңды түрде жоюға қандай шығын (қаржылық, уақытша және т. б.) шығатынын анықтаймын, содан кейін шешім қабылдаймын» **2017: 43,5%** **2019: 43,7%** **2021: 42%**	**Өзімшіл:** «мен бейресми төлемдерді азайту үшін саудаласамын» **2017: 10,5%** **2019: 11,0%** **2021: 11,6%**
	«Заңды» – 38%	**«Шекарашылар» (көрінбейтін аймақ) – 42%**	**«Заңсыз» – 20%**

«Егер қандай да бір проблема туындаса, көбінесе кәсіпкер мәселені қысқа уақытта шешу жолын іздейдіі. Ол қысқа мерзімде, тез арада бәрін шешіп, өз қызметін жалғастырғысы келеді...»

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық мінез-құлқына себеп болатын не

Сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болған кезде кәсіпкерлердің типтік мінез-құлық реакцияларын бағалау үшін зерттеуге қатысушылар мемлекеттік органдардың қызметкерлері бұзушылықтардың бар екендігі туралы хабарлаған және мәселені «бейресми» шешуді ұсынған жағдайда өз құқықтары мен мүлкін қорғай отырып, қалай әрекет етемін дегенді таңдауы керек еді. Сауалнамаға қатысушылардың жауаптары екі параметрге – ұтымдылық пен заңдылыққа байланысты бөлінді.

Рационалды емес (жетектегі) 29%	Бұл заң шеңберінде әрекет етуді жөн көретін және мемлекеттік органдардың қызметкерлері бопсалаған жағдайда құқық қорғау органдарына жүгінетін немесе бейресми мәміле жасасудың орнына айыппұл төлеуді жөн көретін кәсіпкерлер (**9-11%**)		Бұл мемлекеттік органдармен арада туындаған «бейресми тәсілмен» шешуді қалайтын кәсіпкерлер және бейресми төлемнің белгіленген сомасын сөзсіз төлеуге дайын, осылайша олар өз әрекетінің дұрыс еместігін байқамайтынын көрсетеді (**8%**)
Рационалды (ымыраға келмейтін) 70%	Бұл заң шеңберінде әрекет етуді жөн көретін және мемлекеттік органдардың қызметкерлері тарапынан бопсалау орын алған жағдайда өз мүдделерін қорғау үшін заңмен белгіленген құралдарды пайдаланатын кәсіпкерлер (**17,2%**)	Бұл аралық топ, оның өкілдері сыбайлас жемқорлық сияқты құралдың пайдалылығын жоққа шығармайды, дегенмен өз пайдасы мен есептелген тәуекелдер шеңберінде әрекет етеді (42%). Бұл топ туындаған мәселелерді заңды түрде шешу тиімдірек және қауіпсіз болатын жағдайларды бағалау үшін әрекет етеді, яғни бақылайды	Бұл мемлекеттік органдармен арада туындаған мәселелерді «бейресми тәсілмен» және бейресми төлем мөлшерлемесін төмендету бойынша келіссөздер жүргізу арқылы шешуді қалайтын кәсіпкерлер (**11,6%**)
	«Заңды» – 38%	**«Шекарашылар» (көрінбейтін аймақ) – 42%**	**«Заңсыз» – 20%**

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

Салалар бойынша бейресми төлемдердің ең төменгі сомаларының орташа көрсеткіштері, теңгемен: орташа және медианалық мөлшерлемелердің айқын өсуі

№	Сала	Ең төмен бейресми төлем			
		2019		2021	
		орташа	медиана	орташа	медиана
1.	Агроөнеркәсіптік	57 205	27 500	63 809	50 000
2.	Мемлекеттік сатып алу	79 250	35 000	403 782	100 000
3.	Жер қатынастары	65 769	50 000	120 988	50 000
4.	Салық	26 505	10 000	30 995	10 000
5.	Құрылыс, сәулет және қала құрылысы	69 152	50 000	218 125	200 000
6.	Кедендік әкімшілендіру	40 971	20 000	85 592	50 000
7.	Көлік-логистика	33 236	10 000	59 545	50 000
8.	Экология	17 100	5 000	108 721	50 000

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ

№	Сала	Салалар бойынша бейресми төлемдер сомасының орташа көрсеткіші, теңгемен	Салалар бойынша бейресми төлемдердің ең жоғары сомаларының орташа көрсеткіші, теңгемен
1.	Агровнеркәсіптік	294552	525294
2.	Мемлекеттік сатып алу	788766	1173750
3.	Жер қатынастары	354018	587047
4.	Салық	147634	2642723
5.	Құрылыс, сәулет және қала құрылысы	408714	599304
6.	Кедендік әкімшілендіру	273623	461654
7.	Көлік-логистика	276076	492607
8.	Экология	222659	336596


Бейресми төлемнің орташа мөлшері салаға байланысты **147634 теңгеден 788766 теңгеге** дейін өзгеруі мүмкін, ал ел бойынша орташа көрсеткіш **345755 теңгені** құрайды.

Бейресми төлемдердің ең көп сомасы **мемлекеттік сатып алу саласында** тіркелді. Бейресми төлемдердің ең аз сомасы **салық саласында** тіркелген.

2.5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ


Сыбайлас жемқорлыққа бастамашылық еткен субъектілер

2021 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік органдардың қызметкерлері бизнеспен өзара қарым-қатынас кезінде мәселелерді бейресми шешудің бастамашысы бола бастады. Мәмілені рәсімдеудегі делдалдардың рөлі де артты.




2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Салық саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	25
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	10
Қызмет бөлімінің басшысы	12
Қатардағы қызметкер (маман, инспектор)	23
Делдал	23




Шарттары	%
Салықтық тексеру актісінде бұзушылықтарды көрсетпеу	28
Қандай да бір іс-әрекетке қатысты түскен шағымды қарағаннан кейін, оң нәтиже шығару	23
Хабарламаға қатысты түскен шағымды қарағаннан кейін, оң нәтиже шығару	22
Бұзушылық туралы әкімшілік хаттаманы ресімдемеу	22
Салық қызметінің қызметкерімен алдын ала сөз байласу («қорғау»)	22

Кәсіпкерлер салық органдарымен басқа мемлекеттік органдарға қарағанда жиі кездеседі.

2021 жылы осы мемлекеттік органмен өзара қарым-қатынас кезінде **сыбайлас жемқорлық жағдайларының жиілігі** төмендеді.
Бұл ретте бейресми төлемнің ең төменгі сомасы **1000 теңгеден 5000 теңгеге** дейін артты.


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Салық саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	24
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	14
Инспекцияның, бөлімшенің басшысы	15
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	26
Делдал	16

Пара диапазоны




Шарттары	%
Хаттамалар жасау және істерді қарау	40
Көлік құралына рұқсат туралы куәліктерді және / немесе рұқсат карточкаларын беру	34
Көлік айыппұлдарын төмендету	33
Тасымалдау қызметін жүзеге асыратын адамдардың қызметін тексеру	30
Жол жүруге арнайы рұқсаттар беру	27

Соңғы 12 айда көлік-логистика саласындағы мемлекеттік органдармен орта есеппен 10 компанияның 1-і кездесті.

Бұл ретте сауалнама қорытындысы бойынша оң динамика байқалады: **2020 жылы** көлік саласындағы мемлекеттік органдарға жүгінген кәсіпкерлердің **үштен бірі, 2021 жылы төрттен бірі** сыбайлас жемқорлық жағдайына тап болды.


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Мемлекеттік сатып алу саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	20
Қызметтің басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	21
Бөлімше басшысы	20
Қатардағы қызметкер (маман, инспектор)	14
Делдал	19

Пара диапазоны




Сыбайлас жемқорлық мәні	%
Тапсырыс берушінің жеңіске жету үшін белгілі бір Жеткізушіге деген қызығушылығы	42
Әлеуетті Жеткізушінің сатып алуда жеңіске жетуге деген қызығушылығы	34
Жеткізушінің орындалған жұмыстарды/ қызметтерді қабылдау актісіне қол қоюға мүдделілігі	30
Тапсырыс берушінің лауазымды тұлғасының ақшалай сыйақы алуға мүдделілігі	27

Сауалнама қорытындысы бойынша мемлекеттік сатып алу саласында мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас жасайтын компаниялар саны 8%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте әрбір **бесінші жағдайда сыбайлас жемқорлық орын алды.**

Бұл ретте осы салада сыбайлас жемқорлық қатынастары негізінен әлеуетті Жеткізуші мен Тапсырыс беруші арасындағы **келіссөздер сатысында туындайды.**


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Кедендік әкімшілендіру саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі (декларант)	15
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	6
Қызмет қызметкері (маман, инспектор)	28
Кеден өкілі (брокер)	25
Тасымалдаушы	18
Экспедитор	5

Пара диапазоны




Шарттары	%
Жүкті заңсыз тасымалдау	44
Кедендік ережелерді бұзу туралы хаттаманы ресімдемеу	28
Әкелінетін тауардың салмағын төмендету	26
Кедендік сараптама жүргізу	26

Кедендік әкімшілендіру саласында он компанияның біреуі ғана мемлекеттік органдармен бетпе-бет келді.

2021 жылы жүргізілген сауалнама сыбайлас жемқорлық жағдайына түскен адамдар санының төмендегенін анықтады: кеден органдарына жүгінгендердің әрбір төртіншісі кедендік рәсімдерді жеделдету үшін **сыбайлас жемқорлық жағдайын пайдаланды** (ілгеріде әрбір үшіншісі болған еді). Ең төменгі мөлшерлеме **5000 теңгеден 10000 теңгеге** дейін өсті.


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Құрылыс саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	19
Инспекцияның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	12
Инспекция бөлімшелерінің басшысы	23
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	20
Делдал	21

Пара диапазоны




Условия	%
Рұқсат құжаттарын беруден бас тартқан кезде	48
Жобалардың сараптамасын келісу кезінде	25
Құрылысты реконструкциялауға/ қайта жоспарлауға рұқсат алу кезінде	24
Объектілерді пайдалануға беру кезінде	23

Соңғы 12 айда құрылыс саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 7%-ы қарым-қатынас жасады. Бұл ретте **43% жағдайда мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді.**

Көбінесе кәсіпкерлер рұқсат құжаттарын алу үшін **МСҚБ-ға жүгінген кезде** сыбайлас жемқорлыққа тап болады.


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Жер қатынастары саласындағы жемқорлық



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	16
Инспекцияның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	17
Инспекция бөлімшелерінің басшысы	18
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	20
Делдал	25

Пара диапазоны




Шарттары/негізі	%
Бизнес қажеттіліктері үшін жер учаскелерін бөлу кезінде	43
Жер комиссиясы шешім қабылдаған кезде	33
Жер учаскелерінің шекараларын қалыптастыру және ретке келтіру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту кезінде	22
Жер учаскесінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде	19

Соңғы 12 айда жер қатынастары саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 7%-ы өзара қарым-қатынас жасады. Бұл ретте өтініш жасалған **әрбір екінші** жағдайда **мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді.**

Сыбайлас жемқорлық мәмілелерінің ең төменгі сомасы барлық салалардың ішіндегі ең жоғарысы болып табылады, **30 000 теңге.**


2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

Экология саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	14
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	22
Мемлекеттік орган бөлімшелерінің басшысы	20
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	19
Делдал	19

Пара диапазоны




Шарттары	%
Экологиялық нормалардың сақталуына тексеру жүргізу кезінде	34
Экологиялық сараптама жүргізу кезінде	32
Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін бекіту кезінде	26
Кәсіптік қызмет үшін алқаптарды бекіту бойынша конкурстар өткізу кезінде	21

Соңғы 12 айда экология саласындағы мемлекеттік органдармен компаниялардың 8% өзара қарым-қатынас жасады. Бұл ретте өтініш берген **әрбір төртінші жағдайда мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешілді** (2020 жылы – әрбір екінші жағдайда болған еді).


Экология саласында ең жоғары төлем ставкаларының бірі тіркелді, **1 500 000 теңге**.

2.6. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ САЛАЛАР БОЙЫНША ТАЛДАУ

АӨК саласындағы сыбайлас жемқорлықты талдау



Пара беруге кім мұрындық болды	%
Бизнес өкілі	24
Мемлекеттік органның басшы қызметкері (басшы, басшының орынбасары)	15
Мемлекеттік орган бөлімшелерінің басшысы	10
Инспекцияның қатардағы қызметкері (маман, инспектор)	23
Делдал	24



Шарттары	%
Ветеринариялық сертификат беру	43
Ветеринариялық паспорттарды, анықтамаларды ресімдеу	32
Ауыл шаруашылығы өнімінің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру	28
Тексеру нәтижелері туралы актіні ресімдеу	22
Ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдау (орнын ауыстыру)	17

Кәсіпкерлер АӨК саласындағы мемлекеттік органдармен басқа мемлекеттік органдарға қарағанда аз кездеседі. Бұл ретте **өтініштердің 40%-да мәселе сыбайлас жемқорлық төлемін пайдалана отырып шешіледі.**

Бизнес өтініштерінің ең үлкен үлесі Ауыл шаруашылығы басқармасына және Ветеринария басқармасына тиесілі.

3. ӘКІМШІЛІК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІ

3.1. Бағалау параметрлері

Индекс А1 - индексі - бақылауға жататын ұйымдардың жалпы санынан бақыланатын және қадағаланатын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің арақатынасы.

Индекс А2 - анықталған бұзушылықтары бар тексерулер санының тексерулердің жалпы санына қатынасы (индикатор неғұрлым жоғары болса, тәуекелге бағытталған тәсіл соғұрлым тиімді қолданылады).

Индекс А3 - бизнеске қатысты ескертулердің жазалардың жалпы санына қатынасы (бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігін төмендету).

Индекс А4 - айыппұлдардың жалпы санына тексеру жүргізбестен салынған айыппұлдардың арақатынасы.

Индекс А5 - тексеру қорытындылары бойынша бизнес шағымдарының саны (қанағаттандырылды / бас тартылды).

Индекс А6 - бақылау-қадағалау іс-шараларын бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға қатысты жауапкершілік шаралары.

- **14 облыс пен** республикалық маңызы бар **3 қаладағы** жағдай талданды.
- Бақылаушы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің және ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің **статистикалық деректеріне негізделген.**
- Санитарлық-эпидемиологиялық қәуіпсіздік, өртке қарсы қауіпсіздік, салық **салалары** енгізілген.
- Бағалау кезеңі - 2020 жыл және 2021 жылдың 7 айы.

3.2. ӘКІМШІЛК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІН ПЫСЫҚТАУ НӘТИЖЕЛЕРІ

- Өңірлік кәсіпкерлер палаталары бизнеске әкімшілік қысым индексінің негізгі қорытындыларын бизнес-құрылымдар, бақылау-қадағалау органдары және жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің назарына жеткізді және 2021 жылғы 30 қыркүйекте өткізілген Бірыңғай есеп күні аясында талқыланды.
- Талқылау қорытындысы бойынша бизнес пен мемлекеттік органдардан қарсылықтар түскен жоқ.
- Бизнеске әкімшілік қысым индексінің негізгі қорытындылары ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолданды.
- Индексті мерзімді пысықтау бизнес субъектілеріне әкімшілік қысымды төмендету үшін жаңа бағдарлар беретін түбегейлі жаңа құрал болады.

3.3. ӘКІМШІЛІК ҚЫСЫМ ИНДЕКСІН ПИЛОТТЫҚ ЕСЕПТЕУ НЕГІЗІНДЕГІ БАСТЫ ТҰЖЫРЫМДАР

✓ Өртке қарсы қауіпсіздік және салық саласындағы бақылау-қадағалау қызметінің **репрессивтілігін төмендету**

✓ Санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздік және өртке қарсы қауіпсіздік саласындағы тексеру қорытындылары бойынша **қанағаттанарлық шешілген шағымдардың жоғары деңгейі**

✓ Бақылауға жататын ұйымдардың жалпы санынан **бақылауға және қадағалауға ұшыраған кәсіпкерлер үлесінің төмен деңгейі**

- Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің **статистикалық деректерінің ҚР БП ҚСжАЕК деректерімен сәйкес келмеуі**
- Салық міндеттемелері саласында тексерулер жүргізбестен, **айыппұл салудың жоғары деңгейі**
- ТБЖ негізінде мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігі **мониторингінің жеткіліксіз деңгейі**

3.4. САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

А1 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылауға жататын ЗТ және ЖК

7,45%

бақылауға және қадағалауға тап болды

Анти-көшбасшы

Атырау (15,8%), Қарағанды (12,0%), Қызылорда (11,6%), Маңғыстау (10,2%) облыстары және Астана қ. (11,1%)

Шығыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстарында ең төмен көрсеткіш (2,7%)

А2 индексі.

Барлығы ел бойынша

65%

қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған тексерулердің үлесі

Көшбасшы

Түркістан (95,5%), Алматы (90,9%) облыстары және Шымкент қ. (85,0%), **тәуекелге бағдарланған тәсілді тиімді пайдалануды растайды**

Ең төмен көрсеткіш Қостанай (25,10%) және Павлодар (24%) облыстарында

А3 индексі.

Барлығы ел бойынша

3,2%

жазаға қатысты ескертулердің үлесі

Көшбасшы

Атырау (22,70%) және Алматы (3,70%) облыстары

17 өңірдің 11-де көрсеткіштің мәні нөлге тең, **бұл бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігін көрсетеді**

3.4. САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

А4 индексі.

Барлығы ел бойынша

8,5%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі жоғары емес

Көшбасшы

Астана қаласында барлық айыппұлдардың 83,6%-ы тексеру жүргізбей салынды. Павлодар облысында бұл көрсеткіш 42,1%-ға және Солтүстік Қазақстан облысында 28,9%-ға тең

17 өңірдің 14-де мұндай фактілер **табылған жоқ**

А5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысына қатысты түскен шағымдардың жалпы санынан

68%

қанағаттанарлық шешілді

Анти-көшбасшы

Қостанай, Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында шағымдардың 80%-дан астамы бас тартумен аяқталады. Астана қаласында бұл көрсеткіш 100%-ға жетеді

Келіп түскен шағымдардың саны өте төмен, 17 өңірдің 9-да бұл көрсеткіш нөлге тең. Бұл ұсынылған деректердің дұрыстығына күмән тудырады

А6 индексі.

Барлығы ел бойынша

тәртіптік жауапкершілікке тартылған лауазымды тұлғалардың саны ескерту мен әкімшілік жаза алғандардан көп

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Астана қаласында және Ақмола облысында тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылыққа жол берген жағдайда жазалау шаралары ескертумен және тәртіптік жазамен шектеледі

лауазымды тұлғалардың әкімшілік жазаларының 82%

Ақтөбе облысына тиесілі

3.5. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

А1 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылауға жататын ЗТ және ЖК

4,42%

бақылауға және қадағалауға тап болды

Анти-көшбасшы

Ақтөбе облысы (18,9 %), Алматы қаласы (15,4%), БҚО (6,9%) және Астана қаласы (6,9%)

Түркістан облысында ең төменгі көрсеткіш (1,2%)

А2 индексі.

Барлығы ел бойынша

қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған тексерулердің үлесі

49,5%

Көшбасшы

Анықталған бұзушылықтары бар тексерулердің ең көп үлесі СҚО (57,6%), Атырау, Түркістан облыстарына (55,1%), Алматы облыстарына (53,8%) тиесілі, бұл тәуекелге бағдарланған тәсілді тиімді пайдалануды растайды

Ақтөбе облысында ең төменгі көрсеткіш (37,6%)

А3 индексі.

Барлығы ел бойынша

51,7%

жазаға қатысты ескертулердің үлесі

Көшбасшы

Атырау облысы (90%), Шымкент қаласы (80%) және Павлодар облысы (75,5%)

Бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігінің төмендеуі байқалады

3.5. ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ

А4 индексі.

Барлығы ел бойынша

9,3%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі барынша төмен

Көшбасшылар

Солтүстік Қазақстан облысында барлық айыппұлдардың 39,3%-ы тексеру жүргізбестен салынды. Түркістан қаласында бұл көрсеткіш 13,8% және Астана қаласында - 4,5%-ға тең.

17 өңірдің 14-де мұндай фактілер **табылған жоқ**

А5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысы бойынша шағымдардың жалпы санының

76%

қанағаттанарлық шешім қабылданды

Анти-көшбасшылар

Шымкент қаласында шағымдардың 100 %-ы бас тартумен аяқталады

Ақмола (1 шағым) және Павлодар (15 шағым) облыстарында шағымдар 100% қанағаттандырылды.
17 өңірдің 14-де бұл көрсеткіш нөлге тең, бұл деректердің дұрыстығына күмән тудырады

А6 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылау және қадағалау туралы заңнаманы бұзғаны үшін бақылаушылардың жауапкершілігі жүйелік емес сипатта болады

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Ақтөбе, БҚО және Қостанай облыстарында тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылық жасаған жағдайда ескерту жасалады немесе тәртіптік жаза қолданылады

82%

лауазымды тұлғаларға қатысты ескертулердің барлығы БҚО үлесінде

3.6. САЛЫҚТАР

	Барлығы ел бойынша	Анти-көшбасшы	
А1 индексі.	бақылауға жататын ЗТ және ЖК **0,9%** **бақылауға және қадағалауға тап болды**	Қызылорда (3,1 %), Жамбыл (2,09%), СҚО (1,7%) және Қостанай облыстары (1,5%)	Шымкент қаласында, Алматы және Түркістан облыстарында ең төмен көрсеткіштер (0,3%)
	Барлығы ел бойынша	**Көшбасшы**	
А2 индексі.	**37%** қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталған тексерулердің үлесі	Анықталған бұзушылықтары бар тексерулердің ең көп үлесі Жамбыл (79,7%), Маңғыстау (46,6%), Алматы қ. (44,6%), ШҚО (42,0%) тиесілі	Алматы облысында барынша төмен көрсеткіш (19,5%)
	Барлығы ел бойынша	**Көшбасшы**	
А3 индексі.	**67,7%** жазаға қатысты ескертулердің үлесі	Қызылорда (82,6%), Түркістан (76,1%) және Павлодар (73,3%) облыстары	Бақылау-қадағалау қызметінің репрессивтілігінің төмендеуі байқалады. Ең төменгі көрсеткіш Алматы (45,7%) және Жамбыл облыстарында 27,40%

3.6. САЛЫҚТАР

А4 индексі.

Барлығы ел бойынша

68%

тексеру жүргізбестен айыппұл салу деңгейі барынша төмен

Көшбасшы

Алматы (99%), СҚО (99,2%), Қостанай (99,5%) Павлодар (97%) облыстарында барлық айыппұлдар тексеру жүргізбей салынды. Қызылордада бұл көрсеткіш 12,7%-ға, Түркістанда-17,6%-ға тең

17 өңірдің 5-де мұндай фактілер **табылған жоқ**

А5 индексі.

Барлығы ел бойынша

тексеру қорытындысы бойынша шағымдардың жалпы санының

26%

қанағаттанарлық шешім қабылданды

Анти-көшбасшы

Қызылорда облысында шағымдардың 99% бас тартумен аяқталады

17 өңірдің 4-де бұл көрсеткіш нөлге тең. Бұл ретте республика бойынша барлығы **340** шағым түсті, ал ҚСжАЕК деректері бойынша **347** шағым түскен. **Бұл бақылаушы органдардың деректерінің дұрыстығына күмән тудырады**


А6 индексі.

Барлығы ел бойынша

бақылау және қадағалау туралы заңнаманы бұзғаны үшін бақылаушылардың жауапкершілігі жүйелік емес сипатта болады

Өңірлердің көрсеткіштері арасында үлкен алшақтық байқалады. Көптеген өңірлерде тексеру жүргізу кезінде лауазымды тұлғалар бұзушылыққа жол берген жағдайда ескерту жасаумен шектеледі

Атырау облысының лауазымды тұлғасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды


ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ЖАҢА РЕТТЕУШІЛІК САЯСАТ



www.ombudsmanbiz.kz

2022

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат

2. Реттеуші актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін қайта қараудың басты нәтижелері 2

2.1. Сауда қызметі саласы 3
2.2. Қоғамдық тамақтану саласы 4
2.3. Тұру қызметі саласы 5
2.4. Көлік саласы 6
2.5. Жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы 7
2.6. Ақпараттандыру және байланыс саласы 8
2.7. Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер және ақпараттық қызмет көрсету саласы 9
2.8. Қоймалау саласы 10
2.9. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласы 11
2.10. Тұтынушылар құқығын қорғау саласы 12
2.11. Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет саласы 13
2.12. Көші-қон саласындағы реттеу 14
2.13. Автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласы 15
2.14. Құрылыс саласы 16
2.15. Авторлық және сабақтас құқықтар саласы 17
2.16. Құбыр көлігі қызметі саласы 18
2.17. Балық шаруашылығы саласы 19
2.18. Мұнай және уран өндіру саласы 20
2.19. Қара және түсті металдардың қалдықтарын жинау және өткізу жөніндегі қызмет саласы 21

3. Түйткілді мәселелер – ұсынылған шешімдер 22

1. Жалпы ақпарат

ҚР ҰЭМ-мен бірге

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеушілік саясат мәселелері жөніндегі **Заң** қабылданды (30.12.21 ж. № 95-VII)

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеушілік саясат мәселелері бойынша **түзетулердің 2-пакеті әзірленді**

ЖҰМЫС КЕЗЕҢДЕРІ

- **2021 ж.** — Жаңа реттеушілік саясат мәселелері бойынша заң қабылданды
- **2021-2022 ж.** — 24 салада түбегейлі тексеріс жүргізу
- **2022 ж.** — РӘТ реформасы, ӨРҰ жетілдіру
- **2023 ж.** — 20 салада түбегейлі тексеріс жүргізу
- **2023 ж.** — Мемлекеттік бақылаудың жаңа тәсілдері күшіне енеді, тексерулер мен кәсіби бақылау кестелерін қалыптастыру кезінде ТБЖ автоматтандыру күшіне енеді
- **2024 ж.** — Базалық талаптарға сәйкес келмейтін барлық талаптар заңсыз деп танылады

ҚАРАЛДЫ	2463 НҚА (39 өлшем)
ТАЛДАНДЫ	106 303 алап
БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ	9,3%
ЖҮРГІЗІЛДІ	29 сараптамалық сұхбат
САУАЛНАМА	216 Кәсіпкерлік субъектісі бастапқы салалар бөлінісінде
ОҚЫТУ СЕМИНАРЛАРЫ (наурыз-шілде 2022 жыл)	44 салалық топ
КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТЕР (мамыр-қыркүйек 2022 жыл)	200

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.1. Сауда қызметі саласы – ҚР СИМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

52 НҚА

ТАЛДАНДЫ

1 729 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

543 (13,6%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Нан-тоқаш өнімдерін тарауға қатысты норма, оның орындылығына жұмыс тобының сарапшылары күмән келтірді.

«2-тарау. Нан-тоқаш және кондитерлік өнімдерді сату тәртібі. 122. Нан-тоқаш өнімдерін кесу үшін тұтқалы немесе қолмен кесетін пышақтар қолданылады, олардың жүздері үгінділердің санын азайту, тез және тең кесу үшін үнемі қайралады».

Сондай-ақ, жүргізілген жұмыс шеңберінде реттеуші актілердің қалыптастырылған тізбесі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірқатар ескірген, қайталанатын және ақылға қонбайтын нормалар анықталды. Мәселен, «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» ҚРЗ 25-бабында бекітілген тауар туралы міндетті мәліметтер тізбесі Ішкі сауда ережелерінде сөзбе-сөз қайталанады. Жұмыс қорытындысы бойынша бұл норманы негізгі норма ретінде қалдырып, ал қалған жерлерде сілтеме ретінде көрсету туралы шешім қабылданды.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.2. Қоғамдық тамақтану саласы – ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

94 НҚА

ТАЛДАНДЫ

2 397 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

748 (31,2%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Құрылыс объектілерін салу, қайта құрылымдау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезіндегі еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында сарапшылар ашықтық шартына сәйкес келмейтін талапты анықтады

«жағымсыз иісі жоқ және зиянды газдар мен булар шығармайтын өндірістік сарқынды суларды, егер бұл технологиялық қажеттіліктен туындаса, жалпы гидравликалық ысырма құрылғысы бар ашық өздігінен ағатын науалар арқылы су бұруға жол беріледі».

Редакцияға сүйене отырып, жағымды немесе жағымсыз иіс дәрежесі қалай анықталатыны белгісіз.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.3. Тұру қызметі саласы – ҚР МСМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

11 НҚА

ТАЛДАНДЫ

310 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

25 (8%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңында түзетуге жататын **қонақ үй тарапынан қосарланған төлемді көздейтін норма анықталды.** Бір жағынан, кабельдік теледидар операторына ақы төленеді, сонымен қатар мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйыммен шарт жасасуы керек.

«21-бап. Туындыны бейнелеу, эфирге берудің және (немесе) кәбіл бойынша жалпыжұрттың назарына хабарлаудың негізгі объектісі болатын немесе туындыны бейнелеу коммерциялық мақсат үшін пайдаланылатын жағдайларды қоспағанда, еркін кіріп көруге ашық орындарға тұрақты қойылған сәулет, суретке түсіру, бейнелеу өнері туындыларын автордың немесе өзге де құқық иеленушінің келісімінсіз және авторлық сыйақы төлемей қайта шығаруға, эфирге беруге және (немесе) кәбіл бойынша жалпы жұрттың назарына хабарлауға жол беріледі».

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.4. Көлік саласы – ҚР ИИДМК

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Сәуір-мамыр 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

141 НҚА

ТАЛДАНДЫ

6 115 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

1 306 (21%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Реттеушінің бұйрықтарында «Автомобиль көлігі туралы» Заңда көзделген, қайталанатын және алып тастауға жататын 5 талап анықталды.

«Автомобиль көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау қағидаларын және Қазақстан Республикасының аумағында автокөлік құралдарымен тасымалдауға рұқсат етілетін қауіпті жүктердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 460 бұйрығында – **«10-тармақ. Қауіпті жүкті тасымалдау шартын жасасу тауар-көлік жүккұжатын жасаумен расталады»** Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының 4-тарауының нормаларымен қайталанады.

Анықтама үшін:

Жұмыс қорытындысы бойынша 290 реттеуші акт анықталды және талданды;
Көлік саласында бизнеске қатысты 11 557 талап анықталды, оның ішінде:
- ИКАО стандарттарына сәйкес - 5041;
- теңіз көлігі саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес - 401.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.5. Жылжымайтын мүлікпен операциялар саласы – ҚР ӘМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

7 НҚА

ТАЛДАНДЫ

149 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

6 (4%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» Заңда ескірген норма анықталды 60-баптың 3-тармағы

«3. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркемеген жеке және заңды тұлғалар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай ішінде өз құқықтарын тіркеуге міндетті».

Бұл талап бүгінгі күнге дейін орындалу шартына сәйкес келмейді, өйткені заң қабылданғаннан бері (2007 жылғы 26 шілдедегі Заң) 15 жылдан астам уақыт өтті.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.6. Ақпараттандыру және байланыс саласы – ҚР АҚДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

23 НҚА

ТАЛДАНДЫ

349 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

20 (5,7%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Телерадио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңында қайталанатын норма бар

«Телерадио хабарларын тарату операторлары Қазақстан Республикасының аумағында тарататын шетелдік теле-, радиоарналар уәкілетті органда міндетті түрде есепке қойылуға жатады»

Бұл талап «Телерадио хабарларын тарату туралы» ҚР Заңының 18-1-бабында және 42-бабының 7-тармағында қамтылған.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.7. Компьютерлік бағдарламалау, консультациялық және басқа да ілеспе қызметтер және ақпараттық қызмет көрсету саласы - ҚР ЦДИАӨМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

58 НҚА

ТАЛДАНДЫ

821 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

273 (33,2%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Қайталанатын нормаларды қамтитын 200-ден астам норма анықталды.

«Электрондық ақпараттық ресурстардағы дербес деректерді сақтау» «Меншік иесі және (немесе) оператор, сондай-ақ үшінші тұлға дербес деректерді қорғау жөнінде қажетті шаралар қабылдауға міндетті» («Ақпараттандыру туралы» ҚРЗ-дан шығарылады, өйткені «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» ҚРЗ-да көзделген).

Сондай-ақ, жүргізілген жұмыс шеңберінде реттеуші актілердің қалыптастырылған тізбесі бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес бірқатар ескірген және қайталанатын нормалар анықталды. Осылайша, «Байланыс туралы» ҚРЗ 35-бабында бекітілген байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштері «Байланыс қызметтері сапасының көрсеткіштерін бекіту туралы» ЦДИАӨМ бұйрығымен сөзбе-сөз қайталанады. Жұмыс қорытындысы бойынша бұл норманы негізгі норма ретінде қалдырып, ал қалған жерлерде сілтеме ретінде көрсету туралы шешім қабылданды.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.8. Қоймалау саласы – ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Маусым 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

82 НҚА

ТАЛДАНДЫ

5 604 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

510 (9,1%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 7-1/848 бұйрығында тиімсіз талап бар:

«27-тармақ, 9-тармақша ветеринариялық препараттың әрбір түрі жеке камерада сақталуы тиіс»;

Осыдан кейін, мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, әрбір ветеринарлық препарат үшін ортақ камерада жеке сөре қарастырылуы керек делінген.

Осылайша, субъектіге 9 тармақша талаптарын орындамау құқығы беріледі, өйткені жеке камераларда сақтау мүмкіндігі жоқ және бұл бұзушылық болып табылмайды деп айту жеткілікті.

«178-тармақ қойма, үй-жайларында қажеттілікке сәйкес табиғи, механикалық, аралас желдету немесе ауаны баптау көзделеді. Үй-жайлар ылғалдылық пен температураны анықтау аспаптарымен жабдықталады» ашықтық қағидатына сәйкес келмейді.

Бұл жағдайда ауа ағынының көлемі қандай болуы керек, ол жеткілікті болуы үшін ауаны баптау қажеттілігін кім және қалай анықтайтыны белгісіз.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.9. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу саласы - ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Шілде 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

83 НҚА

ТАЛДАНДЫ

10 402 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

858 (8,2%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Күші жойылуы тиіс 553 талап анықталды.

«Мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығындағы **технологиялық құбырларды пайдалануға қатысты 11 талап** жойылуға тиіс, өйткені ҚР Төтенше жағдайлар министрінің бұйрығымен 2021 жылғы 27 шілдедегі № 359 бекітілген Технологиялық құбырларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулықтарда осы талаптар толық қайталанады.

«Тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 352 бұйрығындағы келесі тармақ алып тастауға жатады:

«818-тармақ Шахтаның негізгі өндірістік алаңының айналасында санитарлық-қорғау аймағы орнатылады, оның мөлшері жобамен анықталады».

Бұл талап «Тіршілік ету ортасы мен адам денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санкцияларының 9-тармағында көрсетілген.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.10. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласы – ҚР СИМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

9 НҚА

ТАЛДАНДЫ

214 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

15 (7,0%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңының 15-бабының 8-тармағында тұтынушыға арналған ақпарат нақты ойыншыққа ілеспе мәтіндік құжат (паспорт, жапсырма, қосымша бет, пайдалану жөніндегі нұсқаулық) түрінде берілуі немесе ойыншыққа немесе оның қаптамасына (тұтыну ыдысына) тікелей таңбалау түрінде жазылуы мүмкін екендігі айтылған.

Қайта қарау барысында сарапшылар тұтынушыға осындай ақпаратты электрондық форматта ұсыну қажет деген пікірге келді.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.11. Төтенше жағдайларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет саласы - ҚР ТЖМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Наурыз 2023 жыл

ҚАРАЛДЫ

36 НҚА

ТАЛДАНДЫ

1 342 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

87 (6,5%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

30 талаптың күші жойылуы тиіс

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығында «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» ЕЭК Кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 40 шешімімен қабылданған экономикалық одақтың техрегламентінің талаптарымен **өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кейбір техникалық реттеу объектілеріне қойылатын 8 талаптың қайталанатыны анықталды.**

Сарапшылар «Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығында көзделген келесі талаптың күшін жоюды ұсынды:

«Объектінің қызмет көрсетуші персоналы немесе орындаушы объектіге орнатылған өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларының құрылымы мен жұмыс принципін біледі, осы Қағидалардың, өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын пайдалану жөніндегі қағидалар мен нұсқаулықтардың талаптарын біледі және орындайды, белгіленген мерзімде регламенттік жұмыстарды жүргізеді және пайдалану құжаттамасын еркін нысанда толтырады».

Бұл талаптың мағынасы жоқ. Бақылау жүргізу мүмкін емес. Лауазымдық міндеттермен немесе шарттық қатынастармен реттеледі. Ережеде объект басшысының жауапкершілігі айқындалған.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.12. Көші-қон саласындағы реттеу – ҚР ІІМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

6 НҚА

ТАЛДАНДЫ

160 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

3 (1,9%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Басқа нормативтік құқықтық актілерде олардың болуына байланысты күші жойылуы тиіс 2 талап анықталды.

«Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысындағы **«8-1. Шығарып жіберу немесе реадмиссия бойынша шығыстарды шығарып жіберілетін немесе реадмиссияланатын заңсыз көшіп келушілер, заңсыз көшіп келушіні Қазақстан Республикасына шақырған не көшіп келушінің Қазақстан Республикасында заңсыз болу фактісі анықталған сәтте оның еңбегін пайдаланған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді»** «Көші-қон туралы» Заңның 60-бабының 2-тармағымен қайталанады.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.13. Автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу саласы - ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

21 НҚА

ТАЛДАНДЫ

258 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

47 (18,2%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Көлік құралдары мен жолаушыларға қызмет көрсету объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-98 бұйрығы «Өндірістік үй-жайларды нақты жарық көздерімен жалпы жасанды жарықтандыруға қойылатын талаптарды» белгілейді, бұл кәсіпкерлердің мүмкіндіктерін шектейді.

Қайта қарау қорытындысы бойынша **өндірістік үй-жайлардағы жалпы жасанды жарықтандыру гигиеналық нормативтердің талаптарына сәйкес келеді** деген ұстаным әзірленді.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.14. Құрылыс саласы – ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Тамыз 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

133 НҚА

ТАЛДАНДЫ

7 345 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

390 (5,3%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» ҚР Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес, құрылыс салушы мен уәкілетті компания осы бапта белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, құрылыс салушы және (немесе) уәкілетті компания құрылысты аяқтау үшін жеткілікті сомаға көппәтерлі тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға әзірлігі туралы екінші деңгейдегі банктің шешімін алу үшін екінші деңгейдегі банкке жүгінеді.

Құрылысты аяқтауға жеткілікті қаражаттың мөлшерін анықтау қиын, нақты көрсетілмеген.

Қазіргі уақытта екінші деңгейдегі банк тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға дайын екендігін растайтын хат беретін тәжірибе қалыптасқан.

Сонымен қатар, жекелеген жағдайларда ЖАО Заңның 9-бабының 5-тармағын Банктің құрылысты қаржыландыруға дайындығы туралы ресми шешімі түрінде жазбаша құжат ұсыну қажет деп түсіндіреді.

Осыған байланысты, жұмыс тобы осы норманы заңда нақтылау жөніндегі ұсынысты қолдау туралы шешім қабылдады.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.15. Авторлық және сабақтас құқықтар саласы – ҚР ӘМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қыркүйек 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

8 НҚА

ТАЛДАНДЫ

64 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

14 (21,9%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР заңының 44-бабының 2-тармағында осы заңның 43-бабының 3-тармағына сәйкес алынған өкілеттіктер негізінде мүліктік құқықтарды ұжымдық негізде басқаратын ұйым туындылар мен сабақтас құқықтар объектілерін пайдаланудың тиісті тәсілдеріне пайдаланушылармен лицензиялық шарттар жасасатыны көзделген. Мұндай лицензиялық шарттардың талаптары бір санаттағы барлық пайдаланушылар үшін бірдей болуы тиіс. Көрсетілген ұйымдар пайдаланушыға лицензиялық шарттар жасасудан жеткілікті негіздерсіз бас тартуға құқылы емес.

Жұмыс тобының сарапшылары талап сенімділік шартына сәйкес келмейтінін анықтады. Пайдаланушымен лицензиялық шарттар жасасудан бас тарту негіздерін нақтылау қажет.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.16. Құбыр көлігі қызметі саласы - ҚР ЭМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Шілде 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

64 НҚА

ТАЛДАНДЫ

5 277 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

350 (6,6%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Бірін бірі қайталайтынын ескере отырып, бір бұйрықтағы 52 талаптың күшін жою.

«Магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығында **134 тармақ бар, оның 52 тармағы** «Мұнай және мұнай өнімдері үшін резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 бұйрығының **талаптарын қайталайды.**

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.17. Балық шаруашылығы саласы – ҚР ЭГТРМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қараша 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

35 НҚА

ТАЛДАНДЫ

209 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

59 (28,2%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» ҚРЗ 27-бабына сәйкес жануарлар дүниесін пайдаланушылар арнайы пайдалану кезінде уәкілетті органмен келісім бойынша бекітілген балық шаруашылығы су айдынында және (немесе) учаскесінде биологиялық негіздеме негізінде балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізуге, балық ресурстарының және басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуге міндетті.

Сарапшылар балық шаруашылығы мелиорациясы бойынша ұсынымдар әзірлеуді және халықаралық және республикалық маңызы бар су айдындарының балық ресурстары мен басқа да су жануарларының кәсіпшілік қорының деректерін жыл сайын түзетуді ғылыми ұйымдар мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асыратынын атап өтті. Осыған байланысты бизнес субъектілерінің биологиялық негіздемені өз бетінше жүргізу қажеттілігі жоқ, яғни осы рәсімді жүргізуге жұмсалатын қаржылық шығындардың орынсыздығы атап өтілді.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.18. Мұнай және уран өндіру саласы – ҚР ЭМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қазан 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

88 НҚА

ТАЛДАНДЫ

7 803 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

648 (8,3%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

«Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі бірыңғай қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 маусымдағы № 239 бұйрығының **4 талабы** «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР кодексінің талаптарын **қайталайды.**

«Өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 355 бұйрығының **70 талабы** және «Газдарды дайындау және қайта өңдеу жөніндегі қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 357 бұйрығының **49 талабы** Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 286 «Мұнай және мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезіндегі өнеркәсіптік қауіпсіздік тәртібін айқындайтын мұнай және мұнай өнімдеріне арналған резервуарларды пайдалану және жөндеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету» бұйрығында қайталанған.

Жұмыс тобы бұрын шығарылған бұйрықтардан қайталанатын талаптарды алып тастау туралы шешім қабылдады.

2. Реттеушілік актілердің жаңа реттеушілік саясаттың базалық шарттарына сәйкестігін талдаудың (қайта қараудың) басты нәтижелері

2.19. Қара және түсті металдардың қалдықтарын жинау және өткізу жөніндегі қызмет саласы - ҚР ИИДМ

ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ

Қазан 2022 жыл

ҚАРАЛДЫ

27 НҚА

ТАЛДАНДЫ

1 018 талап

БАЗАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРГЕ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙДІ

11 (1,1%)

Ақылға қонбайтын, артық, ескірген талаптар

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № 148 «Түсті және қара металдардың сынықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, қайта өңдеу және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, түсті және қара металдардың сатып алынған және өткізілген сынықтары мен қалдықтары туралы және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» бұйрығына сәйкес сала өкілдері тоқсан сайын есеп жібереді.

Бизнес қоғамдастық металл сынықтары саласында цифрландыруды енгізу арқылы есеп беру процесін оңтайландыруды ұсынды.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Бизнес үшін міндетті талаптарды қамтитын жаңадан қабылданатын НҚА-ға қатысты белгіленген шарттардың («ойын ережесінің») сақталуын мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі.

Денсаулық сақтау министрлігінің 2022 жылғы 17 ақпандағы бұйрығымен бекітілген **Қоғамдық тамақтандыру СанЕжН-н** мен қайта қарауға жібердім (Кәсіпкерлік кодексте маған берілген өкілеттілікті пайдана отырып). Өйткені қабылданған ережелер бірқатар негізсіз және тиімсіз талаптарды қамтиды және «таза парақтан» реттеу бойынша жүргізіліп жатқан саясатқа қайшы келеді.

Азаматтық авиация желісі бойынша НҚА-ның мынадай жобалары талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкес келмейді:
- «Азаматтық әуе кемелерін пайдаланушыларға қойылатын сертификаттық талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м. а. 2015 жылғы 24 ақпандағы № 153 бұйрығының жобасы (ИИДМ);
- «Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында медициналық куәландыру және қарап-тексеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 324 бұйрығының жобасы (ИИДМ).

- Бұл ретте талаптарды қайта қарау шеңберінде азаматтық авиация комитеті қолдаған ескертулер ескерілмеген.

ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 81-1-бабына сәйкес реттеуші саясатты қалыптастыру және іске асыру кезінде, әсіресе бизнес үшін міндетті талаптарды қамтитын жаңадан қабылданатын НҚА-ға қатысты талаптарды және реттеуші құралдарды қалыптастырудың базалық шарттарын мемлекеттік органдардың мүлтіксіз сақтауын бақылауды күшейту қажет.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Цифрлық тәсілдерді қолдану арқылы кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеуді жетілдіру бойынша бірнеше «параллельді» алаңның болуы

«Таза парақтан» реттеу нәтижесі мемлекет пен бизнестің өзара қарым-қатынасын, оның ішінде тексеру жүйесін автоматтандыруды толық цифрландыру болады.
Сондықтан қайта қарау қорытындысы бойынша қолданыстағы НҚА-ға енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар бұдан әрі қосымша күш жұмсамай-ақ барлық реттегіш алаңды «цифрлық рельстерге» көшіру мүмкіндігі болатындай етіп қалыптастырылуы тиіс.
Бүгінгі таңда ЦДИАӨМ-де тексерулерді автоматтандыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде – мемлекеттік бақылаудағы тәуекелдерді басқару жүйесі. Салалардың бір бөлігі ағымдағы жылы қамтылады, ал қалған бөлігі келесі жылдың ортасына дейін аяқталуы тиіс деп жоспарланып отыр.
Сонымен қатар, ЦДИАӨМ жобалық тобы мемлекеттік қызметтерді жетілдіру бойынша жұмыс жүргізуде, оның маңызды бөлігі бизнес-процестердің реинжинирингі болып табылады.

ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «таза парақтан» реттеуді енгізу және мемлекеттік қызметтерді жетілдіру, сондай-ақ тексерулер жүйесін автоматтандыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру үшін бір цифрлық офицерді айқындауы қажет, бұл барлық салалардағы кәсіпкерлік қызметті реттеудің жаңа пайымы бойынша пәрменді ұсыныстарды күшейтуге және қалыптастыруға оң әсерін тигізеді.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Мемлекеттік органдардың дерекқорларының бір-бірімен толық интеграциясы мен ашықтықтың болмауы, әртүрлі мемлекеттік органдар тарапынан бірдей ақпаратқа қайталама сұрау салу фактілерінің болуы.
- Көптеген статистикалық есептердің болуы бизнес үшін түйткілді мәселе болып табылады. Кәсіпкерлердің көпшілігі бұл есептіліктерді тапсырмайды немесе тұрақты түрде тапсырмайды. Бұл ШОБ-тың сенімді статистикасының болмауының тағы бір себебі.

ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- **Эстонияның тәжірибесі бойынша «бір реттік» қағидатын енгізу**, яғни азаматтар мен ұйымдар билікке тек бір рет есеп беру ақпаратын ұсынады (есептілік қайталанбайды). Басқа мемлекеттік органдар қажетті мәліметтерді **автоматты түрде жүктеу арқылы**, бұлтты шешімдерді пайдалану арқылы алатын болады.
- «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократияландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығы шеңберінде есептердің (ақпараттық құралдардың) **тізбесін өзектендіру** және қайталануды анықтау мақсатында **қолда бар ақпараттық құралдарды** (есептерді, мәліметтерді, ақпаратты және т. б.) **бағалау жөніндегі жұмысты бастау қажет**, бұл ақпаратты бизнес міндетті түрде мемлекеттік органдарға ұсынады.

Ақпараттық құралдарды бағалау келесі сұрақтарға жауаптарды қамтуы керек:

- Есептілік не үшін жиналады?
- Қандай мақсатта пайдаланылады?
- Осы есептілік негізінде мемлекеттік орган қандай басқару шешімдерін қабылдауы тиіс?
- Есептілік қалай қалыптасады?
- Мемлекеттік орган бұл есептерді қаншалықты жиі пайдаланады?
- Әртүрлі мемлекеттік органдарға ұсынылатын, әртүрлі есептіліктерде бірдей деректер көрсетіле ме, бірін-бірі қайталай ма?
- Кәсіпкердің осы есепті қалыптастыруға және ұсынуға жұмсаған шығындары ақтала ма?

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Жаңа реттеушілік саясатты енгізу шеңберінде қайта қарау орталық мемлекеттік органдар деңгейінде жүргізіледі. Алайда, жергілікті атқарушы органдар әзірлейтін және міндетті талаптар тізілімінде көзделуі қажет бизнеске қойылатын міндетті талаптарды қамтитын реттеу актілері жұмыс шеңберіне енгізілмеген.


ҰСЫНЫЛҒАН ШЕШІМДЕР

- ✓ **Міндетті талаптар тізіліміне ЖАО қабылдайтын реттеуші актілердің тізбесі әрбір ЖАО бойынша емес, реттеуші актілер тізбесі актілердің типі бойынша қалыптастырылатын дербес бөліммен қалыптастырылуға тиіс. Бұл барлық ЖАО үшін заңнамалық деңгейде ЖАО қабылдайтын НҚА-ның бірыңғай түрлері белгіленетіндігіне байланысты.**

- ✓ **Үлгілік қағидалар негізінде қабылданған реттеушілік актілер орталық деңгейде қайта қаралуға тиіс, өйткені дәл осы Үлгілік қағидаларда барлық реттеушілік талаптар мен регистрлер белгіленеді. Ақиқатында, үлгілік негізінде ЖАО қабылдайтын барлық ережелер бірдей және өз бетінше өзге талаптар мен регистрлерді енгізуді көздемейді.**

- ✓ **ЖАО-ның төлем ставкаларын, аймақтардың, квоталардың және т.б. өлшемдерін белгілеуге байланысты реттеуші актілері ҚР бойынша жалпыға бірдей белгіленген негізде қабылданады, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар да қарауы тиіс, өйткені өңірлер бойынша ЖАО бекітетін ставкалардың, квоталардың, төлемдердің және т. б. мөлшерлерінің ерекшеліктері жалпы республикалық шеңберде қатаң түрде жүзеге асырылады.**

- ✓ **ЖАО деңгейінде орталық деңгейде негіздері жоқ (құзыреттен басқа) реттеуші актілер қаралуға тиіс.**


ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ЖОБАЛАРЫ

www.ombudsmanbiz.kz

2022

МАЗМҰНЫ

1. Сатып алудың бірыңғай терезесі.....3

2. Бизнес-әріптестер тізілімі 14

3. Сот практикасының цифрлық талдауы 25

4. Корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттары.....31

5. АӨК саласындағы меморандумға қол қойған нарық субъектілеріне ҚҚС асып кеткен соманы оңайлатылған қайтару бойынша пилоттық жоба (Хартия түрі бойынша) 41

6. Түйткілді мәселелер тізілімі.....49

КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ БАЯНДАМАСЫНДАҒЫ «БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН ЖОБАЛАРЫ» БӨЛІМІ ТУРАЛЫ

- **Сатып алудың бірыңғай терезесі (eoz.kz) -** интеграция арқылы бір терезеде Қазақстанның 5 сатып алу алаңын (ҚазАгро, ЭҚО, Бәйтерек, Nadloc және СҚК) біріктіретін ақпараттық жүйе. Портал нормативтік анықтамалық ақпараттың бірыңғай базасын және ТЖҚ бірыңғай жіктеуішін (ТЖҚ БНАЖ) енгізуді ескере отырып, Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін сатып алуды жинауға, сақтауға және талдауға арналған.

- **Бизнес-әріптестер тізілімі (kyc.kz)** - мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ақпараттандыру объектілерімен интеграцияланған, заңдармен қорғалатын құпияны құрмайтын кәсіпкерлік субъектілері туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттық жүйе.

- **Сот практикасының цифрлық талдау -** халықты жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, сот істерінің нәтижелерін іздеу және бағалау жөніндегі сапалы құралмен қамтамасыз ететін, сондай-ақ бірыңғай сот практикасын қамтамасыз етуге және судьяларға түсетін жүктемені төмендетуге бағытталған электрондық сервис.

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ

КР ҰКП НПП РК АТАМЕКЕН

САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ

РЕТТЕЛЕТІН САТЫП АЛУ ТУРАЛЫ

Барлық реттелетін сатып алулар сайттарынан ақпарат

Сатып алу нарығының маркетингтік талдауы және бизнеске арналған ТЖҚ нарығының бағалық талдауы

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар сатып алуды талдау және анықтау

Өңірлердің, салалардың, ұйымдардың, Тапсырыс берушілердің және Жеткізушілердің рейтингі



Сатып алу нарығының бизнеске арналған ақпараты

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Нарықты мониторингілеу және сараптау орталығы

Сатып алулардың бірыңғай терезесі (eoz.kz) - бұл интеграция арқылы бір терезеде Қазақстанның 5 сатып алу алаңын (ҚазАгро, ЭҚО, Бәйтерек және СҚҚ) біріктіретін ақпараттық жүйе.

2022 жылдың 10 айында жасалған, қолданыстағы және орындалған шарттар саны - **1 508 793**.

2022 жылдың 10 айында жасалған, қолданыстағы және орындалған шарттардың сомасы - **16 535 665 716 528** теңге.

➔ **Нарықты мониторингілеу және сараптау орталығы «Атамекен» ҚР ҰКП-ның еншілес кәсіпорны болып табылады**

➔ **Орталық реттелетін сатып алу (мемлекеттік сатып алулар, квазимемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар, табиғи монополиялар субъектілері және тауар биржалары) туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай нүктесін құрды және дамытады**

➔ **СБТ-де квазимемлекеттік сектордың барлық мемлекеттік сатып алу мен сатып алу туралы ақпарат жинақталған**

➔ **2 мемлекеттік орган мен бизнестің қолданбалы басқару мәселелерін шешуге көмектесетін аналитикалық есептер СБТ өнімдері болып табылады**

Государственные закупки

САМРУК КАЗЫНА

КАЗАГРО

BAITEREK

NADLoC АО «НАЦИОНАЛЬНОЕ АГЕНСТВО ПО РАЗВИТИЮ МЕСТНОГО СОДЕРЖАНИЯ NADLOC»

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ

- **Сатып алу нарығындағы баға талдауы**
- **Аландар бойынша ТЖҚ нарығының сыйымдылығы**
- **Сатып алу бағасының негізділігін талдау**
- **Сатып алуды жоспарлауды қолдау**
- **Жосықсыз сатып алуды анықтау**
- **Тапсырыс берушілерді және Жеткізушілерді талдау**

Сатып алу нарығының маркетингі

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Реттелетін сатып алу туралы ақпарат

САТЫП АЛУ НАРЫҒЫНЫҢ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ





Әрбір кәсіпкер реттелетін сатып алу нарығы туралы толық ақпаратты көре алады

- **НЕНІ** сатып алады,
- **ҚАНДАЙ КӨЛЕМДЕ** сатып алады
- **ҚАНДАЙ БАҒАДА** сатып алады
- **КІМ с**атып алады – Тапсырыс берушілер
  КІМ жеткізеді – Бәсекелестер
  талдауды төмендегідей бөлуге болады:
- **Өңірлер бойынша**
- **Мерзім бойынша**
- **Салалар бойынша**

СБТ-н мемлекеттік сатып алуда қолдану тәжірибесі

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Мемлекеттік сатып алулардағы шешіліп жатқан міндеттер

Билік органдары

- Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау
- Әлеуетті жеткізушілерге мемлекеттік сатып алуға қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру
- Әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік
- Мемлекеттік сатып алудағы ашықтық
- Отандық тауар өндірушілерді, жұмыс пен қызмет ұсынушыларды қолдау

Бақылау органдары

- Мемлекеттік сатып алуды өткізу тәртібі мен қағидаларын сақтау
- Мемлекеттік сатып алу қағидаларын сақтау
- Мемлекеттік бюджеттің экономикалық мүдделерін сақтау
- Бизнестің заңды құқығын сақтау
- Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу

Мемлекеттік сатып алулардың тапсырыс берушілері

- Мемлекеттік сатып алуды нақты жоспарлау
- Өткізілетін сатып алу сапасын арттыру
- Сатып алудағы қателіктерді болдырмау
- Қолдану практикасын талдау негізінде сатып алуда қабылданған әрекеттердің негіздемесі
- Мемлекеттік сатып алуда қателіктерді болдырмау

СБТ-н мемлекеттік сатып алуда қолдану тәжірибесі


САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Жүйе деген не

«Өңір-МС»



«Аудитор-МС»



Сатып алудың бірыңғай терезесі
ақпараттық жүйесі

Мемлекет реттейтін сатып алу орын алатын және көрсетілетін сауда алаңдарынан алынатын ақпаратты біріктіретін ақпараттық-талдамалық жүйе, онда бизнеске арналған аналитикалық қызметтер, мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік органдардың реттелетін сатып алуы жүзеге асырылады

Рейтинг жүйесі, әрбір өңір, аудан, Тапсырыс беруші бойынша өткізілетін сатып алудың тиімділігін бағалайды

Бұзушылық белгілері бар сатып алуды анықтайтын аналитикалық жүйе. Берілген алгоритмдер бұзушылықтары болуы мүмкін сатып алуды табады.

Баға комплаенсы

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Сатып алу бағасын көтеруден қорғау

Орталық сатып алу тәжірибесін талдау негізінде біртекті тауарлардың қалыпты бағаларын анықтау әдістемесін әзірледі, бұл корпоративтік шығындарды айтарлықтай тиімді төмендетеді

БЮДЖЕТТІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ
сатып алудың жоспарланған бағаларын төмендету есебінен



Баға комплаенсының әзірленген әдістемесін қолдану мемлекеттік бюджетке нақты үнемдеу әкелді

10 млрд.теңгеден астам

Жалпы әскери азықтың құнын қайта есептегеннен кейін мемлекеттік бюджет 5 млрд. теңгеден астам қаражат үнемдеді

473,5 млн.теңге

Пилоттық режимде бес кеңсе тауарлары бойынша бағаны енгізу тиімділігі есептелді, үнемдеу 473,5 млн. теңгеден асады

Тауар	2019 ж. бюджеті мың теңге	Мүмкін болатын үнемдеу	
		Сомасы	Меншікті салмақ
Кеңсе қайшысы	60 775	28 476	46,9%
Пластикалық маркерлер	30 996	16 129	52,0%
А4 Пластикалық папкалар	309 560	200 099	64,6%
А4 Картон тізімдегіш	297 773	116 381	39,1%
А4 Тезтікпе	245 506	112 376	45,8%

eoz.kz

САТЫП АЛУДАҒЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАР МОНИТОРИНГІ

Реттелетін сатып алудағы қоғамдық және мемлекеттік мониторинг



Орталық бұзушылық белгілері бар сатып алуды анықтайтын алгоритмді енгізді:

- Сатып алу жоспарының жоғарылатылған бағасы бар сатып алулар
- Жұмыстар мен қызметтерді өте қысқа мерзімде орындау және тауарларды өте қысқа мерзімде жеткізу орын алатын сатып алу
- Қандай да бір Жеткізушіге артықшылықтар беру белгілері бар сатып алу
- Жасалған шарттар бойынша негізсіз қымбат тауарларды сатып алу
- Картельдік келісім бойынша сатып алу

84,0 млрд.теңге

«Сатып алудың бірыңғай терезесінің» талдамалық құралдарын пайдалана отырып, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі өте жоғары бағада жоспарланған сатып алудың санын төмендетті, сомасы 84 млрд. теңгеден астам.

Сатып алудағы бұзушылықтарды анықтау бойынша СБТ алгоритмдерін бизнестің корпоративтік сатып алуларында қолдануға болады

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Бағаны көтеру тәуекелі

Қорғаныс костюмі

Тапсырыс беруші	Тапсырыс берушінің БСН	Жеткізуші	Жеткізушінің БСН	Сомасы	Бағасы	Саны	Келісімшарт жасалған күн	Келісімшарт номері	Медиана бағасы	Бағаны артыру	ТЖҚ коды	ТЖҚ атауы
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ	960540000204	«Амир и Д» ЖШС	930240000644	503 661 500	9 500,00	53 017,00	24 қаңтар 2020 ж.	930540000204/200071/00	8 231	15,42%	141211.290.000014	Костюм

1 данасының бағасы **9 500** теңге. Медианалық бағадан **15,4%** артық

Костюм медианалық бағада сатылатын болса, **67 278 573 тг.** бюджет қаражатын үнемдеуге болады.

Техническая спецификация

№ п/п	Наименование товара		Кол-во	Цена, тенге	Сумма, тенге	Срок поставки	Условия поставки	Место поставки
1	Защитные костюмы (одноразовые)	шт	53017	9 500,00	503 661 500,00	30 календарных дней	DDP по Жамбылской области	г. Тараз, улица Аскарова 282 д. "База специального медицинского снабжения Управление здравоохранения акимата Жамбылской области" КГУ

Тапсырыс беруші	Тапсырыс берушінің БСН	Жеткізуші	Жеткізушінің БСН	Сомасы	Бағасы	Саны	Келісімшарт жасалған күн	Келісімшарт номері	Медиана бағасы	Бағаны артыру	ТЖҚ коды	ТЖҚ атауы
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ	960540000204	«Наурыз Мед» ЖШС	131040003169	98 534 700	9 900,00	9953,00	12 қаңтар 2020 ж.	960540000204/200057/00	8 231	20,28%	141211.290.000014	Костюм

1 данасының бағасы **9 900** теңге. **20,28%** медианалық бағадан артық.


Техническая спецификация

№ п/п	Наименование товара	Техническая характеристика	Ед. изм.	Кол-во
1	Защитные костюмы (одноразовые)	Защитный костюм (одноразовый). Нетканый материал Спанбонд. Оверлок шов противоаллергический. Воздухопроницаемый Не содержит латекса, стекловолокна. Форма одноразового применения: длинные рукава, с капюшоном или без капюшона, молния спереди, эластичный двойной шов на шиколотках и руках. Размер S.	шт	1 333,00
2	Защитные костюмы (одноразовые)	Защитный костюм (одноразовый). Нетканый материал Спанбонд. Оверлок шов противоаллергический. Воздухопроницаемый Не содержит латекса, стекловолокна. Форма одноразового применения: длинные рукава, с капюшоном или без капюшона, молния спереди, эластичный двойной шов на шиколотках и руках. Размер M.	шт	2 334,00
3	Защитные костюмы (одноразовые)	Защитный костюм (одноразовый). Нетканый материал Спанбонд. Оверлок шов противоаллергический. Воздухопроницаемый Не содержит латекса, стекловолокна. Форма одноразового применения: длинные рукава, с капюшоном или без капюшона, молния спереди, эластичный двойной шов на шиколотках и руках. Размер L.	шт	4 952,00
4	Защитные костюмы (одноразовые)	Защитный костюм (одноразовый). Нетканый материал Спанбонд. Оверлок шов противоаллергический. Воздухопроницаемый Не содержит латекса, стекловолокна. Форма одноразового применения: длинные рукава, с капюшоном или без капюшона, молния спереди, эластичный двойной шов на шиколотках и руках. Размер XL.	шт	1 334,00
	Итого			9 953,00

Егер костюм медианалық бағада сатылатын болса, **16 611 557 тг.** бюджет қаражатын үнемдеуге болады.

САТЫП АЛУДЫҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГІ (КАРТЕЛЬДІК СӨЗ БАЙЛАСУ)

Реттелетін сатып алудағы қоғамдық және мемлекеттік мониторинг



Ормек



Орталық бұзушылық белгілері бар сатып алуды анықтайтын алгоритмді енгізді:

Электрондық мекенжайлар (жеткізушілердің жеке не жұмыс электрондық мекенжайлары бір сатып алуда сәйкес келген жағдайда);

- Байланыс деректері;
- Орналасқан жері;
- IP / MAC мекенжайларының сәйкестігі;
- Бір сатып алуға қатысатын картельдік топтар.

27 белгі

8 айлық жұмыс барысында мемлекеттік сатып алуда картельдік сөз байласудың 27 белгісі анықталды.


Сатып алудағы бұзушылықтарды анықтау бойынша СБТ алгоритмдерін басқа алаңдарда да қолдануға болады

Картельдік келісімдер бойынша тәуекелдер

САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Тапсырыс беруші мен жеткізушінің жанама байланысы

Тіркеу деректері бірдей қатысушылар email - jandos_jandos95@mail.ru



email	Бичов
jandos_jandos95@mail.r u	12
Всего	12

БИН/ИИН	Наименование	Категория	email
120464012855	кх Молдабек	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
200240039083	ГУ «Отдел развития человеческого потенциала Келесского района» управления развития человеческого потенциала Туркестанской области	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
200240039100	ГУ "Отдел физической культуры и спорта Келесского района"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
200640026373	Товарищество с ограниченной ответственностью "Детский КСЛИ сад "Асылай - А"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
201140023264	ТОО "Детский ясли сад "Шамшырак-2"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
531124301352	ДК "Махимов С Т"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
581115403107	ИП "Анапа"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
660130302654	ИП "КУРБАНБЕК"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
711109302822	ИП "Алмас"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
830729301495	ИП "Абуталипов А А"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
990728301064	ИП НҰРСҰЛТАН	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru
921021401241	ИП "АТАМЕКЕН"	Неизвестно	jandos_jandos95@mail.ru

Тапсырыс беруші	Жеткізуші	Келісімшарт-тар	Сомасы
«Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының» Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	ЖК "АТАМЕКЕН"	23	9 184 250,00
	ЖК "Алмас"	8	8 905 000,00
	ЖК "КУРБАНБЕК"	5	3 945 000,00
	ЖК "Абуталипов АА"	3	3 244 000,00
	ЖК НҰРСҰЛТАН	1	588 400,00
БИН 200240039083	ДК "Махимов С Т"	1	127 000,00
Барлығы		**41**	**25 993 650,00**


Бір электрондық мекенжайға **12 ұйымның БСН тіркелген, оның ішінде 2 мемлекеттік мекеме.** Қатысушылар арасында жалпы сомасы **25 993 650 теңгеге 41 шарт жасалды**. Бұл жағдайда **Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің** электрондық пошта мекенжайы бірдей.

Картельдік келісімдер бойынша тәуекелдер


САТЫП АЛУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ
Сатып алу туралы ақпаратқа қолжетімділіктің бірыңғай терезесі

Тапсырыс беруші мен жеткізушінің жанама байланысы

Тіркеу деректері бірдей қатысушылар email - jora-n@mail.ru, tel+77075486767



email	Бизнес
jora-n@mail.ru	50
Всего	50



БИН/ИИН	Наименование	Категория	email
	Коллегиянын отделе развития человеческого потенциала Сарыагашского района управление развития человеческого потенциала Туркестанской области		
190540003568	Товарищество с ограниченной ответственностью "Детский ясли сад "Кеч-Дария"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
010540003132	КГУ «Школа-гимназия интернат №10 имени К.Сатпаева» отдела развития человеческого потенциала Сарыагашского района управления развития человеческого потенциала Туркестанской области	Неизвестно	jora-n@mail.ru
070740015947	ТОО "БЕГІМ АRT"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
110840010286	ТОО "Детский ясли-сад "Балдаурен"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
120240007424	ТОО "Шалкан" бөбекжай балабақшасы"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
130340016944	ТОО "Детский сад коррекций и инклюзивного образования "Нұржансын"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
130364003211	кх СУЛТАНБЕК	Неизвестно	jora-n@mail.ru
130740019933	ТОО "Альфа-Секьюрити"	Среднее предпринимательство	jora-n@mail.ru
140640012012	ТОО "Детский ясли-сад "Нұр болашақ""	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
150940024762	ТОО "ТОО Платан"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
170240022942	ТОО "Детский ясли-сад "Бақытты Бөпем"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
180140021863	ТОО "Детский ясли сад "Балдаурен -2050"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
180840023895	Товарищество с ограниченной ответственностью "Детский ясли сад "Бекасыл"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
510414300097	МЕЛДЕШОВ ЖАРЫЛКАСЫН	Неизвестно	jora-n@mail.ru
560308402249	ИП "Оспанова"	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
571106301847	ИП "АЙТИМБЕТОВ А.А."	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
690612301671	ИП "МЫРЗАХМЕТ"	Неизвестно	jora-n@mail.ru
710924402420	ИП ОСПАНОВА	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru
880614300505	ИП "Жорабеков Н.К."	Микропредпринимательство	jora-n@mail.ru

Тапсырыс беруші	Жеткізуші	Келісімшарттар	Сомасы
«№60 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ	ЖК Жорабеков	107	11 882 300,00
«Ю. Гагарин атындағы №4 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ		43	6 299 650,00
«Қ. Сәтпаев атындағы № 10 мектеп-гимназия интернаты» КММ		57	4 948 116,00
«М. Әуезов атындағы №1 мектеп гимназиясы» КММ		23	2 380 000,00
«№ 5 «Балауса» балабақшасы» МКҚК		1	539 954,00
«Қ. Сәтпаев атындағы № 10 мектеп-гимназия интернаты» КММ	ЖК Кайсарбеков	14	491 450,00
Барлығы		**245**	**26 541 470,00**

Бір электрондық **мекен-жайға және телефонға** Мемлекеттік сатып алу порталында **50 ұйымның БСН тіркелген, оның ішінде 7 мемлекеттік мекеме**. Қатысушылар арасында жалпы сомасы **26 541 470 теңгені құрайтын ТЖҚ-ға 245 шарт жасалды. Тапсырыс берушілер мен Жеткізушілердің электрондық мекенжайы және телефоны бірдей.**

Бизнес-әріптестер тізілімі

ABIS

ATAMEKEN BUSINESS INFORMATION SERVICES

2021 жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс істейді

БИЗНЕС-ӘРІПТЕСТЕР ТІЗІЛІМІ



«...Осыған байланысты Үкімет Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, **бизнес субъектілері бойынша ашық интеграцияланған деректер базасын** құрады.

Нәтижесінде әрбір кәсіпкер **өзінің контрагентін тексере алады.**

Деректер базасын толтыру және кәсіпорындарды жіктеу **салық, кеден, құқық қорғау** органдарының ақпараты негізінде жүргізілуі керек.
Онда салықтар бойынша берешек, әкімшілік құқық бұзушылықтардың болуы және т.б. көрсетіледі».

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзінен

20 желтоқсан 2019 жыл

«... «Атамекен» ҰКП-на «Қазақинвест» ҰК-мен бірлесіп, адал отандық **бизнес-серіктестердің тізілімін қалыптастыруды тапсырамын».**

Ұлттық инвесторлар кеңесінің отырысында сөйлеген сөзінен

24 мамыр 2019 жыл

БИЗНЕС-ӘРІПТЕСТЕР ТІЗІЛІМІ

Тапсырмаларды орындау мақсатында «Бизнес-әріптестер тізілімі» ақпараттық жүйесі құрылды (әрі қарай – Тізілім).

2021 жылғы 2 қаңтардағы **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасы Заңының аясында Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік және Салық кодекстеріне, «Дербес деректер туралы», «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы», «ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» және «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді .

Бизнес-серіктестер тізілімін құруды көздейтін нормалар **2021 жылғы 01 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.**

Жоғарыда аталған Заңды іске асыру мақсатында **Қазақстан Республикасы Үкіметінің келесі қаулылары қабылданды:**

✓ «Бизнес-әріптестер тізілімімен интеграциялануға жататын мемлекеттік органдар мен ұйымдарды ақпараттандыру объектілерінің тізбесін бекіту туралы» 2021 жылғы 26 мамырдағы № 342;

✓ «Бизнес-әріптестер тізілімін құру, жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2021 жылғы 03 маусымдағы № 372.

БИЗНЕС-ӘРІПТЕСТЕР ТІЗІЛІМІ

Кәсіпкерлер **ағымдағы жылдың 01 шілдесінен бастап** өздерінің әлеуетті контрагенттерін https://kyc.kz/ web-сілтемесі арқылы **тексере алады.**

Мұнда тіркелген пайдаланушылар Қазақстан Республикасында тіркелген кез келген кәсіпкер туралы өзекті және шынайы мәліметтері бар есепті алып, шешім қабылдау үшін пайдалана алады.

Порталдағы әрбір кәсіпкердің жеке кабинеті болады, онда ол өз бизнесі туралы мәліметтермен таныса алады, сондай-ақ оның кәсіпорнына қызығушылық танытқан заңды және жеке тұлғалардың тізімін көре алады.

Ұлттық палата ҚР Қаржы министрлігімен бірлесіп, **салық төлеушінің адалдық индексін** (бұдан әрі - САИ) есептеу бойынша сервис құрды. Қырықтан астам параметрлердің негізінде жүйе осы контрагенттің бюджетке ҚҚС сомаларын нақты төлемей-ақ шот-фактураларды жазып беру арқылы мәмілелерді пайдалану ықтималдығын анықтайды.

Бұл бизнеске қосылған құн салығына және жосықсыз контрагенттермен жасалған мәмілелерден кейін корпоративтік табыс салығына қосымша есептеулер түріндегі тәуекелдерінің алдын алуға көмектеседі .

ABIS ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

ABIS – бұл бизнеске контрагент бойынша ақпаратты іздеу және жинау арқылы тәуекелдерді төмендетуге және алынған ақпарат негізінде серіктестікті тиімді құруға көмектесетін қызмет.

abis

Atameken Business Information Services

www.kyc.kz

ABIS-тің МИССИЯСЫ

Кәсіпкерлік нарығын сауықтыру

Сенімсіз кәсіпкерлер санын төмендету

Салық мәдениетін арттыру

Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыру

Бизнес құрылымының ашықтығы

«Қолма-қол ақша схемалары» бар компаниялардан алыстау

Іскерлік беделдің құндылығын арттыру

Көлеңкелі экономика көлемін төмендету

Есепке алынбаған қолма-қол ақшаны азайту есебінен сыбайлас жемқорлық көлемін төмендету

ATAMEKEN BUSINESS INFORMATION SERVICES

ABIS ҚЫЗМЕТТЕР КАТАЛОГЫ

Контрагенттермен кез келген іскерлік қарым-қатынас әрқашан тәуекелдермен байланысты болады. ABIS кез келген кәсіпкерлік субъектісі туралы ақпаратты табуға, алдын ала сәйкестендіру (compliance) рәсімін бағалауға және жүргізуге көмектеседі.

- Салық төлеушінің адалдық индексі
- Контрагенттің сенімділігін тексеру
- Контрагенттерді салыстыру
- Шетелдік контрагентті тексеру
- API арқылы САИ деректерін беру
- Қызметкерлерді тексеру
- Жеке несиелік рейтинг
- ҚҚС қайтару

ATAMEKEN BUSINESS INFORMATION SERVICES

ABIS ИНДЕКСТЕРІ

САИ – САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ АДАЛДЫҚ ИНДЕКСІ
Контрагенттің салықтар бойынша жосықсыз мәмілелерді қолдану ықтималдығын көрсетеді

ҚТИ – ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ИНДЕКСІ
ЖАҚЫНДА
Контрагенттің банкроттық ықтималдығын көрсетеді

ТТИ – ТӨЛЕМ ТӘРТІБІНІҢ ИНДЕКСІ
ЖАҚЫНДА
Контрагенттің қаржылық міндеттемелерді орындау дәлдігін көрсетеді

ІБИ – ІСКЕРЛІК БЕДЕЛ ИНДЕКСІ
ЖАҚЫНДА
Контрагенттің адалдығының жалпы деңгейін көрсетеді

ABIS ИНДЕКСІ
ЖАҚЫНДА
Кәсіпкердің жиынтық бағасын қамтитын шоғырландырылған индекс

ATAMEKEN BUSINESS INFORMATION SERVICES

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІНІҢ АДАЛДЫҚ ИНДЕКСІ

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 3 маусымдағы № 372 қаулысының 11-бабы:

"... әлеуетті әріптестің шот-фактураны және (немесе) өзге де құжатты жазып беру жөніндегі іс-әрекеттерді сот немесе қылмыстық құдалау органының ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулысымен іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей жасалған деп тануы мүмкін мәмілелерді (операцияларды) қолдануы ықтималдығының көрсеткіші»;

САИ мәндері 1-ден 1000-ға дейінгі шкала бойынша есептеледі, бірнеше тәуекел топтары бойынша топтастырылады және екі тәуекел класы бойынша бөлінеді - жасыл және қызыл аймақ.



Қазіргі уақытта **САИ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері негізінде есептеледі.**

Есептеулерге **Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігінің деректерін қосу жоспарлануда.**

ATAMEKEN BUSINESS INFORMATION SERVICES

ABIS-ПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЖОЛДАРЫ

ҚОЛМЕН

www.kyc.kz порталы арқылы

+7 (___) ___-__-__

Сіздің пароліңіз

Мен **Оферта** шартымен келісемін

Кіру

API меншікті жүйелермен біріктіру



ТИІСТІ САҚТЫҚ ҚАҒИДАТЫ

2020 жылғы желтоқсанда контрагенттерді өз бетінше тексеру арқылы ақпараттық жүйесін жүргізу мақсатында мемлекеттік органдармен және «Атамекен» ҰКП-мен өзара қарым-қатынас бойынша нормалар қабылданды

! Дегенмен тиісті сақтық қағидаты Салық кодексінде көзделмеген

Тиісті сақтық индексінің болмауы адал кәсіпкерлерді жосықсыз контрагенттердің кінәсінен орын алатын қосымша салық есептеулерінен және айыппұлдардан қорғану мүмкіндігінен айырады

Салық кодексіне тиісті сақтық бойынша бұрын келісілген түзетулерді енгізу

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты мен «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 2018 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспары аясында «Сот практикасының цифрлық талдауы» жүйесін (бұдан әрі-жүйе) енгізу мүмкіндігін зерделеу жөнінде тапсырма берілді.

Президенттің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында Жоғарғы Сот пен ҰКП-ға «Сот практикасының цифрлық талдауы» электрондық қызметін әзірлеу және сынақтан өткізу жөніндегі тапсырма бекітілді.

Жоғарыда көрсетілген тапсырмаларды орындау үшін Қазақстан-Британ техникалық университетінің Жасанды интеллект зертханасының мамандары тартылды. Шет елдердің тәжірибесі зерттелді, Америка Құрама Штаттарының, Францияның, Ресей Федерациясының, Австралияның ұқсас жүйелері талданды.

Жүйені әзірлеудің мақсаты халықты жасанды интеллект саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, сот істерінің нәтижелерін іздеу және бағалау бойынша сапалы құралмен қамтамасыз ету болып табылады. Жобаны сәтті жүзеге асыру талапкерге болжамды сотқа жүгінудің сәтті болу ықтималдығын болжауға және соның негізінде мәселені сотқа жеткізбестен, шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүйенің негізгі міндеттері - бірыңғай сот практикасы және судьяларға түсетін жүктемені азайту.

Қазіргі уақытта жүйеге барлық сатылардың **3,4 млн. астам сот актілері** және 2016-2018 жылғы **120 мыңнан астам талап арыз жүктелген.**

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙ

- Сот істерінің көптігінен туындаған судьяларға ТҮСЕТІН жоғары жүктеме
- Сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыру қажеттілігі
- Сот ісін жүргізуге кететін уақыт шығынының көп болуы
- Медиаторлық рөлінің төмендігі

БАСТЫ МІНДЕТТЕР

- Бірыңғай сот практикасы
- Соттарға түсетін жүкттемені азайту

ШЕШІМДЕР

- Соттық смарт талдау
- Сот істерінің нәтижесін болжау

АҒЫМДАҒЫ НӘТИЖЕ

Жүйеге:

3,4 млн. барлық сатыдағы сот актілері

120 мың 2016-2018 жж. талап-арыз жүктелді

Соттарға түсетін жүктемені төмендету **(~10%)**

Медиаторлықтың рөлін арттыру **(~5%)**

Тараптардың сот ісіне жұмсайтын уақытын үнемдеу **(~10%)**

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Жасанды интеллект зертханасының мамандары:

- әзірленіп жатқан машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерінде кейіннен талдау және қолдану үшін **сот актілерінің дерекқорын құрды және өңдеді;**

- машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерін пайдалана отырып, берілген параметрлер (шағымдар, түйінді сөздер, өзге де атрибуттар) бойынша **сот істерін зияткерлік іздеу модулін әзірледі;**

- машиналық оқыту әдістері мен алгоритмдерін пайдалана отырып, берілген іздеу параметрлері бойынша **сот ісінің нәтижесін болжау модулін әзірледі;**

- сот істерінің нәтижесін болжау және интеллектуалды іздеу **жүйесінің веб-қосымшасын әзірледі;**

- **жүйе** нақты жағдайда **сыналған және тестіленген.**

Жүйенің жұмыс алгоритмі жүктелген сот актісін «тазартудан» және ондағы сандарға аударылатын және санаттарда анықталатын басты сөздерді бөлуден тұрады. Әрі қарай, жүйе басты сөздер бойынша мәтінге талдау жасайды, жағдай мен істің мәні бойынша ұқсас сөздерді таңдайды.

Әзірлеушілер ҰКП-мен бірлесіп, ҚР қолданыстағы заңнамасындағы және судьялық практикадағы өзгерістерді ескере отырып, жүйені бейімдеу бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізетін болады.

Жүйенің моделі әрбір 10 мың сот актісінен кейін автоматты түрде «қайта оқытуды» жүргізеді және сот істері нәтижесінің өзекті өлшемдерін қалыптастырады

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

«СОТТЫҚ СМАРТ ТАЛДАУ»
Судьяларға арналған модуль

«СОТ ІСТЕРІНІҢ НӘТИЖЕСІН БОЛЖАУ»
Азаматтарға арналған модуль

1. Іс санатын анықтау
Жасанды интеллект алгоритмдері арқылы ағымдағы іс үшін ең қолайлы санатты талап-арыздар бойынша автоматты түрде анықтайды

2. «Ұқсас істерді» іздеу
Жасанды интеллект алгоритмдерінің көмегімен талап-арыздар бойынша ЖС дерекқорындағы жағдай мен істің мәні бойынша ең ұқсас жағдайларды көрсетеді

3. Шағым бойынша талапкердің жеңіске жету ықтималдығын анықтау
Шағым бойынша жасанды интеллект алгоритмдерінің көмегімен азаматтың сотта ұтып алу ықтималдығын еркін нысанда есептейді

3. Сот ісінің «өмірлік циклін» қадағалау
Барлық сатылар бойынша белгілі бір сот ісінің «өмірлік циклін» көруге мүмкіндік береді

СОТ ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Деректерді талдау үшін жүйені пайдалану

Жасанды интеллект бөліміне сот актісінің сипаттамасын жүктеп, іздеуді бастау қажет.

Жүйе басты сөздер бойынша мәтінге талдау жүргізеді, жағдай мен істің мәні бойынша ұқсас актілерді таңдайды және Қазақстанның барлық соттарынан осындай ТОП-10 актіні қалыптастырады.

Өмірлік цикл бөліміне өту арқылы судья ыңғайлы форматта әрбір істің өмірлік циклін бірінші сатыдан кассацияға дейін қадағалай алады, сондай-ақ оны қызықтыратын кез келген сот актісін аша алады. Сондай-ақ, істерді бір-бірімен салыстырып, олардың әрқайсысын егжей-тегжейлі зерттей алады.

Сот ісінің нәтижесін болжау үшін жүйені пайдалану

Жүйе, ең алдымен, нақты істер бойынша Жоғарғы Соттың қолда бар қаулыларына, сондай-ақ Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларына негізделе отырып, болжамды қалыптастырады.

Судья қалыптасқан сот практикасына қайшы келетін шешім қабылдаған жағдайда, жүйе Жоғарғы Сотқа автоматты түрде хабарлайды. Осылайша, жүйе төменгі судьялардың шешімдеріне мониторинг жүргізуге және қажет болған жағдайда барлық өңірлердің төменгі соттары шешім қабылдаған кезде бұзушылықтарға ден қоюға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде сот практикасының біркелкілігі және прецеденттік құқық элементтерін енгізу, сот актілерінің ашықтығы қамтамасыз етіледі, бұл, сайып келгенде, соттардағы сыбайлас жемқорлық деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.


Азаматтар үшін жасанды интеллект IT саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, сот істерінің нәтижесін іздеу мен бағалаудың сапалы құралына айналады. Бұл талапкерге болжамды сотқа жүгінудің сәтті болу ықтималдығын болжауға және соның негізінде мәселені сотқа жеткізбестен шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүйені енгізу халықтың уақытын үнемдеуге және материалдық ресурстарын оңтайландыруға көмектеседі және соттарға түсетін жүктемені төмендетеді.

Жоғарғы Сот «Сот істерінің нәтижесін болжау» модулін «Атамекен» ҰКП «Бизнес-әріптестер тізілімі» платформасына орналастыруды ұсынады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРЫ

«ДЭФ ЖБИ» РЕЙТИНГІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ 2017 жылы



«Менеджмент пен корпоративті басқару сапасын халықаралық деңгейге жеткізу керек.

...Сондай-ақ, аудиторлық компаниялардың жауапкершілігін арттырып, акционерлердің ашықтығын қамтамасыз ету, ұжымдық басқаруды жақсарту қажет. Осының бәрін заңнамалық деңгейде бекіту керек...»

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2017 жылғы 31 қаңтар

Дүниежүзілік экономикалық форумның 2018-2019 жылдарға арналған Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторларын жақсарту жөніндегі шаралар жоспары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Бәсекеге қабілеттілік жөніндегі кеңес отырысының 2017 жылғы 27 желтоқсандағы № 20-3/07-628 хаттамасымен бекітілген

Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңес
2018 жылғы 28 қарашада «Атамекен» ҰКП Төралқасының шешімімен құрылды

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (КБҰК)

КБҰК құрамы

- «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ
- «Бәйтерек» ҰБХ
- KASE

- «Атамекен» ҰКП
- The Big Four
- ҚР Қаржы министрлігі
- АХҚО

- ҚР Қаржы нарығын дамыту және реттеу агенттігі
- ҚР Ұлттық экономика министрлігі

- ҚР тәуелсіз сарапшылары
- Тәуелсіз директорлар қауымдастығы
- Қаржыгерлер қауымдастығы

КБҰК құрамында 24 адам бар

Ұлттық стандарттар комитеті
(27 адам)

Төрағасы – Бахмутова Е.Л. (КБҰК мүшесі, Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығының төрағасы)

Корпоративтік хатшылар комитеті
(21 адам)

Төрағасы - Құрманғазиев Ж.Е. (КБҰК мүшесі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ омбудсмені)

Тәуелсіз директорлар комитеті
(12 адам)

Төрағасы - Әукенов Е.М. (КБҰК мүшесі, Тәуелсіз директорлар қауымдастығының төрағасы

Бағалау және рейтингтер комитеті
(12 адам)

Төрағасы - Жүрсінов Р.М. (КБҰК мүшесі, Бизнес-омбудсмен)

Ішкі аудит, тәуекелдер, комплаенс комитеті
(23 адам)

Төрағасы - Ішбаев А.А. (КБҰК мүшесі, «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі» АҚ тәуекелдер жөніндегі бас директоры

Барлығы 100 -ден астам сарапшы тартылған

ҚР-ДА КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ

МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Қазақстанның ЭЫДҰ-ға мүше болу ниетін ескере отырып, озық халықаралық тәжірибеге, ЭЫДҰ идеялары мен қағидаттарына сәйкестікке бағдарлану
- Қазақстанның халықаралық рейтингтердегі позициясының нашарлауына жол бермеу
- Үздік ұлттық тәжірибені, ұлттық ерекшеліктерді және Қазақстандағы компаниялар қызметінің тәжірибесіне есеп жүргізу

1. Корпоративтік басқару кодексі
2. Жария емес компаниялар мен мемлекеттік компанияларға арналған нұсқаулық
3. Тәуелсіз директорларға арналған нұсқаулық
4. Корпоративтік хатшының қызметін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық
5. ҚР Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы сауалнама
6. Корпоративтік басқарудың несиелік рейтингі әдістемесін тағайындауды әзірлеу бойынша нұсқаулық
7. ҚР заңнамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты ұсыныстар

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ ЖАҢА ҰЛТТЫҚ КОДЕКСІ

ҚР ҰКП НПП РК АТАМЕКЕН

Корпоративтік басқарудың жаңа ұлттық кодексі сүйенетін стандарттар

Кодекс құрылымы	Үздік тәжірибе	ЭЫДҰ қағидаттары	ЭО ұсынымдары	IFC стардарттары	UK КБК	Өзге елдердегі КБК
Акционерлердің құқықтары және акционерлерге әділ көзқарас	●	●	◐	●		◐
Директорлар кеңесі және атқарушы орган	●	●	◐	◐	◐	◐
Корпоративтік хатшы	●	●				◐
Атқарушы органның директорлары мен мүшелеріне сыйақы	●	●	●		◐	◐
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау Қоғамдық аудит	●	◐		◐	●	◐
Маңызды корпоративтік оқиғалар	●	●				◐
Ақпаратты ашу және ашықтық	●	●	●	●		◐
Тұрақты даму және мүдделі тұлғалардың рөлі	●	●		●		◐

Қағидаттар мен ұсыныстарға сәйкестік деңгейін бағалау

● *Толығымен ескереді* ◐ *Негізгі қағидаттарға сүйенеді*

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰЖАТТАРЫ

Мемлекеттік компанияларға арналған нұсқаулық

- Мақсаты - **мемлекет қатысатын компаниялардың тиімді және ашық жұмысын қамтамасыз ету үшін** корпоративтік басқарудың ұлттық стандартын белгілеу, акциялардың мемлекеттік пакетін (капиталға қатысу үлестерін) пассивті иеленумен, мемлекет тарапынан мемлекет қатысатын компанияларды басқаруға шамадан тыс араласумен байланысты қателіктерді болдырмау үшін мемлекет акционердің (қатысушының) қызметін қалай жүзеге асыруы керектігін айқындау.

Жария емес компанияларға арналған нұсқаулық

- Нұсқаулық корпоративтік басқарудың өзіндік тәжірибесін дәйекті түрде дамыта отырып, өз бизнесінің өсуіне және дамуына, ұзақ мерзімді перспективада құндылық құруға ұмтылатын ашық емес компанияларға арналған. Нұсқаулық тиімді корпоративтік басқаруды құрудың «Жол картасы» болып табылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰЖАТТАРЫ

Тәуелсіз директорларға арналған нұсқаулық

- Компаниядағы тәуелсіз директордың рөлі мен функциялары
- Тәуелсіз директордың іскерлік этика принциптері
- Тәуелсіз директордың міндеттері
- Тәуелсі директордың іскерлік беделі және мәртебесі
- Аға тәуелсіз директор
- Тәуелсіз директорлардың отырыстары
- Тәуелсіз директорды сайлау және оның өкілеттігін тоқтату
- Тәуелсіз директорға қойылатын талаптар

Корпоративтік хатшыға арналған нұсқаулық

- Корпоративтік хатшының рөлі мен жауапкершілігі
- Корпоративтік хатшының қызметін ұйымдастыру
- Корпоративтік хатшы кандидатурасына қойылатын талаптар
- Корпоративтік хатшы құзыретінің профилі
- Корпоративтік хатшыны ресурстық қамтамасыз ету
- Қосымша. Корпоративтік хатшы туралы үлгі ереже

ҚР КБК ұстану туралы сауалнама

- Акционерлер құқығы және акционерлерге деген әділ көзқарас
- Директорлар кеңесі және атқарушы орган
- Корпоративтік хатшы
- Директорларға, атқарушы орган мүшелеріне және қоғамның басты қызметкерлеріне сыйақы беру
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау. Қоғамдық аудит
- Маңызды корпоративтік оқиғалар
- Ақпаратты жария ету және ашықтық
- Тұрақты даму және мүдделі тұлғалардың рөлі

ҚР КБК бөлімдерін қайталайды

КБК рейтингінің әдіснамасын әзірлеуге арналған нұсқаулық

- Әдістеменің жалпы ережелері мен қолдану саласы
- Бағалау критерийлері
- Бағалау әдістемесі
- Рейтингтік бағалау шкалалары
- Ақпарат көздері
- Рейтинг иемдену процесі

КБҰК МӘРТЕБЕСІН ЗАҢНАМАЛЫҚ БЕКІТУ

Реттеуші саясатты өзгертуге бағытталған шағын және орта бизнес қызметінің жаңа нормативтік-құқықтық базасын әзірлеу

Мемлекет басшысының Жолдауы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» *2020 жылғы 1 қыркүйек*

Кәсіпкерлік қызмет саласындағы жаңа реттеуші саясат мәселелері бойынша **заң қабылданды**

Қазақстан Республикасының Заңы 30.12.21 ж. № 95-VII

КБҰК-не алқалы **консультативтік-кеңесші орган** мәртебесі берілді

КБҰК құрамы бекітілді

КБҰК төрағасы мен мүшелерінің өкілеттіктерінің **төрт жылдық** әрекет ету мерзімі бекітілді

КБҰК шешімін қабылдау мәселесі көпшілік дауыспен регламенттелген (Дауыстардың жалпы санының 2/3 бөлігі)

КБҰК мүшелерінің жалпы санының **2/3 кворумы**

КБҰК ӨКІЛЕТТІКТЕРІН ЗАҢНАМАЛЫҚ БЕКІТУ

Корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңес

- ҚР Үкіметімен және уәкілетті органмен **келісілген Корпоративтік басқару кодексін және КБ өзге де стандарттарын** әзірлейді және қабылдайды
- **ҚР Үкіметімен** және уәкілетті органмен **келісім негізінде** корпоративтік басқару деңгейін арттыруға жәрдемдеседі
- Қазақстандық акционерлік қоғамдардағы **корпоративтік басқару практикасына жыл сайынғы шолу дайындайды**
- **Атқарылған жұмыс туралы жыл сайынғы есепті жариялайды**
- **КБҚК қызметі туралы ақпарат «Атамекен» ҰКП интернет-ресурсында жалпыға** қолжетімді режимде **орналастырылады**

IPO ЖҮРГІЗУ КЕЗІНДЕГІ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ СТАНДАРТТАРЫ

Корпоративтік басқарудың маңызды аспектілері IPO жүргізу кезінде

Акционерлердің құқықтары	Директорлар кеңесі	Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит	Ақпаратты ашу
Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес одан да жоғары стандарттарды енгізу талап етіледі	*Компания қызметінің негізгі бағыттарына сәйкес келетін кәсіби құзыреттер мен тәжірибенің болуы талап етіледі*	*Олардың құрылымы мен жұмысына байланысты мәселелер бойынша білім қажет*	*Негізгі принцип болып табылатын компанияның ашықтығы, сондай-ақ маңызды бәсекелестік артықшылығы қажет*

Корпоративтік басқарудың ұлттық стандарттары компанияларға жаңа деңгейге көтерілуге, сондай-ақ отандық және шетелдік инвесторлар алдында олардың тартымдылығын арттыруға көмектесуге арналған

АӨК САЛАСЫНДАҒЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙҒАН НАРЫҚ СУБЪЕКТІЛЕРІНЕ ҚҚС АСЫП КЕТКЕН СОМАНЫ ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ҚАЙТАРУ БОЙЫНША ПИЛОТТЫҚ ЖОБА (ХАРТИЯ ТҮРІ БОЙЫНША)

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚҚС ҚАЙТАРУЫ МӘСЕЛЕСІ ЕҢ ПРОБЛЕМАЛЫ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ

Мемлекеттің ҚҚС қайтаруы мәселесі ең проблемалы болып қала береді

- Әрбір нақты кезеңде бюджетке ҚҚС-тың нақты түсімдерін анықтау мүмкін емес
- Экспортталатын тауарларды сату тізбегі әрдайым ҚҚС төлеу тізбегіне сәйкес келе бермейді
- Әр түрлі «карусель схемалары» және салық төлеуден жалтарудың басқа тәсілдерінің болуы
- ҚҚС бойынша төлемдердің қозғалысын бақылау жүйесінің жетілмегендігі және бюджеттен негізсіз өтеу тәуекелдері
- Жосықсыз экспорттаушыны нақты экспорттаушыдан ажырату үшін салық органдарында әкімшілік құралдардың болмауы

ҚҚС ҚАЙТАРУДАҒЫ АСТЫҚ ЭКСПОРТТАУШЫЛАРДЫҢ БАСТЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

✓Тексеру актісіне қол қойылғаннан кейін қайтару мерзімдерін бұзу

✓Трансферттік баға белгілеу тәуекелдері

✓ Заңды тұлғалардың құрылымдық бөлімшелерінің айналым бойынша ҚҚС қайтарудан бас тартуы

✓Қызметтері негізгі жарғылық қызмет түрлері болып табылмайтын немесе астық экспорты кезінде қосалқы сипатта болатын өнім берушілер бойынша ҚҚС қайтарудан бас тарту



✓ Салықтық тексерулер барысында электрондық шот-фактураның ақпараттық жүйесінің деректерін пайдаланбау

АДАЛ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР ХАРТИЯСЫНЫҢ ТҮРІ БОЙЫНША ӘКІМШІЛЕНДІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Ресей тәжірибесі ◆ АӨК Хартиясы 2017 жылдың мамырында құрылды. ◆ Терезе мен есік фурнитурасын өндірушілер мен сатушылардың, зергерлік нарыққа адал қатысушылардың, жүк автомобиль көлігімен тасымалдаудың Хартиялары құрылды. ◆ Хартияларға қатысушы коипаниялар саны 15 мыңнан асады, оның ішінде АӨК Хартиясында 6,6 мыңнан астам компания бар.

Хартиялар қызметі:

- ☑ Ресейдің Федералды бюджетіне жыл сайынғы қосымша түсімдер 60 миллиард рубльді құрайды
- ☑ камералдық тексерулер шеңберінде ҚҚС қайтару мерзімдерін қысқарту
- ☑ кәсіпкерлер қызметінің фискалдық ашықтығы
- ☑ салық төлеушілердің өзін-өзі реттеу және тиісті тексеру қағидаттарына көшуі
- ☑ сыбайлас жемқорлықты шектеу және ҚҚС-ты өтеудің заңсыз схемаларын қолдану
- ☑ мемлекет пен қоғамның мүдделерін сақтауға нарықтық менталитеттің оң өзгеруін қамтамасыз етеді.

2019 жылдың қазан айында ҚР ҚМ және «Атамекен» ҚР ҰКП бастамасымен тәжірибе алмасу үшін Ресей ФСҚ мен АӨК хартиясы өкілдері Астана қаласына келді.

ХАРТИЯНЫҢ МИССИЯСЫ



АӨК және сабақтас салалардағы іскерлік айналымның адал ашық практикасын әзірлеу және дамыту, бәсекелестікті дамыту, нарықты тиімді өзін-өзі реттеуді қамтамасыз ету, бизнес пен мемлекеттің сындарлы диалогы

ҚҚС асып кеткен соманы қайтару салық төлеушінің таңдауына сәйкес 2 тәсілімен жүзеге асырылады:

- **банк кепілдігі болған кезде 15 жұмыс күні ішінде;**
- **камералдық бақылау жүргізілгеннен кейін**

САЛЫҚ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

Салық құпиясын ашу туралы ереже


Салық төлеуші МКД-не және Меморандумға қатысушыларға тауар жеткізушілер тізбегі бойынша ҚҚС бойынша салықтық алшақтықтардың болуы туралы on-line ақпаратын ашуға және жариялауға өз келісімін береді.

Салықтық «алшақтықтарды» жою барысында шығындарды өтеу туралы ескерту

Салық органдары тарапынан шағым түскен жағдайда кепілдіктер мен қуәландыруды бұзған контрагенттерден залалдарды немесе мүліктік шығындарды өндіріп алуға мүмкіндік беретін ерекше талаптарды жеткізу шартына енгізу.

САЛЫҚ АЛШАҚТЫҚТАРЫН ЖОЮ СХЕМАСЫ ЖӘНЕ ҚҚС ҚАЙТАРУ КӨЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қатысушы салық алшақтығын ерікті түрде жоюға келіскен жағдайда



Қатысушы салық алшақтығын жоюға ерікті түрде келіспеген жағдайда



* *Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 406-1, негіз - салық қызметінің ақпараттық хаты*

** *Шығын ретінде жіктеледі және Ресей Федерациясының Салық кодексінің 250-бабына сәйкес кіріс ретінде қарастырылмайды*

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАНЫҢ ӨЗЕКТІ ЖАҒДАЙЫ

- ✓ Қағидалар жобасын Қазақстан Республикасының Қаржы министрі мақұлдап, міндетті сараптамадан өту үшін Әділет министрлігіне жіберілді.
- ✓ 2021 жылғы 4 маусымда жасалған Ауыл шаруашылығы өнімінің айналымы саласындағы заңсыз іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл және адал бәсекелестікті дамыту мәселесі бойынша ынтымақтастық туралы келісімді іске асыруды сүйемелдеу жөніндегі жобалау кеңсесі құрылды
- ✓ Пилоттық жобаға қатысушылар меморандумының мәтіні дайындалды
- ✓ Пилоттық жобаға қатысушылар үшін «Атамекен» ҚР ҰКП арнайы ақпараттық ресурсы құрылды
- ✓ Пилоттық жобаға қатысушылар үшін салықтық құпияға қолжетімділік нысаны және «салықтық алшақтықтарды» жою бойынша пилоттық қатысушылардың коммерциялық шарттарына толықтыру әзірленді.

!

Ұқсас құжатты келесі салаларда қолдану ұсынылады:

- алкоголь өнімінің айналымы
- қара металл сынықтары
- көлік тасымалы
- құс шаруашылығы
- тамақ өнеркәсібі және басқа да экспортқа бағдарланған салалар

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ ТУРАЛЫ

2014 жылдан бастап бизнестің жүйелік проблемалары «Атамекен» ҰКП ресми интернет-ресурсында ашық қолжетімді Түйткілді мәселелер тізіліміне енгізіледі (https://atameken.kz/ru/registers).

Тізілім кәсіпкерлік субъектілері үшін неғұрлым өзекті, маңызды проблемаларды қамтитын электрондық база. Мәселені Тізілімге енгізу нәтижесінде барлық мүдделі субъектілер (қауымдастықтар, кәсіпкерлер, мемлекеттік органдар және т.б.) кез келген уақытта мәселені шешу барысымен, оны тезірек шешу үшін қабылданған қадамдармен таныса алады.

Тізілімдегі мәселелер төмендегідей топтастырылған:

- мәртебесі бойынша: шешілді, мемлекеттік органдардың қарауында, мемлекеттік органдар мақұлдады, мемлекеттік органдар қабылдамады, «Атамекен» ҰКП құрылымдық бөлімшелерінің қарауында;

- салалар бойынша: ауыл шаруашылығы, экология, сатып алулар, тариф белгілеу, салық салу, білім беру, логистика және тасымалдау, сәулет, құрылыс және т. б.;

- бастамашысы бойынша: қауымдастық, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, «Атамекен» ҰКП ОА құрылымдық бөлімшесі;

- күні бойынша: яғни түйткілді мәселенің Тізілімге енгізілген күні көрсетіледі.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ ТУРАЛЫ

2022 жылы Түйткілді мәселелер тізіліміне қызметтің 30-дан астам бағыты бойынша **297 мәселе енгізілді.**

Соңғы екі жылда «Атамекен» ҚР ҰКП съезі, «Атамекен» ҚР ҰКП басшылығының және Бизнес-омбудсменнің өңірлердегі бизнес өкілдерімен көшпелі кездесулері аясында бизнес пен қауымдастықтар көтерген мәселелердің қосылуына байланысты 2020 жылмен салыстырғанда проблемалар саны артты.

Тізілімге енгізілген мәселелер:

Күні	2022 жыл	2021 жыл	2020 жыл	2019 жыл	2018 жыл	2017 жыл	2016 жыл
Тізілімге енгізілген мәселелер саны	297	218	27	36	52	135	366
Шешімін тапқан мәселелер саны	59	49	35	68	64	68	297

Мәселелер тізілімі түйткілді мәселелерді шешу жөніндегі жұмысты үйлестіруге, ҚР барлық азаматтары үшін мәселелерді шешу жөніндегі ақпаратты қолжетімді етуге, кәсіпкерлердің барлық мәселелерінің көлемін жүйелеуге, белгілі бір үрдісті қалыптастыруға, ҚР-дағы неғұрлым проблемалы салалардың статистикалық сипаттамасын жасауға мүмкіндік беретін тетік болып табылады.

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕР ТІЗІЛІМІ ТУРАЛЫ

2022 жылғы 19 желтоқсандағы жағдай бойынша түйткілді мәселелер тізілімінде **1130 мәселе бар.**

Оның:

1. Шешілгені **– 639 (немесе 56,5%),**
2. Жұмыста – **491** (оның ішінде 358 ҰКП қарауында, 86 - мемлекеттік органдардың қарауында, 16 - мемлекеттік органдар қолдады, 31 - мемлекеттік органдар қолдаудан бас тартты).

Өңірлік тізілімге **739 түйткілді мәселе енгізілген**, оның **591 (немесе 79 %)** шешілді.

Бүгінгі таңда **неғұрлым проблемалы салаларға** жататын саларда өзгеріс жоқ:

- ауыл шаруашылығы және АӨК – **147** мәселе;
- құрылыс және жер қатынастары – **94**;
- сатып алулар – **93**;
- логистика және тасымалдау – **92**;
- білім беру – **76**;
- медициналық және фармацевтикалық қызмет – **71**;
- сауда – **51**;
- туризм – **49**;
- кеден ісі – **40**;
- өңдеу өнеркәсібі – **35**

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АӨК

Табыс тарихы

Бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын алдын алу, диагностикалау және жою, жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесіне енгізу, сондай-ақ Асколи бойынша преципитация реакциясы арқылы Сібір жарасына тері және аң терісі шикізатына зерттеулер жүргізу туралы АШМ бұйрығына өзгерістер енгізілді.

(шешілді: 09.12.2021 ж.)

Құс шаруашылығы саласын тиісті субсидиялаудың болмауы туралы мәселе бірнеше рет көтерілді. Қазіргі уақытта тағамдық жұмыртқаны субсидиялау ережелері әзірленді.

(**шешілді: наурыз 2022 ж.)**

ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ

Табыс тарихы

Кейбір өңірлерде жалға берілетін учаскелер құны тым жоғары.

Осы мәселені шешу үшін жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату бойынша сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу қағидаларына түзетулер енгізу мәселесі пысықталды, оған сәйкес ЖАО жер учаскелерін жалдау құқығын Үкіметтің қаулысымен бекітілген нормативтер бойынша белгілейтін болады, бұл ретте жалдау құны жалдау мерзіміне байланысты болады (мерзім неғұрлым көп болса, құны кадастрлық құнға жақын болады)

(шешілді: 15.10.2021 ж.)

Құрылыс материалдары құнының қымбаттауына байланысты құрылыс жобаларын түзету рәсімін жүргізу қажеттігі мәселесі

2021 жылғы 10 маусымда бюджет қаражатынан қаржыландырылатын құрылыс жобаларына түзету жүргізу бойынша ұсыныстар мақұлданды.

Бұдан басқа, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Р.В.Склярдың төрағалығымен ҮКП бастамасы бойынша өткізілген кеңестердің нәтижелері бойынша **құрылыс жобаларын жеделдетіп түзету алгоритмі әзірленді**. Осы алгоритмге сәйкес бюджет қаражатынан қаржыландырылатын 642 жобаны түзету рәсімі басталды.

2021 жылғы 24 қыркүйекте құрылыс ресурстарының құны 10%-дан астам қымбаттаған жағдайда құрылыс жобаларына түзету жүргізу құқығын көздейтін бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен объектілер салуға арналған жобаларды бекіту қағидаларына түзетулер енгізілді.

(шешілді: 24.09.2021 ж.)

1 гектарға, 1 басқа арналған шығындар нормативі қаралды. Бұл мәселе ҚР Премьер-Министрі А.А.Смайыловтың қатысуымен өткен Жедел штаб отырысында қаралды. Көктемгі егіс жұмыстарына қосымша бөлінген 70 млрд теңге бойынша 1 гектарға есептеулер ғылыми негізделген бағаларға сәйкес жүргізілетін болады.

(2022 жыл)

САТЫП АЛУ

Табыс тарихы

1. Пандемия кезеңінде мемлекеттік сатып алуда СТ-КЗ бар отандық тауар өндірушілерден сатып алу басымдығын көздейтін Арнайы тәртіп қолданылды.

(қолданылу мерзімі 2020 жылғы наурыз-желтоқсан)

2. «Қарапайым заттар экономикасы» (жеңіл, жиһаз, құрылыс, химия, тамақ, фармацевтика, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі, машина жасау) салаларының тауарларын сатып алу бойынша ЖАО-ның мемлекеттік сатып алуда жергілікті қамту бойынша нысаналы индикаторлар белгіленді.

(2021 және 2022 жылдары шешілді)

3. Мемлекеттік сатып алуда төленген салықтардың көрсеткіштері 4%-дан 3%-ға дейін, сондай-ақ мұнай өнімдерін сатушылар үшін 1%-ға дейін төмендетілді.

(2021 жылдың мамырында шешілді)

4. Индустриялық сертификатты қолдана отырып, жеңіл, жиһаз өнеркәсібі, машина жасау, есептеу блоктары мен тастар тауарларын ұлттық режимнен алып тастауды көздейтін Үкіметтің Қаулысы қабылданды.

(2022 жылдың ақпанында шешілді)

БІЛІМ БЕРУ

Табыс тарихы

«Педагог мәртебесі туралы» Заңға сәйкес педагог қызметкерлер үшін бірқатар қаржылық ынталандырулар (жалақыға үстемеақылар, еңбек демалысының ұзақтығын ұлғайту және т.б.) көзделген. Сонымен қатар, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес мұндай ынталандырулар тек мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері үшін ғана көзделген. 2020 жылғы 20 қазанда Әдістемеге мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін жеке орта білім беру ұйымдарының (мектептің) педагог қызметкерлері үшін тиісті түзетулер мен ынталандырулар енгізілді.

(20.10.2020 ж. шешілді)

Жалпы білім беретін мектептерді салу кезінде бизнесті қолдау жөніндегі бағдарлама әзірленді (бір оқушыға 96 АЕК мемлекеттік білім беру тапсырысы нысанында 8 жыл ішінде шығындарды өтеу).

(2022 жылы шешілді)

ЛОГИСТИКА ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

Табыс тарихы

2021 жылғы 2 қаңтарда «Экономикалық өсімді қалпына келтіру мәселелері бойынша ҚР кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды, оның шеңберінде уәкілетті мемлекеттік органға қажетті деректерді беру үшін автобустарды спутниктік навигация аппаратурасымен жабдықтау бойынша тұрақты емес автобус тасымалдаушыларының міндеттемесі көзделген.
Бұл шара бақылау іс-шаралары барысында заңсыз тасымалдаушыларды анықтауға мүмкіндік береді.
(шешілді: 02.01.2021 ж.)

Ел үшін стратегиялық маңызы бар нақты объектілерді айқындау бөлігінде стратегиялық объектілерге ауыртпалық салу және иеліктен шығару тәртібі реттелді. (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 10 қарашадағы № 805 қаулысымен өзгерістер енгізілді)
(шешілді: 10.11.2021)

Тасымалдау бағасын көтеру мәселесі де оң шешілген мәселелердің құрамына кіреді деп айтуға болады. Енді кірме жолдардың қызметтеріне тарифтік реттеу бәсекелестік кірме жол болмаған кезде «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңында көзделгендіктен, тарифтердің кез келген өзгерістері ҚР ҰЭМ ТМРК аумақтық бөлімшелерімен келісіледі.
(шешілді: сәуір 2022)

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Табыс тарихы

2020 жылғы 16 қазанда «Міндетті медициналық қарап-тексеруге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ оларды жүргізу қағидалары мен кезеңділігін, зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді, зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың, кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін бекіту туралы» ҚР ДСМ бұйрығына өзгерістер енгізілді, оларды орындау кезінде жұмысқа орналасқан кезде алдын ала міндетті медициналық қарап-тексерулер және мерзімді міндетті медициналық қарап-тексерулер және **тамақ өнеркәсібі қызметкерлеріне жылына 1 рет** «Алдын ала міндетті медициналық қарап-тексеруден өту» және **талдау жүргізуді белгілейтін мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары жүргізіледі. Олар бұрын 6 айда бір рет зертханалық зерттеулерден өтетін еді**.
(шешілді: 16.10.2020)

КЕДЕН ІСІ

Табыс тарихы

Жаңа несиелік-ақша саясатына - инфляциялық таргеттеуге көшуге байланысты ЕУРО кеден органдары алатын кедендік алымдардың белгіленген мөлшерлемелері (декларацияның негізгі парағы үшін 60 ЕВРО және тауарларға арналған декларацияның әрбір қосымша парағы үшін 25 ЕВРО) кәсіпкерлердің шығындарының айтарлықтай өсуіне әкелді

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 13 ақпандағы № 56 қаулысымен «Кеден органдары алатын кедендік алымдар мөлшерлемелерін бекіту туралы» 2011 жылғы 21 қаңтардағы №24 ҚРҮБ-на өзгерістер енгізілді, онда кедендік алымдар мөлшерлемелері ұлттық валютаға ауыстырылды.

21.01.2017 ж. шешілді

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 695 бұйрығына сәйкес өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімдер тізбесінің Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес келмеуі
Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 22.12.2016 жылғы №555 бұйрығымен өзгерістер енгізілді

21.12.2016 ж. шешілді

Мемлекеттік кірістер органдарының арнайы инвестициялық келісімшарттар шеңберінде ҚР-ға импортталатын тауарлар бойынша кедендік бажды және салықтарды заңсыз қосымша есептеуі

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Салалар
	Мемлекеттік және жеке денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдауға қатысты	ДСМ	Медициналық және фармацевтикалық сала
	Жаңа дәрілік заттардың нарыққа ұзақ уақыт шығуына қатысты (шамамен 5 жыл)	ДСМ	Медициналық және фармацевтикалық сала
	Жеке білім беру ұйымдарына медициналық мамандықтар бойынша қосымша білім беруге рұқсат беру	ДСМ	Медициналық және фармацевтикалық сала
	Медицина қызметкерлерін жеке лицензиялауды енгізуге қатысты	ДСМ	Медициналық және фармацевтикалық сала
	Қызметкерлердің орташа жылдық санына байланысты жеке медициналық ұйымдарды ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызуға байланысты проблемалық мәселелерге қатысты	ҰЭМ	Медициналық және фармацевтикалық сала
	Жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алулары	ИИДМ, ЭМ	
	Жобалау-сметалық құжаттамада көзделген отандық өндірістің материалдарын/жабдықтарын ауыстыру кезінде Тапсырыс беруші мен мердігер ұйым деңгейінде жауапкершіліктің болмауы.	ҚР ҚМ	Сатып алулар
	Реттелетін сатып алу арқылы отандық кәсіпорындарға жүктеменің болмауы	ҚР ҚМ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	
	Бөлшек бағалардың шекті мәндерін және ӘМАТ-қа шекті рұқсат етілген бөлшек бағалардың мөлшерін белгілеу түріндегі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын (ӘМАТ) реттеудің тиімсіз тетігіне қатысты	СИМ	
	Өнімдерді таңбалау бойынша реттеуді қайта қарауға қатысты	СИМ	
	Туристік сала субъектілері үшін алкогольге лицензияны уақытша тоқтата тұру мүмкіндігін қарастыру мәселесіне қатысты	СИМ, МСМ	
	Сарыағаш ауданының санаторийлеріне жақын Өзбекстан аумағында қоқыс полигонының болуына қатысты	ЭГТРМ, СІМ	
	ТІЖ ресімдеуге қатысты	ҚМ	Салық салу
	ҚҚС бойынша шекті шектерге және үш компонентті интеграцияланған жүйені пайдаланбайтын кәсіпкерлердің табысына қатысты	ҰЭМ, ҚМ	Салық салу

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Сала
	Қазақстанда сәндік-қолданбалы өнердің мамандандырылған мұражайы жоқ	ҚР МСМ	туризм
	Түркістандағы қымбат қолөнершілер орталығы бос тұр	ҚР МСМ, Түркістан облысының әкімдігі	туризм
	Алматының дамуына үлес қосу	ҚР МСМ, Алматы қаласының әкімдігі	туризм
	Отандық өндірушілерді-қолөнершілерді қолдау	ҚР ҰЭМ, ҚР МСМ	туризм
	Өңірлерде қолөнер орталықтарын ашу мәселесі шешілмей тұр	ҚР ҰЭМ, ҚР МСМ	туризм
	Қазақстан мен Қытай арасындағы автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау проблемаларына қатысты мәселені қарау туралы	ҚІ, ИИДМ, СІМ, ҚТЖ	
	Қазақстан мен Қытай арасындағы темір жол көлігімен жүктерді тасымалдау проблемаларына қатысты мәселені қарау туралы	ҚМ, ИИДМ, СІМ, ҚТЖ	
	Туризмде мемлекеттік қолдау шаралары бойынша өтінімдерді қабылдау мерзімдерін қайта қарауға қатысты мәселені қарау туралы	ҚР МСМ	туризм
	Орман қоры жерлерін жеке меншікке беруге қатысты мәселені қарау туралы.	ҚР АШМ, ҚР ЭГТРМ	құрылыс, жер қатынастары
	Туризмдегі маусымдық кадрлар мәселесіне қатысты мәселені қарау туралы.	ЕХӘҚМ, БҒМ, СІМ, МСМ	туризм
	«Жаңды сабақтар» жобасына ұсыныстарды қарау туралы	МСМ	туризм
	Ішкі туризм туроператорларын ҚҚС-тан босату бөлігінде қолдауға қатысты мәселені қарау туралы	ҰЭМ, МСМ	туризм
	Туристік объектілерді салу үшін жер учаскелерін бөлу процесін жеңілдетуге қатысты мәселені қарау туралы	МСМ, ҰЭМ, АШМ	туризм
	Ветеринарияның проблемалық мәселелерін қарау туралы (эпизоотиялық жағдай)	АШМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Несие беруге қатысты мәселені қарау туралы (1. Мемлекеттік қаражатты өңірлік қаржы институттары арқылы беру (осы институттарды реформалау қажет) 2. Шешім қабылдау процесін беру, өңдеу, мониторингілеу процесін цифрландыру	АШМ, ҰЭМ Бәйтерек ҰБХ АҚ, ҚНРДА	АӨК, ауыл шаруашылығы

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Сферы
	Несиелеуді оңайлатуға қатысты мәселені қарау туралы (Несие алу кезінде көптеген құжаттар қажет, құжаттар тізімін қысқарту қажет. Ауылдардағы кепіл мүлкін бағалау төмендетілді)	АШМ, ҰЭМ Байтерек ҰБХ АҚ ҚНРДА	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Жайылымдарды суландыру инфрақұрылымын құруға қатысты мәселені қарау туралы	АШМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Қайталама карантиндік тексеріп қарау бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қағидаларды (стандартты) әзірлеуге қатысты мәселені қарау туралы	АШМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Ұзақ мерзімді орман пайдалану мәселелері бойынша НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қатысты мәселені қарау туралы	ЭГТРМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Жанама орман пайдалануды дамытуға қатысты мәселені қарау туралы	ЭГТРМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Статистикалық деректерді АЖС деректерімен интеграциялауға қатысты мәселені қарау туралы	АШМ	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Орман кластерлерінің болмауына қатысты мәселені қарау туралы	АШМ, СЖРА	АӨК, ауыл шаруашылығы
	Жер қойнауын пайдаланушылар мен ірі компаниялардың қызметін реттеуге қатысты мәселені қарау туралы	ИИДМ, ЭМ	мұнай-газ саласы
	Газға шекті бағаларды реттеуге қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ	мұнай-газ саласы
	Шекті бағаларды белгілеуге байланысты жанар-жағармай материалдарын бөлшек саудада сатуға қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ	мұнай-газ саласы
	Табиғи газды артық жұмсаған жағдайда энергия өндіруші ұйымдарға айыппұл санкцияларын қолдануға қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ	мұнай-газ саласы
	Қалада қосымша газ құю станциясын салуға қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ, ІІМ, ЖАО	мұнай-газ саласы
	Шағын және микро кәсіпкерлік субъектілері үшін реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерге тарифтерді айқындау және бекіту мәселесін қарау туралы	ЭМ, БҚДА, ҰЭМ	электрмен жабдықтау тарифтері
	"ҚазТрансГазАймақ" АҚ тарифтерін қайта қарауға қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ, БҚДА, ҰЭМ, «ҚазТранс ГазАймақ» АҚ	газбен жабдықтау тарифтері
	Қағидалар шеңберінде ауыл шаруашылығы жерлерін беру кезінде конкурстық ұсыныстарды бағалау жүйесін қайта қарауға қатысты мәселені қарау туралы	АШМ	жер қатынастары

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР


№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Салалар
	Мемлекеттік ұйымдардың жеке IT сектормен бәсекелестігіне қатысты мәселені қарау туралы	БҚДА, ҰЭМ, ЦДИАӨМ	Кәсіпкерлік, сонымен қатар IT
	Колледждердің білім беру бағдарламаларына қатысты мәселені қарау туралы	БМ, АҚДМ	Білім беру
	Білім беру объектілеріне тең жағдайлар жасауға қатысты мәселені қарау туралы	БМ, ҚМ, БҚДА, АҚДМ	Білім беру
	Колледждерді сенімгерлік басқаруға беруге қатысты мәселені қарау туралы	БМ, АҚДМ	Білім беру
	Босатылған қызметкерлерді жұмысқа орналастыруға қатысты мәселені қарау туралы	ЭМ, ЕХӘҚМ	Жұмыспен қамту
	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ тендерлік сатып алуларға жәрдемдесу қажеттілігі мәселесін қарау туралы	АО «ФНБ «Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ	Сатып алулар
	Сатып алу бөлігінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ жұмысының ашықтығының болмауы мәселесін қарау және импортты алмастыру мәселелерін шешу, Қордың сатып алуларын жетілдіру туралы	«Самрук-Казына» ҰӘҚ» АҚ	Сатып алулар
	Жұмысқа орналастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыруға қатысты мәселені қарау туралы	ЕХӘҚМ	Жұмыспен қамту
	Шетелдік жұмыс күшін тартуға қатысты мәселені қарау туралы	ЕХӘҚМ, ІІМ	Жұмыспен қамту
	Кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілетін объектілердің нарықтық құнын индекстеуге қатысты мәселені қарау туралы	ҚМ ММЖҚ, ҰЭМ	Мемлекеттік мүлік
	Түбіртекке төлем ставкаларына қатысты мәселені қарау туралы	ЭГТРМ (ОШЖДК), ҰЭМ	Табиғи ресурстар
	Қазақстанда Ресей және Беларусь компанияларының филиалдарының ашылуына байланысты отандық автокөлік компанияларының мүдделерін қорғауға қатысты мәселені қарау туралы	ИИДМ, ҰЭМ, ЕХӘҚМ, ҚМ	Көлік
	Автомобиль көлігімен жолаушыларды әлеуметтік маңызы бар тасымалдауды жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді ҚҚС төлеуден босатуға қатысты мәселені қарау туралы	ҰЭМ, ИИДМ	Салық салу
	Халықаралық тасымалдар саласындағы көлеңкелі нарықты дамытуға қатысты мәселені қарау туралы	ИИДМ, ҚМ, ҰЭМ, ӘМ	Көлік
	Жүктердің ішкі авиатасымалдарында мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау мен қадағалауды алып тастауға қатысты мәселені қарау туралы	АШМ, ИИДМ	Көлік

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Салалар
	Халықаралық тасымалдарға арналған көлік құралдарын тіркеу кезіндегі кедергіге қатысты мәселені қарау туралы	ЭГТРМ, «Жасыл Даму» АҚ	Көлік
	Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімінде тіркеу кезінде жүктерді тасымалдауға арналған әуе кемелерін пайдалану мерзімін ұлғайтуға қатысты мәселені қарау туралы	ИИБМ, ҰҚК, ІІМ, «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі және халықаралық стандарттар»	Көлік
	ҚР рұқсат беру жүйесін бұзатын шетелдік тасымалдаушыларға көліктік бақылауды күшейтуге қатысты мәселені қарау туралы.	ҚМ, ИИДМ, ӘМ	Көлік
	Көлік құралдарын қайта тіркеуге рұқсат беруге байланысты жүк автомобиль тасымалдары нарығының жоғалу қаупіне қатысты мәселені қарау туралы	ИИДМ	Көлік
	Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектерін міндетті түрде пысықтау туралы	Білім министрлігі	Білім беру
	Мектепке дейінгі білім беруді жан басына қаржыландыру әдістемесі туралы	Білім министрлігі	Білім беру
	Жұмыс берушілерді мәжбүрлеу проблемасы туралы ұжымдық шарттарда экологиялық күәлікті талап етпей экологиялық үстемеақыларды (1,5 АЕК және 10 күндік экологиялық демалысты төлеу) төлеу жөніндегі міндеттемелерді көздеу	ЕХӘҚМ	Жұмыспен қамту
	«ҚТЖ-Жүк тасымалы»–нің экспедиторлық компаниялармен шарттар жасасуы туралы	ИИДМ, БҚДА, ҰЭМ, Бас көлік прокуратурасы, «ҚТЖ» ҰК» АҚ	Көлік
	Облыстық прокуратуралардың нұсқамасы негізінде инвестициялық субсидияларды қайтару мәселелерін қарау үшін құрылған келісу комиссиясы жұмысының қорытындылары туралы	АШМ, БП, ИИДМ, ҰЭМ	Ауыл шаруашылығы
	Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тікұшақ қызметтерін көрсетуге бәсекелестікті дамыту туралы (2022 жылғы 1 шілдедегі СОП хаттамасына қосымшадан)	ИИДМ, БҚДА, ТЖМ, ІІМ	Көлік
	ҚР рұқсат беру жүйесін бұзатын шетелдік тасымалдаушыларға көліктік бақылауды күшейту туралы (2022 жылғы 1 шілдедегі СОП хаттамасына қосымшадан)	ҚМ, ИИДМ	Көлік
	Қалалық қоғамдық көлік жүргізушілерінің тапшылығы туралы (2022 жылғы 1 шілдедегі СОП хаттамасына қосымшадан)	ІІМ, ИИДМ	Көлік

НЕҒҰРЛЫМ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

№	Мәселе	Мемлекеттік органдар	Салалар
	Коммуналдық автобус парктерінің артықшылықты жағдайы туралы (2022 жылғы 1 шілдедегі СОП хаттамасына қосымшадан)	ИИДМ, ЖАО (Алматы қаласы және Қостанай облысы), БҚДА	Көлік
	Алматы қаласының Көлік холдингі» ЖШС Электрондық билеттеу операторының жоғары тарифтері туралы (2022 жылғы 1 шілдедегі СОП хаттамасына қосымшадан)	ИИДМ, БҚДА, Алматы қаласының әкімдігі «Транспортный Холдинг г. Алматы» ЖШС	Көлік
	Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі СОП бірінші отырысында көтерілген көлік саласындағы бизнестің проблемалық мәселелері туралы	ИИДМ, «Атамекен» ҰКП	Көлік
	Білім беру ұйымдарының салықтық шегерімдеріне қатысты	ҚР ҚМ МКД, БМ, ҒЖБМ, ҮЭМ, «Атамекен» ҰКП	Білім беру
	Электрондық үкімет порталы арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ жобаланатын жер учаскесінің координаттарын келісуге өтінімдер беру мүмкіндігінің болмауы туралы	АШМ, ЦДИАӨМ, «Атамекен» ҰКП	Мемлекеттік қызмет (жер қатынастары)
	Құрылыс саласындағы аванстық (алдын ала) төлемнің мөлшерін ұлғайту туралы	ҚМ, ИИДМ, «Атамекен» ҰКП	Құрылыс
	Құрылыстағы мемлекеттік сатып алудың проблемалық мәселелері туралы	ҚМ, ИИДМ, «Атамекен» ҰКП	Құрылыс
	АӨК өнімдерінің шығарылған түрлерін өңделген тауарлар тізбесіне қайтару бөлігінде отандық тауарларды сыртқы нарықтарға жылжыту жөніндегі шығындардың бір бөлігін өтеу өзгерістер енгізу туралы (2022 жылғы 24 тамыздағы SOP хаттамасына қосымшадан)	АШМ, СИМ, ИИДМ, «Атамекен» ҰКП	Ауыл шаруышылығы
	2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін кондитерлік салаға ҚҚС бойынша жеңілдіктер бойынша Салық кодексінің 411-бабын қолдану туралы (2022 жылғы 24 тамыздағы СОП хаттамасына қосымшадан)	АШМ, ҮЭМ, «Атамекен» ҰКП	Ауыл шаруышылығы


ҚАЗАҚСТАН
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ